



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

Қоғам және Дәуір



2/2009

ҒЫЛЫМИ - САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

СЫРТҚЫ САЯСАТ
ЖӘНЕ
ҚАУІПСІЗДІК

ІШКІ САЯСАТ

ЭКОНОМИКА

ҚОҒАМ
ТАРИХ
МӘДЕНИЕТ

Астана



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАҢЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

«Қоғам және Дәуір» ғылыми-сараптамалық журналы
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің
диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін
жариялайтын ғылыми басылымдар тізіміне төмендегі
мамандықтар бойынша енгізілген:

07.00.00 – ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫ
08.00.00 – ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫ
09.00.00 – ФИЛОСОФИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ
23.00.00 – САЯСИ ҒЫЛЫМДАРЫ



Қоғам және Дәуір
ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАҢЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

2004 жылдан бастап
әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор
Болат СҰЛТАНОВ,
ҚР Президентінің жанындағы
ҚСЗИ директоры

Жауапты редактор
Нұрлан СЕЙДІН

Шығаруға жауапты:
А.Арзықұлов

Дизайн және беттеу
Г.Хаткулиева, А.Садуақасов

Редакция мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 87-б
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ

Телефон (727) 264-34-04
Факс (727) 264-49-95
E-mail: office@kisi.kz,
www.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде 2003 ж.
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы
№ 4526-Ж куәлік берілген.

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды
көшіріп басқан, микрофильмдеген
жағдайда журналға сілтеме жасалынуы
міндетті. Жарияланған мақала
авторларының пікірі редакция
қарамастан білдірмеуі мүмкін.

ЖК «Волкова Е.В.» баспаханасында
басылып шығарылды.
050010, Алматы қаласы,
Райымбек даң., 212/1.

Таралымы 500 дана.

Қоғам және Дәуір

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ ЖОЛДАУЫ ЖОЛДАРЫНАН

Алмас Арзықұлов
Елбасы Жолдауындағы агроөнеркәсіптік
кешенді дамыту мәселесі..... 4

СЫРТҚЫ САЯСАТ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

Айгүл Тұяқбаева
Орталық Азия – Германияның сыртқы
саясатында..... 8

Айгүл Мұхаметрахимова, Бағдаулет Ақын
Орталық Азия өңірінде Жапонияның саяси
басымдықтарының қалыптасуы..... 15

ІШКІ САЯСАТ

Антон Морозов
Медиа кеңістіктегі жаһандану үрдісіне Қазақ-
стан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін
қамтамасыз ету тұрғысынан көзқарас..... 22

Сапар Ахметов, Мәлік Мұрзалин
Қазақстан Республикасының мемлекеттік
басқару жүйесі: реформалау ерекшеліктері
және қазіргі жағдайы..... 26


Балташ Қаріпов
Саяси өзгерістердің табиғаты туралы
мәселеге қатысты 33

Орынбасар Тазабеков
«Нұр Отан» партиясының өлеуметтік
саладағы қызметі 41

Гүлжан Қамырова
Билікті орталықсыздандыру: мәні және
мақсаттары 46

ЭКОНОМИКА

Үлес Нысанбек
Қаржы-несиелік саясатты дамытудың
шетелдік тәжірибесі 51



Айнагүл Изекенова Екі жақты экономикалық қарым-қатынас- тардың контекстіндегі инвестициялық ынтымақтастық	61
---	----

ҚОҒАМ, ТАРИХ, МӘДЕНИЕТ

Балташ Қаріпов, Айболат Көшкімбаев XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Ресейлік идеологиялық пікірталастағы саяси өзгерістердің түрлері	71
--	----

Ләззат Тастемірова Ислам дінінің түркі-моңғол дәуірінде Қазақстан аумағында таралу мәселесі	78
--	----

Ақжүніс Мұсырман Капитализмге соқпай социализмге өту теориясы және оның Қазақстанда жүзеге асырылуы	81
---	----

Нұрсұлу Дүйсенова «Қыз Жібек» дастанының тарихынан	87
--	----

Жарылқасын Жаппасов XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастары мәселелеріне жаңаша тарихнамалық көзқарас	91
--	----

Маржан Дауытбекова «Батыр» сөзінің этимологиясы және этнонимі туралы	97
---	----

Фариха Ержанова Қазақ халқының ұлттық киімінің ерекшеліктері	101
---	-----

Мугазима Досымова Қазақстандағы этнотілдік үрдістердің тарихи зерттелуі	107
--	-----

Әліби Әріпов Окинава диалектісінің шығу тарихы	113
--	-----

Түйіндеме	116
------------------------	-----

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Болат СҰЛТАНОВ	— редакциялық кеңестің төрағасы, ҚР Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының (ҚСЗИ) директоры, тарих ғылымдарының докторы
Нұрлан СЕЙДІН	— жауапты редактор, ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың акпараттандыру және редакциялық-баспа қызметі бөлімінің меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты
Нұржамал АЛДАБЕК	— әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінің деканы, тарих ғылымдарының докторы, профессор
Рахман АЛШАНОВ	— «Тұран» білім корпорациясының президенті, ҚР жоғарғы оқу орындары қауымдастығының президенті, экономика ғылымдарының докторы, профессор
Мәулен ӘШІМБАЕВ	— ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары, саяси ғылымдарының кандидаты
Камал БУРХАНОВ	— ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, саяси ғылымдарының докторы, профессор
Қуанышбек ҚАРАЖАН	— әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор
Ләйла МҰЗАПАРОВА	— ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ директорының бірінші орынбасары, экономика ғылымдарының кандидаты
Әбдімәлік НЫСАНБАЕВ	— ҚР БҒМ философия және саясаттану институтының директоры, ҚР ҰҒА академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор
Марат ТӘЖИН	— ҚР сыртқы істер министрі, социология ғылымдарының докторы, профессор
Айгүл ТҮЛЕМБАЕВА	— әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың маркетинг кафедрасының меңгерушісі, экономика ғылымдарының докторы, профессор

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

Булат СУЛТАНОВ	— председатель редакционного совета, директор Казахстанского института стратегических исследований (КИСИ) при Президенте РК, доктор исторических наук
Нурлан СЕЙДИН	— ответственный редактор, заведующий отделом информационного обеспечения и редакционно-издательской деятельности КИСИ при Президенте РК, кандидат исторических наук
Нуржамал АЛДАБЕК	— декан факультета востоковедения КазНУ им. аль-Фараби, доктор исторических наук, профессор
Рахман АЛШАНОВ	— президент образовательной корпорации «Туран», президент Ассоциации высших учебных заведений РК, доктор экономических наук, профессор
Маулен АШИМБАЕВ	— заместитель Руководителя Администрации Президента РК, кандидат политических наук
Камал БУРХАНОВ	— депутат Мажилиса Парламента РК, доктор политических наук, профессор
Қуанышбек ҚАРАЖАН	— заведующий кафедрой новой и новейшей истории Казахстана КазНУ им. аль-Фараби, доктор исторических наук, профессор
Лейла МУЗАПАРОВА	— первый заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат экономических наук
Абдумалик НЫСАНБАЕВ	— директор Института философии и политологии МОН РК, академик НАН РК, доктор философских наук, профессор
Марат ТАЖИН	— министр иностранных дел РК, доктор социологических наук, профессор
Айгүл ТҮЛЕМБАЕВА	— заведующая кафедрой маркетинга КазНУ им. аль-Фараби, доктор экономических наук, профессор

Елбасы Жолдауындағы агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мәселесі

Алмас АРЗЫҚҰЛОВ,
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың ғылыми қызметкері

Елбасы Н. Назарбаевтың биылғы жылғы Қазақстан халқына Жолдауы әлемді, оның ішінде Қазақстанды да шарпыған қаржы-экономикалық дағдарыс жағдайындағы мемлекеттің қауіпсіздігі мен ішкі тұрақтылығы және халықтың әл-ауқатын қалыпты деңгейде ұстау қажеттілігімен қатар, осы дағдарыстың салдарларын жеңу жолдарына да арналды. Неге десеңіз, Қазақстан басшысы көпшіліктің көкейіндегі түйткілді мәселелерді әрдайым дөп басып біліп, көріп қана қоймай, оларды шешудің айқын да, ақылға қонымды амалдарын алға тартып отыратын көшбасшы екені белгілі.

Енді, міне, Мемлекет басшысының биылғы Жолдауы кезекті дағдарыстан дағдарып қалмай, оны еңсере отырып, алға жылжудың, жаңа белестерді бағындырудың бағыттарын айқындап берді. Сондай үлкен белестердің бірі, әрі бірегейі – мемлекеттің ауылшаруашылық секторын дамыту арқылы халықты қол жетімді, сапалы азық-түлікпен қамтамасыз ету болып отыр. Осы кезге дейін Қазақстанның ауылшаруашылық саласын дамытуға қатысты бірнеше жоба жүзеге асырылғаны белгілі. Кеңес дәуірі кезіндегі ұжымдық шаруашылықтардың таратылуынан соң 1995–2000 жылдары аралығында тұралап қалған ауыл шаруашылығын көтеруге қатысты «Ауыл жылы», «Таза ауыз су» және шағын және орта кәсіппен айналысатын шаруашылықтарға арналған несиелер ауылдағы мал саны мен егістік көлемінің ұлғайып, ауылды жерге «жан» кіре бастауына ықпал еткен болатын. Көптеген шаруашылықтар мал өсіру мен егін шаруашылығының шетелдік үздік үлгілерін де пайдалануды қолға алған болатын. Соған карамастан, Қазақстан көптеген ауыл шаруашылық өнімдерін сырттан тасуға мәжбүр болып отыр. Осы мәселені көңілге түйген Елбасы ауыл шаруашылығын дамытуға қатысты өзінің Жолдауында: «Агроөнеркәсіптік кешен туралы айрықша айтқым келеді, оның дамуы арқасында біз бір мезгілде еліміз үшін аса маңызды екі міндетті – азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және экспортты әртараптандыруды шешеміз» деп атап өтті [1].

Жалпы, кез-келген мемлекеттің дамуы өзінің тұрғын халқын азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесімен тікелей байланысты. Ежелгі заманнан-ақ азық қорлары алғашқы кезеңде тайпаралық, ал кейіннен мемлекетаралық соғыстардың объектісіне айналып, ғасырлар бойы тұрғын халықтың салық төлем негізі болып келді. Алғашқы өркениеттердің де азық-түлік қорларын еркін жинауға мүмкіндік беретін аймақтарда қалыптасуы да кездейсоқтық емес. Ал егін шықпай, құрғақшылық болған жылдар мемлекеттер үшін айтарлықтай сын кезең ретінде тарихта естелік ретінде сақталған. Дамыған XX ғасыр мен бүгінгі күн аштық елесінің біздің

өмірден қоныс аудармағанын танытты. Бүгінгі күнгі технологияның дамуы да бұған кепіл бола алмады. Бүгінде «аграрлы ел» түсінігі мемлекеттің артта қалғандығын білдіріп, оның дамығандығы мен мемлекеттік қуаты мүлдем басқа көрсеткіштермен есептелінеді.

Ал шын мәнінде аграрлық сектор мен азық-түлік өндіру саласындағы жағдай мемлекеттің үрдісті дамуын қамтамасыз етумен қатар, оның қауіпсіздігінің де кепілі болып табылады. Қазіргі кездегі нарықтық экономиканың дамуы қатер ретінде егіннің шықпауымен қатар, баға факторының да маңызды екендігін танытты. Мысалы, өткен жылы азық-түлікке бағаның бірден 40% көтерілуі әлемнің ондаған елдеріне, оның ішінде әсіресе халқы кедейшілікте өмір сүретін дамушы елдерге қатты әсер етті.

Бұл дамушы мемлекеттер өздерінде өндірілетін тауарлардың аздығына байланысты тұтынушылық тауарларды сырттан тасуға мүдделі. Мысалы, бұндай мемлекеттер қатарына азық-түліктің 50% сырттан таситын Тәжікстан секілді елді алуға болады. БҰҰ аштыққа бой ұрындыруы мүмкін мемлекеттер қатарына ТМД елдері ішінде Тәжікстан мен Молдова кірген. Ал 2008 жылы азық-түлік жетіспеуі мен оған деген бағаның шарықтауына байланысты Камерун, Египет, Сенегал, Эфиопия, Индонезия, Мадагаскар, Кот д'Ивуар, Боливия секілді мемлекеттерде толқулар болып өткен.

БҰҰ-ның бас хатшысы Пан Ги Мун 2008 жылы Ганада өткен сауда жөніндегі халықаралық конференцияда азық-түлік дағдарысы мәселесінің салмақтылығы соншалық, ол орын алған жағдайда адамзат өркениеті ондаған жылдарға кері кететіндігін мәлімдеді. Ол «Егер әлемдік қауымдастық қазіргі азық-түлік дағдарысын құрықтамаса экономикалық өсім, әлеуметтік ілгерілік пен саяси қауіпсіздікке қатер төнеді» – деп атап өтті.

Азық-түлік жетіспеушілігінің себептері әр мемлекет үшін әр түрлі болып келеді. Біріншілерінде, экологиялық жағдай негізгі орында болса, келесілерінде антропологиялық фактор алғашқы орында. Ал кейбір мемлекеттер баю мен өмір сүрудің оңай жолдарын (сырттан сатып алу, шикізат күйінде шығару т.б) таңдап алғандықтан, өздеріндегі азық-түлік дағдарысын біршама кейінгі шегіндірген. Бірақ, бұл бағыт әлемдік азық-түлік дағдарысы жағдайында оңтайлы шешім еместігін танытып, халықтың аштыққа ұрынуына алып келуі мүмкін.

Әлемдегі азық-түлік дағдарысы мен оның алдын алу шараларына қатысты әлемнің көптеген мемлекеттері жоғарғы үкіметтік деңгейде шаралар қолданып, жобалар енгізуде. Осыған байланысты ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің 2009 жылғы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты Жолдауында: «...Сондықтан да біз тауарлы-сүт фермаларын, құс фабрикаларын, мал бордақылау алаңдарын ұйымдастыру мен дамыту, тамшылап суаруды қолдану арқылы жеміс-көкөніс дақылдары өндірісін ұйымдастыру, ауылшаруашылық техникаларын жинау жөніндегі өндірістерді құру, ет өңдеу өндірісін дамыту, биязы жүнді қайта өңдеу, қазақстандық астық экспортының инфрақұрылымы және оны терең қайта өңдеу секілді экспортқа бағдарланған өндірістерді дамыту жөніндегі инвестициялық жобаларды қаржыландыруды жалғастыруға шешім қабылдадық» – деп мәлімдеді [1]. Яғни, ҚР Президенті өзінің көрегендігі мен саяси тәжірибесінің арқасында қазақстандықтардың әлеметтік жағдайы мен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жолдарын анық көрсетіп отыр. Президент Жолдауындағы агроөнеркәсіптік кешендік дамыту мәселесі 20 мамыр күні Ақордада өткен ҚР Қауіпсіздік кеңесінің

кезекті отырысында талқыланды. «Қазақстанның өзін-өзі қамтамасыз етіп отырған азық-түлік тағамдарының позициясы бойынша кедендік-тарифтік саясатты реттеу жөнінде қажетті шараларды қабылдау сөз болды. Еліміз өзін-өзі қамтамасыз етіп отырған азық-түлік тағамдарына салынатын кедендік баж салығы ұлғаятын болады. Негізгі азық-түлік тағамдары бойынша техникалық регламент енгізіледі. Осылайша біз ішкі рынокты реттеп, оны импорттан қорғайтын боламыз» – деді ауыл шаруашылық министрі А. Күрішбаев [2].

Сонымен қатар, Елбасы агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөнінде нақты міндеттер қойды. Аграрлық саясаттың негізгі бағыттарын анықтады. Елбасы ең алдымен агроөнеркәсіптік кешеннің ең осал саласы болып табылатын қайта өңдейтін кәсіпорындарды дамыту міндетін анықтады. Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығына ғылыми негізделген технологияларды тарту, ауыл шаруашылығындағы инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін «ҚазАгро» холдингіне бөлінген қаржыны дұрыс ұқсату, жерді және суды тиімді пайдалануды тапсырған. «Осы шаруалардың арқасында біз еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін нығайта және ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттық әлеуетін ұлғайта аламыз» – деді Президент [2].

Сонымен қатар, Президент агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөнінде мемлекеттік бағдарлама әзірлеуді тапсырды. «Ауыл шаруашылығы министрлігінің стратегиялық жоспарын нақты қаржыландыру анықталды. Агроөнеркәсіптік кешенге, оның ішінде қайта өңдейтін салаға бағытталатын қаржының сомасы бекітілді. Ауыл шаруашылығы министрлігіне 2009 жылы 164 млрд. теңге, оның ішінде ауыл шаруашылығы саласындағы нақты проблемаларды шешу үшін 97 млрд. теңге бөлінді. Ал «ҚазАгро» холдингіне инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін 2 жылға 120 млрд. теңге бөлінді» деп мәлімдеді А. Күрішбаев [2].

Ал бұл кезге дейінгі ауыл шаруашылығындағы жүргізілген шаралардың нәтижесі туралы: «Соңғы 5 жылда еліміздің ауыл шаруашылығы саласына келген инвестицияның мөлшері 3 есеге, ал агроөнеркәсіптік кешеннің жалпы өнімі екі есеге артты. Мемлекеттің жүргізіп отырған аграрлық саясатының арқасында ауыл шаруашылығының тұрақты түрде дамуына қолайлы жағдай туып, ішкі нарықты азық-түлікпен толығымен қамтамасыз етуге қол жеткізіліп отыр. Қазіргі уақытта агроөнеркәсіп кешені ел экономикасының аса бір маңызды саласына айналды. Оған дәлел ретінде соңғы 5 жылда ауыл шаруашылығына келген инвестициялардың мөлшері 3 есеге, егістіктің көлемі 15 пайызға, мал басы 24 пайызға, агроөнеркәсіп кешенінің жалпы өнімі 2 есеге артқанын келтіруге болады.

Соңғы жылдары мемлекеттің агроөнеркәсіптік кешенді қолдауының арқасында еліміздің азық-түлік қауіпсіздігі айтарлықтай нығайғанын атап көрсетті. Ауыл шаруашылығындағы тұтынудың бекітілген нормативтеріне сәйкес, іс жүзінде ішкі нарық ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерімен: азық-түліктік бидаймен, күрішпен, жарма дақылдарымен, бау-бақша өнімдерімен, картоппен, етпен, сүтпен, жұмыртқамен толық қамтамасыз етілді. Елімізде өндірілетін майлы дақылдар ішкі нарықтың 75 пайызын, жеміс-жидектер 30 пайызын, ерте пісетін жеміс-жидектер 4 пайызын, қант қызылшасы 6 пайызын қамтамасыз етеді. Мал шаруашылығы шикізаты туралы айтатын болсақ, біз құс еті бойынша импортқа тәуелді елміз, осы өнімнің 67 пайызын сырттан әкелеміз». Осыларға тоқталған А. Күрішбаев сыртқы нарыққа тәуелді осы салалардың барлығы негізгі бағыттар

ретінде анықталғанын және мемлекеттік реттеу шараларын қолдану кезінде оларға баса назар аударылатынын атап көрсетті.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің осы жылғы Жолдауында Қазақстан халқының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты атқаратын міндеттерді «Нұр Отан» халықтық - демократиялық партиясының кезектен тыс XII съезінде де: «Үкімет ең алдымен агроөнеркәсіп кешенді және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуді дамытуға күш-жігерді жұмылдыруы тиіс» деп мәлімдеді. Елбасының айтуынша, дүниежүзіндегі азық-түлік тауарларына деген сұраныстың және бағаның өсімін ескере отырып, еліміздің аграрлық секторын кең ауқымды дамыту үшін технологиялық жағынан қайтадан қарулануға бағдарлану қажет. «Бұл үшін бізде барлық жағдай бар» – деп атап көрсетті Мемлекет басшысы [3].

«Біз мал бордақылайтын шаруашылықтар құра аламыз және Ресейді экологиялық жағынан таза астықпен қамтамасыз ете аламыз. Бұл елге астық миллион тонналап Латын Америкасынан әкелінуде. Аграрлық сектор экономика мен экспортты әртараптандыруға нақты үлес қосады. 2015 жылы экспорттың жалпы көлеміндегі ауыл шаруашылығы өнімдерінің үлесін 8 пайызға жеткізу біздің ортақ міндетіміз. Айтылған және басқа да жобалардың есебінен агроөнеркәсіптік кешенінің жиынтық қосылған құны таяу уақытта кем дегенде 16 пайызға ұлғайып, мұнда 10 мың жаңа жұмыс орны құрылуы тиіс» – деп қорытындылады Елбасы [3].

Осылайша, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев 2009 жылғы халыққа Жолдауында ауыл шаруашылық саласын бәсекеге қабілетті өнімдерді мол өндіріп, оны экспортқа шығарып, еліміздің бюджетін тұрақты түрде толықтырып отыратын рентабельді салаға айналдыру міндетін қойды. Осылайша, экономиканың өзге салалары сияқты агроөнеркәсіп саласы да бәсекелестікке қабілетті бола алады. Бұл бір жағынан ауылдағы көңіл күйді жақсартады, ауылдықтар жұмыспен қамтыла бастайды, екінші жағынан, ауылдың кейпін көркемдеуге мүмкіндік туады. Бізде қазір төрт мыңдай ауылдық елді мекен бар, онда халқымыздың 47% тұрады, ендеше, бұл – біздің келешегіміз, игі бастама.

ӨДЕБИЕТТЕР:

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға», 2009 жылғы 6 наурыз. //www.akorda.kz
2. www.minagri.kz
3. www.kisi.kz

Орталық Азия – Германияның сыртқы саясатында

Айгүл ТҰЯҚБАЕВА,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, халықаралық қатынастар және
ҚР сыртқы саясаты кафедрасының PhD-доктаранты

К 1990 жылдардың басындағы үрдістер халықаралық қатынастар сипатын түбегейлі өзгертті. КСРО ыдырады, онымен бірге әлемдегі биполярлы жүйе күйреді. Ғаламдық күштер балансының бұзылуы жергілікті қақтығыстарды, этносаралық және конфессияаралық бірқатар мәселелерге әкелді. Лаңкестік, экстремизм және сепаратизм сияқты қауіпсіздік саласында бұған дейін белгісіз болған шиеленістер пайда болды. Ғаламдану тенденциялары тұрақты сипатқа иелене бастады.

Мұның барлығы, әрине, Орталық Азиядағы жағдайға өз ықпалын тигізбей қоймады. Қазіргі халықаралық қатынастарда Орталық Азияның өзіне тиісті геосаяси орны анықталып, аймақта халықаралық қауымдастық акторларының мүдделері өзара түйісуде.

XX-шы ғасырдың 90-шы жылдарынан қалыптаса бастаған жаңа геосаяси жағдайда Германия федеративті үкіметі батыстық мемлекеттер қатарында алғашқылардың бірі болып, Орталық Азия елдерімен байланысын олардың тәуелсіздіктерін мойындаудан және де дипломатиялық қатынастарды ашудан бастады.

Германия федеративті республикасының осындай қадамдарынан орта-азиялық аймақтың неміс сыртқы саясатында алатын орны ерекше екендігі сол кездің өзінде-ақ байқалған. Қазіргі уақыттағы Германияның аймақпен екіжақты қарым-қатынасы белсенді түрде дамуда. Сонымен қатар, Орталық Азиядағы Германияның қатысуы басқа еуропалық және кейбір батыс елдерімен салыстырғанда беделді. Ол жайында, бундестаг мүшесі Хольгер Хальбах былай дейді: «...Орталық Азия ертеден, сонау 90-шы жылдардың басынан Германия сыртқы саясатында маңызды роль ойнап келді. Гельмут Коль мен Ханс-Дитрих Геншердің үкіметі ОА мемлекеттерінің тәуелсіздігін мойындаған, олармен дипломатиялық қатынастарды орнатқан әлемдегі үкіметтер ішінде алғашқылардың бірі болып саналады. Федеративті үкіметтің осы бағытты қайта қолға алуы, ОА-ны өзінің сыртқы саясатының маңызды құрамды бөлігі ретінде қарастыруы, сонымен қатар ЕО-та өзінің төрағалық етуі барысында аймақтың маңыздылығын белгілеуі орынды және өз жалғасын тапқан үдеріс деп бағаланады» [1]. Немесе федеративті үкіметтің штатс-министрі Г. Эрлердің айтқанындай: «ОА-да Германияның мүдделері мен ықпал ету мүмкіндіктерінің бары анық. Біз өз мүдделерімізді көздеуіміз және ықпал ету мүмкіндіктерімізді пайдалануымыз қажет, өйткені, бұл аймақ біз үшін маңызды» [2]. Одан басқа

неміс саясаткерлерінің көзқарасындағы ОА-ның маңыздылығы төмендегідей сөз тіркестерінде жиі кездеседі: «Орталық Азия Германия және ЕО үшін қауіпсіздік саласындағы мәселелер барысында маңызды. Орталық Азия мемлекеттері тек қана Ауғанстанның көршілері емес. Өзбекстан біз үшін ISAF әскерлеріне логистикалық мақсатта орналастырылған Термездегі бундесвер әскерлерінің базасына байланысты маңызды, бұл біріншіден. Екінші мәселе, бізге бұл елдер есірткі және лаңкестікпен күресуде қажет. Үшінші мәселе ол – энергетикалық қауіпсіздік мәселесі, өйткені біздің энергетикалық қорымыздың азаюына байланысты ОА-дағы газ қорына мүдделіміз. Сол себептен де біз аймақ елдерін өз жағымызға қарай тартуымыз керек. Қазіргі кезде елдегі сыртқы саяси шешімдерді қабылдау шетелден келуге тиісті импортқа тәуелді болып қалған. Осы жағдайды ескеретін болсақ, Орталық Азияның маңызы шешуші роль ойнайды және аймаққа мүдделіміз. Сонымен қатар, біз жақсы экономикалық қатынастарымызды дамытуымыз үшін Орталық Азия елдерінің ұзағынан тұрақты дамуына мүдделіміз. Алайда біздің экономикалық қатынастарымыз, сонымен қатар аймақтың өзіндік дамуы үшін де ОА мемлекеттерінде құқық және демократия негіздерінің қалануы бізге міндет...»

Бұл келтірілген пікірлер Германияда ОА аймағының неміс сыртқы саясатында алатын орнының маңыздылығын және оны федеративті үкіметтің еуропалық елдер ішінде алғашқы болып түсінгендігін дәлелдейді.

Қазақстандық сараптаушы, ҚР Тұңғыш Президенті Қоры жанындағы Халықаралық экономика және саясат институты «халықаралық саясат» бөлімінің меңгерушісі А. Нуршаның пікірінше, «Неміс сараптаушылары мен саясаткерлері ОА-ны еуропалық қауіпсіздік жүйесінің құрамды бөлігі ретінде қарастырады, дәлірек айтқанда, аймақ есірткі, лаңкестік әрекеттері мен экстремизм ағымдары сияқты қауіп-қатерлердің Еуропаға қарай тасымалдануына тосқауыл бола алатын «қауіпсіздіктің оңтүстік белбеуі» ретінде танылады» [3].

Сонымен қатар, қазақстандық проф. Ж.Ибрашевтің анықтамасы бойынша, неміс сыртқы саясатында өзге еуропалық елдерге қарағанда азиялық бағыт басымырақ келеді [4]. Бұл анықтаманы растайтын құбылыс ол қазіргі кезеңдегі еуропалық саясатта бой алған кеңею үдерісінің Германия экс-президенті Г. Кольдің әйгілі «Drang nach Osten» деп аталатын бағытынан өріс алатындығы анық көрсеткіш [5].

Еуропалық Одақтың Орталық Азиядағы арнайы өкілінің кеңесшісі Иенс Байкюфнердің баяндамасына сәйкес Еуропаның назарында аймақтың геостратегиялық ұстанымы төмендегідей бейнеленеді: «Аймақтың осы ұстанымы Еуропа мен Азия арасындағы көпір ретінде және халықаралық қауымдастықтың Ауғанстандағы бейбітшілікке жету барысында маңызды жетістік бола алады. Осы тұрғыда аймақта ИСАФ әскерлері орналастырылып, әуежайлар пайдаланылды. ЕО-тың аймақтағы қатысуы саяси және экономикалық тұрақтылық саласында көрінді. Ең басты маңыздылық ол Ауғанстандағы жағдайды бейбіт шешімге келтіру және бүкіл аймақты бірізді тұрақтандыру үшін Пакистанмен арадағы мәселені шешу қажет. Оның үстіне, Иран өзінің нуклеарлы амбицияларымен ЕО үшін жайсыздық туғызады. Ортазиялық мемлекеттер Иран үкіметіне өздерінің ықпалын жүргізуі қажет, себебі осы елдердің бейтараптық танытулары Тегеран тұрғысынан құптаушылық деп түсінілуі мүмкін. Сонымен қатар, өзінің ұзақ мерзімдік ұстанымын бекіту үшін Қытай ОА-мен экономикалық

катынастарын дамытуды басшылыққа алуда. Пекиннің аймақ бағытында газ және мұнай құбырларын жүргізуі ОА-ның Ресейге энергетикалық экспорт бағаларын белгілеуде өз ұстанымдарын күшейтуіне әкелді» [6].

Байкюфнердің келтірген жорамалдары, ОА елдерінің тек табиғи қазба байлықтарына ие болуының нәтижесінде ғана емес, сонымен қатар геосаяси жағдайдың қалыптасуына байланысты аймақ тарапынан дамитын ұстанымдар балансының келешекте тиімді функциялық ықтималдылығын меңзейді. Осы тұрғыда Орталық Азияның маңыздылығы Германияның сыртқы және еуропалық саясатында айқын көрсетілген.

2001 жылғы қыркүйек оқиғасынан кейін Германия федеративті республикасының сыртқы саяси бағытында Орталық Азия аймағына қатысты «экономикалық ынтымақтасу бойынша федеративті министрліктің» (18.12.2001) [7] және оның ізінше федеративті үкіметтің (18.03.2002) ресми концепциясы қабылданды. Ол концепцияның негізгі мақсаттары мынадай [8]:

1. Демократиялық және мемлекеттердегі құқықтық құрылымдарды нығайту;
2. Экономикалық реформаларға және кедейшілікпен күреске қолдау көрсету;
3. Трансмемлекеттік ынтымақтастыққа қолдау көрсету.

Осы концепцияларындағы мақсаттарын Германия екі себептен еуропалық саясат контекстінде жүзеге асыруды жөн көрді.

Біріншіден, Германияның ортазиялық елдермен байланысының негізгі аймақтық қауіпсіздік мәселесін қамтитындығы белгілі, ал оның ұлттық қауіпсіздігі негізгі заңында көрсетілгеніндей елдің қайта бірігуінен бері ортақ еуропалық тұтастықты сақтаумен тығыз байланысты [9].

Екіншіден, еуропалық кеңеюді басшылыққа алған неміс ұстанымы ортазиялық елдерімен қарым-қатынасты еуропалық «бейбіт көршілік саясаты» шеңберінде нығайта түсу ұтымды деп есептейді.

Осылайша, Германияның орта-азиялық концепциясының негіздері еуропалық саясат шеңберінде жүзеге асырыла бастады: яғни ең алдымен, ЕО «Орталық Азия қатысындағы 2002-2004 жж. арналған бағдарламасы мен 2002-2006 жж. арналған стратегиялық құжатын» қабылдаса, 2007 жылдың 1-ші жартыжылдығында Германияның төрағалық етуі барысында «Еуропалық Одақ және Орталық Азия: жаңа серіктестікке бағытталған стратегия» атты құжатын қабылдады.

ЕО-тың 2002-2006 жж. арналған стратегиялық құжатында үш түрлі мүдделер көзделген, яғни қауіпсіздік, саяси және әлеуметтік шиеленістердің алдын алу және энергетикалық сұраныстарды толтыру [10]. Бұл құжаттың Еуропа елдеріне тән болғандықтан, қосымша енгізілген мүдделер ол энергетикалық элемент болып отыр. Оның себебі түсінікті, аймақта бұрын соңды ортақ еуропалық құжат қабылданбаған болатын, алайда ортақ құжат қабылданғанға дейін Германиядан өзге бірқатар еуропалық елдердің мүдделері ОА-дағы энергетикалық салада шоғырландырылды. Бұл салаға Германияның әйгілі компаниялары тартылмағанымен де, федеративті үкіметтің осы ретте өз ұстанымдары болды. Ол ұстаным неміс социал-демократтардың Каспий өңіріне қатысты концепциясында [11] жақсы бейнеленген.

ЕО-тың ОА-ға қатысты 2002-2006 жж. арналған стратегиялық құжатында көрсетілген қалған екі мүдделері, яғни қауіпсіздік пен саяси және әлеуметтік

шиеленістердің алдын алу мүдделері Германия үкіметінің концепциясында қойылған негізгі мақсат-міндеттермен ұштасады.

ЕО-тың ОА-ға қатысты 2002-2006 жж. арналған стратегиялық құжат әуелден толықтыруды қажетсінетін уақытша құжат болып қабылданған. Оның үстіне, бұл құжатқа ОА-да 2005 жылдарда орын алған саяси оқиғалардан кейін, неміс ғылыми және саяси топтары арасында үлкен сын тағылды. Мысалы, А. Варкочтің тұжырымдауы бойынша, аталған стратегиялық құжатта көрсетілген мақсаттар мен мүдделер үйлеспейді, екіжақтылықты танытады, оның үстіне осы стратегияны жүзеге асыруға бөлінген қаржы көлемі аймақтағы Қытай, Ресей және т.б. акторларға қарағанда салыстыруға келмейді және ықпал ету тетіктері (Германияны есепке алмағанда) дұрыс жүйелендірілмеген [12]. Сонымен қатар, оның ұсынысында құжатқа өзгертулер енгізілуі қажет делінген.

Сондықтан да, 2007 жылдың 1-ші жартыжылдығында Германияның төрағалық етуі барысында ЕО-тың Орталық Азияға қатысты жаңа серіктестік стратегиясы қабылданды. Алдыңғы құжатқа тағылған сыни ескертулерді басшылыққа ала отырып, күтілгендей-ақ бұл серіктестік стратегиясының негізгі адам құқықтары тақырыбы айналасында құрылған. Жобаланған стратегияның мақсаттары сол бұрынғы неміс концепциясында белгіленген қауіпсіздік және тұрақтылықты қалыптастыруға қолдау көрсету басымдығы төңірегінде, яғни аймақтағы демократиялық және құқықтық жүйенің қалыптасуына, кедейшілікпен күрес және экономикалық реформалаға қолдау көрсету мен аймақтық интеграцияны дамытуға үлес қосу шараларын айналдырып әкеп еуропалық мемлекеттердің аймақтағы энергетикалық мүдделерін күшейту тетігі арқылы әңгімені адам құқықтары диалогына тірейді. Мысалы, ЕО-тың ОА-ға арналған стратегиялық құжатында былай деп көрсетілген: «ЕО орта-азиялық аймақта қауіпсіздік пен тұрақтылықты қалыптастыруға қолдау көрсетуде өз үлесін қосу үшін аймақ мемлекеттерінде халықаралық құқықтың, құқықтық мемлекеттілік және демократиялық құндылықтардың нығайтылуы қажет екендігіне сенімді. Сондықтан да аймақ елдерімен мақсат-мүдделерді ортақ үйлесімге келтіруіміз қажет. Осы тұрғыда ЕО аймақтың әрбір елімен құрылымдық, жиі әрі нәтижелерге жеткізетін адам құқықтары саласындағы диалог шеңберінде адам құқықтары мәселелері бойынша жобаларды қарастырады [13].

Тарихи тәжірибелерге сүйенген еуропалық түсінікте даму үдерісі нарықтық экономикаға өту, құқықтық мемлекеттілікті іс-жүзіне асыру, адам құқықтарын сақтау арқылы сөзсіз жүзеге асады. Демократиялық ұмтылыстар модернизациялану стратегиясына жетудегі бірден-бір талап болып саналады. Алайда, тарихи-мәдени жаратылысы батыстық-еуропалық жаратылыстан анық ерекшеленетін Орталық Азияның бұл құндылықтарды қабылдаулары туралы сөздің ретін табу оңай болмайтыны белгілі.

Хольгер Хайбах сөзімен келтіретін болсақ, онда аймаққа қатысты еуропалық стратегияда мақсаттар сондай тиянақты қойылған, әрі аймақтағы барлық мәселелердің шешімін табу міндеттері жан-жақты қамтылып кеткендігі сондай, оны іс жүзінде жан-жақты қамтып орындау тиянақты әрі оңай жолмен бола қоймайтындығы белгілі.

Ал бұл өз кезегінде Германияның аймақтағы саясатын жүзеге асырудағы дилеманы көрсететіні анық. Өйткені, Германияның бүгінгі күнге дейінгі аймақ елдерімен дамытып келе жатқан қатынастары позитивті деп бағаланады. Әлбетте,

Германия ОА аймағындағы өз беделінен айырылғысы келмейді. Алайда, батыс және еуропалық акторлар арасында, оның ішінде «Human Rights Watch» сияқты үкіметтік емес ұйымдар тарапынан «Германияның ОА елдерімен позитивті қалыптасқан қатынастарын айта берудің қажеттілігі орынсыз нәрсе» деген ескертулер тағылуда. Бұл ескертудің мотивтері былай түсіндіріледі: «Германия үкіметі өзінің аймаққа қатысты концепциясында белгілеген мақсаттарына жеткен жоқ. Оған дәлел ретінде ОА елдеріндегі демократиялық және құқықтық жүйенің қалыптасуының орнына авторитарлық жүйе заңдастырылып, құқықтың нығайтылуы әлсіз көріністе, соның салдарынан елдердің даму деңгейі төмендеп, тіпті кейбіреуінің мемлекеттілігіне қауіп төнуде».

Алайда, демократиялық, құқықтық және адам құқықтарын сақтау қағидаларын ұстануды ОА-де қалыптастыруды көздеген акторлар өз мүдделеріне жету үшін асығыстық танытпаулары қажет. Асығыстық салдары халықаралық қатынастардың дамуына кері әсер етеді, көзделген экономикалық мүдделер одан ары тежеле түспек. Тәжірибеде осы үдерістерді анық айғақтайтын оқиғалар жоқ емес, мәселен, алысқа бармай-ақ осы ОА аймағындағы әйгілі Андижан оқиғасы мен Қырғызстандағы саяси жағдайлардың салдары. Оның үстіне, демократиялық режим, құқықтық жүйе, адам құқықтарын сақтау қағидаларын сақтау белгіленген уақытта орындала қоятын үдерістер емес. Олардың қалыптасуы үшін бірталай уақыт ширегі қажет екендігі әлемге белгілі. Ал уақыт ширегінен бұрын қоғамды дайындау немесе оны трансформациялауға қажетті күштердің салмағы өлшенуі қажет. Осы ретте, Германияның ОА мемлекеттеріне қатысты салиқалы саясаты, оның концепцияларында көрсетілген нақты мақсатына жетуі үшін бірізділік қағидасына сүйену қажеттілігі орынды түсіндіріледі.

ОА-ға қатысты 2007 жылғы еуропалық стратегияның негізі аймақта адам құқықтарын қалыптастыру шараларына шоғырландырылған, соған сәйкес осы тақырыпта аймақ елдерімен жеке-жеке саяси диалогты жүргізу көзделген.

Дәл осы тұсқа келгенде аймақаралық қатынастарда кедергілер туындайды. Себебі бұл айтылған құқық және демократия негіздерінің қалануына кедергі болатын факторлар ОА-ның барлық бес мемлекетінде де орын алған. Орталық Азияға қатысты еуропалық стратегияда екі кедергіні ашып көрсетеді:

- Бірінші мәселе, бұл бес мемлекеттің әр қайсысы әр түрлі даму деңгейінде екендігіне байланысты. Мәселен, біршама кең көлемде дамыған Қазақстан Республикасы бір жақта тұрса, екінші жақта енді ғана ашылуы бастаған Түрікменстан мемлекетінің жағдайын ескеру бар. Бундестаг депутаты, ОА бойынша комитетінің мүшесі Х. Вегенер осы екі елді мүлдем салыстыруға болмайды деп есептейді.

- Екінші мәселе ол, әртүрлі мүдделерді бір ымыраға сәйкестендіре алмау жағдайы. Ол— энергетикалық қауіпсіздік, тұрақтылық, экономикалық ынтымақтастық, лаңкестікке қарсы күрес мәселелеріндегі мүдделерді келістіре алмаушылық.

Сондықтан да, еуропалық мүдделер аймақтағы елдермен қарым-қатынастарын демократия және адам құқықтарын сақтау қағидаларын ұстану арқылы байланысуларын көздейді, ол қағидалардың әр елде қадағалануы әлбетте аймақ елдерінің өзара қарым-қатынасын жақсартатын еді. Осы ұстаным Германияның аймаққа қатысты концепцияларында және еуропалық стратегияның негізгі мақсаттары болып белгіленді.

Еуропалық мүдделер мен ОА мемлекеттерінің мүдделерін түйістіру жолдарын іздестіруден бұрын, Орталық Азияға қатысты неміс бастамаларымен қабылданған ЕО стратегиясының нәтижелері қандай немесе алатын орны қандай екеніне зер салып қарау өзекті. Және де ол стратегияның не нәрсеге ұмтылатынын анықтап қарау қажет. Стратегияның ортасында ОА елдеріне адам құқықтарын сақтау қағидаларын ұстану талап етілген. Осы қозғаушы фактор арқылы елдердің дамуын жеделдету көзделген. Алайда, біз ЕО-тың адам құқықтарын тақырыбында саяси диалог жүргізу тәсілдерін Өзбекстан мысалында және де Түрікменстандағы қазіргі кездегі диалог барысын қарастыратын болсақ, ЕО-тың жетістік атаулыдан әлдеқайда алыста тұрғандығын байқауға болады. Сондықтан да осы тұрғыда, келешекте ЕО Өзбекстанға қойған санкциялар деңгейін көтеретін болған жағдайды көз алдымызға елестету қиын болып отыр. Қазірдің өзінде Өзбекстан бұл талапқа жауап қайтаруды ойламайды, себебі қойылған санкцияларда байқалған қуыстық көпшіліктің қабылдауында тек ресми белгі ретінде ғана. Осындай жағдайларды, яғни санкцияларды қатқыл ете алмауы, сондай-ақ ресми түрде жариялап қана қою ешқандай нәтижеге әкелмейтіні анық, соған сәйкес стратегияда белгіленген неміс және еуропалық мақсаттардың орындалуы дағдарыс жағдайында тұр деуге болады.

Келесі бір мәселе ол — неміс және еуропалық ықпал ету құралының салмағы жайында. ЕО-тан бөлінетін қаржы көлемдері қаншалықты жеткілікті дейтін болсақ, ол аймақтағы Қытай, Ресей сияқты басқа акторлармен салыстырғанда әрине айтарлықтай болмайды. Оның үстіне, мақсатты жүзеге асыруды ЕО нақты қолға алғысы келсе, онда қаржы көлемін қайта қарастыруы қажет, және басымдықтарды соған сәйкестендіруі қажет.

Үшінші қозғалатын мәселе, ол — еуропалық стратегияда белгіленген міндеттердің орындалуы жайында. Мәселенің түйіні расымен де аймақтағы интеграцияға түрткі салу ма және соны талап ету арқылы демократиялық және құқықтық жүйені қалыптастыру көзделеді ме? Осы талаптар мен шарттардың орындалуына экономикалық қатынастарды дамыту қаншалықты тәуелді болып саналады. Адам құқықтарын тақырыбындағы саяси диалог расымен де осы мақсаттардың орындалуына бағытталған ба? Осы ретте, ойға келетін нәрсе ол — неміс және еуропалық мақсат-міндеттердің дәл осылай қойылуының өзі аймақаралық қатынастарды ауырлатып жіберіп отырған жоқ па деген кері сауал.

Қазіргі әлемдік құрылымда көптеген елдер біржағынан әлі де болса диктаторлық немесе жартылай диктаторлық режиммен меңгерілуде. Екіншіден, ЕО-тың өзі ғаламдану үрдісі кеңінен ширатылған мерзімде сыртқы серіктестеріне көбірек тәуелді болуда. Сондықтан да қазіргі кезде ОА аймағымен қатынасында Германия мен ЕО өздерінің стратегияда белгілеген демократиялық құндылықтарды аймақта қалыптастыру мүдделерімен заңды түрдегі энергетикалық ресурстар және нарықтар ашу мүдделерімен үйлеспейтін дилеммаға тап болып отыр.

Осы орайда, соңғы кездегі неміс бастамаларынан туындаған саяси диалог жүргізу әдісі тиімді әдістердің бірі болатындығын мойындау абзал. Себебі, жан-жақты қоғам деңгейлерінде, секторалды топтар шеңберіндегі диалог жүргізу арқылы ортақ мүдделерді түйістіруге мүмкіндік туады, өйткені ортақ даму мүдделері есебінде екіжақты идеялар мен ұсыныстар тыңдалады.

Тағы ескеретін жайт ол ЕҚЫҰ құрылымдарының аймақта тиімді жұмыс істей алуы. Өйткені бұл қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы аймақтағы өзінің нақты мақсаттарын батыл шешуге тырысты, сол жолда біршама шиеленісті жағдайлардан кейін екіжақты мүдделерді кіріктіру тетіктерін таба алды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Rede zur politischen Situation in Zentralasien von H. Haibach
2. Erler G., Erfahrung und Interesse. Das EU-Engagement in Zentralasien. / Osteuropa. Sonderausgabe „Machtmosaik Zentralasien: Traditionen, Restriktionen, Aspirationen“ (8,9) 2007
3. Современный Казахстан: стратегия успеха, ИМЭП, Алматы 2008, глава-III, стр. - 288
4. «Доктрина интеграции» пәні бойынша лекция материалдарынан
5. Геро, У., Германо-французский тандем, Internationale Politik 2002-1, стр. 38
6. Beiküfner J., Berater des Sonderbeauftragten der Europäischen Union für Zentralasien, „Brücke zwischen China und Europa. Zentralasiens Bedeutung für die EU“, Tagungsdokumentation von Bundeszentrale für politische Bildung, Bensberger Gespräche 28-30 Januar 2008 in Bensberg
7. BMZ – Zentralasien-Konzept vom 18.12.2001, Bonn: Bundesministerium für wirtschaftliche Zusammenarbeit und Entwicklung, 2001, S-7
8. Zentralasienkonzept der Bundesregierung vom 18. März 2002, Berlin 2002
9. Das Grundgesetz für die Bundesrepublik Deutschland, von 23.05.1949
10. Strategy Paper 2002–2006 & Indicative Programme 2002–2004 for Central Asia, Brussels, 10 October, 2002
11. Zukunftsregion Kaspisches Meer, Positionspapier der SPD-Bundestagsfraktion, Bonn 1998
12. Warkotsch A., Die Zentralasienpolitik der Europäischen Union: Interessen, Strukturen und Reformoptionen Frankfurt am Main, 2006. - XVII, 253 S.
13. Rat der Europäischen Union: „Die EU und Zentralasien: Strategie für eine neue Partnerschaft“, Dokument 10113/07, www.auswaertiges-amt.de Zentralasienstrategie-Text-D.pdf
14. Выступление штатс-министра иностранных дел Германии Г.Эрлера на международной конференции „Das Image Kasachstans: Bekenntnisse und Erkenntnisse“ /из личной видеозаписи автора, 24.11.2008 г. Берлин/

Орталық Азия өңірінде Жапонияның саяси басымдықтарының қалыптасуы

Айгүл МҰХАМЕТРАХИМОВА,
эль-Фараби атындағы ҚазҰУ,
жапонтану кафедрасының оқытушысы,
Бағдаулет АҚЫН,
эль-Фараби атындағы ҚазҰУ,
жапонтану кафедрасының оқытушысы

Кеңес Одағы тарағаннан бастап Орталық Азияның жаңа тәуелсіз елдері әлем сахнасында дербес саясатын жүргізіп жатыр. Тәуелсіздік алғаннан кейін бұрынғы кеңестік республикалар әлем қауымдастығының назарына ие болды. Орталық Азия өңірінің геосаяси кеңістігі алдыңғы қатарлы державалардың бәсекелестік сахнасына айналды. Қазіргі таңда осы процесте өз мүдделерін, мақсаттарын және міндеттерін анықтаған нақты ойыншылар қалыптасты деп жауапкершілікпен айтуға болады. Жапония да бұл процесстен тыс қалғысы келген жоқ. Орталық Азия елдері тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы жылдары Жапонияның өңірге қатысты саясаты белсенді болмағанын айтып кету керек. Алайда соңғы кездері бірқатар саяси және экономикалық себептерге байланысты Жапонияның Орталық Азия өңіріне қызығушылығы артып келеді.

Қазіргі кезде Жапония мен Орталық Азия елдері арасында қандай да бір ірі қайшылықтар немесе түбегейлі проблемалар жоқ. Жалпы алғанда ешнәрсе өзара ынтымақтастықтың белсенді түрде нығаюына кедергі емес. Көп зерттеушілердің мойындауы бойынша Жапония басқа елдермен салыстырғанда Орталық Азиядағы беделі өте жоғары. Жапония көмекке мұқтаж елдерге шын жүректен қолдау көрсетуге ұмтылыс жасайтын бейбіт және тату ел образын қалыптастырып отыр. Қазіргі кезде дамушы елдердің «Дамуына Ресми Көмек» көрсету – жапондық үкіметтің арнайы бағдарламасы аясында Орталық Азия мемлекеттеріне экономикалық, техникалық және өтеусіз көмек көрсететін алдыңғы қатарлы донор елдерінің бірі болып табылады. «Дамуға Ресми Көмек» бағдарламасының Жапонияның сыртқы саясатындағы рөлі өте жоғары, өйткені ол халықаралық қатынастарда негізгі әсер етуші құралдардың бірі болып саналады [1].

«Дамуға Ресми Көмек» бағдарламасы – Жапонияның дамушы елдермен экономикалық қарым-қатынас орнатудың негізгі формаларының бірі, яғни сол елдердің дамуына мұқтаж көмектің жеңілдік түрі. Орталық Азия елдері Жапониядан «Дамуға Ресми Көмек» бағдарламасы бойынша қаржылай көмек алу құқығына ие болу үшін «Экономикалық ынтымақтастық және Даму» ұйымының «Дамуға Көмек Көрсету Комитеті» Орталық Азияның бес елін дамушы мемлекеттердің тізіміне енгізді. Бұл оқиға 1993 жылы 1 қаңтарда болды, осы

оқиғадан кейін Жапонияның Орталық Азия өңіріне қатысты сыртқы саясатында едәуір өзгерістер орын алды. Жалпы Жапонияның Орталық Азия республикаларымен орнаған қатынастарда нақты белгіленген кезеңдерді атауға болады. Олардың өзгеруі Жапонияның осы елдерге қатысты саясатындағы басымдықтардың өзгеруімен қатар болды [2].

Жапония саясатындағы өзгерістердің негізі Орталық Азияның энергетикалық ресурстарды экспорттау саласында Таяу Шығыс өңіріне перспективалық баламалардың бірі болып табылатын аумақ бейнесін қалыптастырумен байланысты. Сонымен бірге, Орталық Азия мемлекеттері әлем ірі державаларының өңірдегі көміртегі шикізаты мәнінің өсуімен байланысты бақталастығында маңызды рөл ойнай бастады. Жапонияның Орталық Азия өңіріне қатысты саясатының қарқын алуын Жапонияның Орталық Азия елдерімен экономика, саясат және қауіпсіздік салаларында барынша белсенді өзара байланыс жасауға бағытталған жеке жобаларын ұсынуы дәлелдейді [3].

1993 жылдан бастап Жапония Орталық Азия өңіріне қатысты сыртқы саяси мүдделерін қайта қарастырып, келесі бастамаларды ұсынды:

1997 ж. – Жапония, Ресей және Орталық Азия елдері арасында экономикалық және саяси ынтымақтастықты мақсат қылған премьер-министр Рютаро Хасимотоның «Еуразиялық дипломатия» атты мемлекеттік дипломатиялық тұжырымдамасы. Осы құжатқа сәйкес Жапонияның Орталық Азияға қатысты саяси курсы үш басты қағиданы қамтиды:

- сенім және өзара түсіністікті тереңдету жөніндегі саяси диалог;
- экономикалық ынтымақтастық және өңірде гүлденуді қамтамасыз ету үшін табиғи ресурстарды игеру саласындағы ынтымақтастық;
- ядролық қаруды таратпау, демократизациялау және тұрақтандыру арқылы өңірде бейбітшілікке қол жеткізу.

Жапонияның «Еуразиялық дипломатия» тұжырымдамасы 1997 жылы 24 шілдеде Жапонияның сол кездегі премьер-министрі Хасимотоның сөйлеген сөзінен кейін кең тарау алды. Өз сөзінде Хасимото еуразиялық континенттің халықаралық қатынастарда және саясатта ерекше геостратегиялық кеңістік ретіндегі маңызды рөлін атап өтті. Шын мәнінде Хасимото «Еуразия» деп айтқан кезде Еуропаға Қытай мен Орталық Азия арқылы өтетін «Жібек жолы», нақтылап айтқанда, Каспий маңындағы өңір туралы айтқан болатын. Өз сөзінде Хасимото: «Жапонияда Жібек жолының танымал болғаны әлі күнге дейін халық ауызында, сондықтан жапондықтардың осы өңірге деген терең сағыныш сезімі бар». Бұл дегеніміз Каспий маңындағы мұнай мен газ ресурстары Орталық Азияны Жапонияның сыртқы саясатындағы маңызды бағыттардың біріне айналдырады деген сөз. Жапония Сыртқы Істер Министрлігінің 1998 жылғы «Көк кітабында» Қытай, Ресеймен «Еуразиялық дипломатия» төңірегінде барынша тығыз байланысты орнату қажеттілігі айтылды, бірақ шын мәнінде осы терминнің пайда болуы Жапонияның Каспий маңындағы энергетикалық ресурстарға ерекше назар аударуымен байланысты болды [4].

1998 ж. – «Жібек жолының дипломатиясы» атты мемлекеттік жоба. Ол Орталық Азия елдерінде демократиялық өзгерістерге қолдау көрсетуге, экономикалық реформаларға көмек көрсетуге, табиғи ресурстарды барлауға және көлік инфрақұрылымын қайта жөндеуге бағытталған еді. Жапония алғаш рет ресми түрде «Жібек жолы елдері» терминін қолданғанын айта кету керек.

2004 ж. – «Орта Азия + Жапония» диалогы аясындағы бастама. Ол ынтымақтастық және өңірлік өзара әрекеттесу үшін тұрақты кездесулерді

өткізуді болжаған бастама болып табылады. «Орта Азия + Жапония» диалогында ынтымақтастықтың 5 бағыттары белгіленген:

- саяси диалог;
- ішкі өңірлік ынтымақтастықты дамыту;
- бизнесті ынталандыру;
- зияткерлік диалог;
- мәдени байланыс және адамдардың алмасуы.

2006 ж. – «Орта Азияның бейбітшілік және тұрақтылық өңіріне айналуы» атты ұзақ мерзімді перспективасы бар Орталық Азия елдеріне жақындасу амалы. Бұл бастама Жапонияның сыртқы істер министрі Таро Асоның ұсынған Орталық Азия елдеріне қолданатын жаңа амал-тәсілі болып табылады. Өз сөзінде Таро Асо «Орталық Азия Жапонияның сыртқы саясатында жаңа вектор болып табылатынын» атап өтті. Министр осы өңірде қауіпсіздікті қамтамасыз ету болашақта табиғи ресурстарды өндіру мен тасымалдау үшін өте маңызды екенін атап көрсетті.

Осы жерде аздаған түзетулер енгізу қажет – Жапония «Орталық Азия» түсінігінде ҚХР-ның Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық округі мен Ауғанстанды қамтитын оның шынайы географиялық мәнін меңзеп отырған жоқ, оның орнына тек КСРО-ның бұрынғы бес республикаларын – Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан және Түрікменстанды атап отыр. «Орталық Азия + Жапония» Диалогы форумы ашылғаннан кейін шамамен бір жылдан соң, 2005 жылы Азия даму банкінің желісі бойынша Жапонияның бастамасымен құрылған Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығы ұйымына (Central Asia Regional Economic Cooperation) Ауғанстан да енгізілді. Себебі, Жапония Оңтүстік Шығыс Азия рыногіне шығу перспективасы бар Орталық Азиядан мұнай құбырларын Ауғанстан арқылы салуды жоспарлап отыр.

Жапонияның доктриналарын, бастамаларын және тұжырымдамаларын сараптай келе келесі қорытындыларды жасауға болады. Жапония Орталық Азияның энергетикалық және табиғи ресурстарына қолжеткізудің жолдарын кеңейтуге тырысуда. Қазіргі таңда Жапония Таяу Шығыстың энергетикалық ресурстарының экспортына қатты тәуелді болып отырғаны мәлім, сондықтан Жапония жаңа энергетикалық ресурстарды жабдықтаушы елдерді іздестіруге мүдделі. Осы туралы Жапонияның бұрынғы премьер-министрі Дзюньитиро Коидзуми Орталық Азияға келер алдында ашық түрде былай деп мәлімдеді: «Біз Қазақстан және Өзбекстанмен саяси және экономикалық байланыстарды дамытқымыз келеді. Өйткені Жапония мұнай және газдың балама жабдықтаушыларын іздестіруі қажет. Біз тек қана Таяу Шығысқа сенім арта алмаймыз» [5].

2006 ж. Д. Коидзумидің Қазақстан мен Өзбекстанға жасаған сапары әлемде қызулы сараптауға толы болды. Бұл оқиға Жапония премьер-министрінің Жапонияның осы республикалармен орнатқан қатынастар тарихындағы алғашқы сапары еді. Шетелдік ақпарат құралдары Жапонияның Орталық Азияға деген аса жоғары назарын тек қана осы өңірдегі мұнай және табиғи газ қорларына қызығушылық деп түсіндірді. Жапондық «Йомиури» газеті, шын мәнінде, Жапония Орталық Азия өңірінен Ауғанстан арқылы Үнді мұхитына, содан барып Жапонияға энергетикалық шикізатты тасымалдауды жоспарлап отырғанын айтты. Осыған байланысты Жапония премьер-министрінің Орталық Азия республикаларына жасаған сапары осы стратегиялық жоспардың жүзеге асырылудың басы ретінде қарастырылуы мүмкін деп мәлімдеді [6].

Осы мәлімдеме Жапония Орталық Азия елдерінің энергетикалық секторына шынында мүдделі екенін растайды. Жалпы айтқанда, Жапония Орталық Азияның табиғи байлықтарына мүдделі екенін ешқашан жасырған емес және бірнеше жылдар бойы өз мүддесінің негізін бірнеше рет түсіндірген. Осыған байланысты Орталық Азияның әр елімен қатынас орнату олардың ресурстық әлеуетіне тікелей байланысты болды. Әр елге бөлінген «Дамуға Ресми Көмек» аясындағы қаржы көмегі де осыған тікелей байланысты екені байқалады.

Бір қарағанда Жапонияның осы өңірдегі саясаты оның географиялық тұрғыдан ұзақ орналасуына байланысты болашағы жоқ болып көрінеді. Бірақ Жапонияның өңірлік бастамасын сараптасақ, Орталық Азиядағы жапондық саясаты қазіргі күннің қысқа мерзімді қатынасы емес, ертеңгі күннің ұзақ мерзімді перспективасы екенін көрсетеді. Жапония дипломатиясының тарихында Жапония ешқашан «бір реттік» акциялармен шектелмеген, ал оның саясаты үнемі ұзақ мерзімді шараларды жасауға бағытталған. Осының нәтижесінде жапон прагматизмі Орталық Азиядағы сыртқы саясаттың негізгі қағидаларын құрайтын үш бағытты анықтады:

- Орталық Азияға ұзақ мерзімді перспективаларын ескере отырып жасалатын амал-тәсілі;
- өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету және ашық өңірлік ынтымақтастыққа қолдау көрсету;
- өңірде өзара тиімді әріптестікті іздестіру.

Жоғарыда аталған қағидалардың сараптамасынан келе келесі қорытындылар шығады. Жапония өзінің ұзақ мерзімді үміттерін Ауғанстанмен, ал нақтырақ айтсақ, Ауғанстан және Пәкістан арқылы Орталық Азияның табиғи ресурстарын тасымалдаудың қауіпсіз жолдарын салумен байланыстырады. Жапонияның сыртқы істер министрі Таро Асо өз сөзінде Ауғанстандағы тұрақтылық Орталық Азиядағы жағдайға тікелей әсер ететінін бірнеше рет айтты. Ресми Токионың ойынша, Орталық Азияда өзінің әскери қатыстылығын жалғастырып келген Америка тұрақтылықтың кепілі болуы тиіс. Әлбетте, қазір Америка осы маршрутқа қауіпсіздікті қамтамасыз ете алуын болжау мүмкін емес, бірақ мұнда ең маңызды басқасы – АҚШ пен Жапонияда өңірде өз жоспарларын жүзеге асыру үшін мүмкіндігі әрі уақыты да бар. Ең азы Таяу Шығыс әлем рыногіне мұнайдың негізгі жабдықтаушысы жағдайын сақтап келгенге дейін [7].

Өз жоспарларын жүзеге асыру үшін Жапония Ауғанстандағы жағдайдың тұрақтылығына байланысты өңірдің қауіпсіздік проблемаларын талқылауға назар аудара бастады. Өйткені Жапонияның есебі бойынша дәл осы ел арқылы ортазиялық энергетикалық шикізаттары бар магистральді құбырлар өтуі тиіс. Алайда қысқа мерзімде Ауғанстандағы жағдайды реттеу келешегі бұлыңғыр екені ешкімге құпия емес. Бірақ Жапония үшін бұл факт маңызды болмай отыр. Оның үстіне Таяу Шығыстың мұнайы және газы әлі де әлем экономикасының бас энергетикалық көздері болып қалуы Жапония үшін тиімді. Өйткені, Орта Азияның ашылуынан бастап-ақ ұзақ мерзімді перспективасын ескере отырып оның энергетикалық ресурстарын игеруді тоқтатып қою процесі басталған еді. Шын мәнінде дәл осы үшін мұнай және газ кен орындарының көптеген жобалары бағытталған, яғни ең бастысы оларды болашақта игеру құқығын бекітіп қою маңызды. Бұл үшін Орталық Азияның, атап айтқанда Каспий теңізінің энергетикалық ресурстарын тасымалдауға бағытталған кез келген жобаларды географиялық тұрғыдан бекітіп сақтау қажет. Сонымен бірге Қазақстанда,

Өзбекстанда және Түрікменстанда көміртегі ресурстарын барлау саласында үнемі қызығушылық таныту және қаржы бөлу маңызды. Басқа жағынан, қазіргі таңда Жапонияның Орталық Азия елдерімен құрған ынтымақтастығынан елеулі пайда жоқ екенін көруге болады. Ол тек болашақта тиімді болуы мүмкін. 1997 ж. Жапонияның Өзбекстандағы елшіліктің кеңесшісі И. Накадзима былай деді: «Біз мұнда шығын көріп отырып қана жұмыс істеп келеміз, бірақ біз бұл өңірден кетуге ниетті емеспіз. Біз бай елміз, сондықтан осындай шығын көруге ерік бере аламыз және болашақта қазіргіден де жақсы күндерді күтеміз». Осы күндердің келуі Жапонияға ең аз мөлшерде ғана байланысты. Өйткені ең жақсы болашақ өңірде берік және сенімді қауіпсіздік жүйесін құрумен байланысты, ал Жапония бұл жүйені өз бетінше орнатуға кепілдік бере алмайды. Бірақ өңірде қауіпсіздік кепілдігімен Жапонияның сыртқы саясатының қойылған мақсаттарының сәтті болуы байланысты. Өңірде қауіпсіздікті қамтамасыз ету міндеттері орындалған кезде ғана Орталық Азия Жапонияның дамыған экономикасы үшін тұрақты қызығушылыққа айналады. Әлбетте, қауіпсіздікті қамтамасыз ету дегеніміз Ауғанстандағы жағдайды ретке келтіру болып табылады. 2001 ж. бастап ауған тақырыбы Жапонияның Орталық Азиядағы саясатында басты бағыттардың біріне айналды. Сондықтан Жапония үшін Ауғанстандағы тұрақсыз жағдай қолайлы болып отыр, өйткені Ауғанстан өңірді және оның ресурстарын «жабық» күйде ұстап тұруға қолайлы себеп болып тұр [8].

Мұнай мен газ Жапонияның қызығушылығын оятып отырған жалғыз ресурстар емес. Қазақстан Австралия және Канададан кейін уран кенінен алдыңғы орынға шықты. Бұл факт Жапонияның іскерлік топтары арасында белгіленді, өйткені Жапония атом энергиясын пайдалануды өсіруді көздеп отыр, сол үшін де оны импорттауда. Жапония өзінің электрлі жүйесінің үштен бір бөлігін атом электрлі станцияларында өндіріп отыр. Бұл үшін Жапония жылына 8000 тонна уран тұтынады екен. Қазіргі таңда Жапония Қазақстаннан осы көлемнің 3%-н ғана алады. Сонымен бірге экономикасы мұнай және газ импортына тәуелді Жапония болашақта Қазақстанда жапондық қатысуы бар атом электрлі станцияларын салу перспективаларын ойластыруда [9].

Сондай-ақ, Жапонияның Орталық Азиядағы саясатының басты басымдығы – өңірде қытай-ресей ықпалына төтеп беру. Жапонияның өңірлік ынтымақтастық орнату ойы Орталық Азия елдері тарапынан қолдау табуда. Алайда мұның екінші жағы бар. Мұнда Жапония Қытай және Ресей сияқты өзінің өмірлік маңызды мүдделері бар өңірде рұқсат бере қоймайтын саяси сипаттағы қиыншылықтарға кездесіп отыр. Шанхай ынтымақтастық ұйымының қарқынды түрде күшеюі, жабық сипатта қызмет етуі көптеген батыс елдердің наразылығын тудырып жатыр. Оның үстіне ұйымға жаңа мүшелерді қабылдау көзделіп отырған жоқ. Шанхай ынтымақтастық ұйымының Орталық Азияда өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету рөлінің күшеюі Жапонияның алаңдатушылығын туғызуда. Жапония өңірлік мәселелерді шешуге сыртқы күштерді қоспауы, Қытай мен Ресейдің өңірде ықпал ету саласын бөліп алуы Жапонияның өңірде болашақ саясатын жүзеге асыруына кедергі болатын саяси және экономикалық ықпалдың күшеюі деп қарастырып келеді.

Жағдай көрсетіп отырғандай Жапония тек экономикалық қана емес, сонымен бірге саяси мүдде көздеп отыр. Жапонияның Орталық Азиядағы саясатының шыннайы мақсаттары Жапония жағынан ашылмай келеді, бірақ әлем қауымдастықтың басқа мүшелері тарапынан анық байқалуда. Ресми Токионың өңірдегі саяса-

ты мен қызметін қарастыра отырып оның жалпы сыртқы саяси бағыттарын ұмытпаған жөн. Яғни, оның АҚШ-пен одақтық қатынаста екенін есте сақтау қажет. Жапонияның Орталық Азиядағы сыртқы саяси бағытының белсенділік танытуы АҚШ саясатымен тікелей байланысты. Жапония Америкамен бірге бір майдан құрып Ресей мен Қытайдың ықпалын жоққа шығаруға ұмтылады. Алайда жапондықтар Қытай мен Ресейге қарсы теке-тіреске кіретін батыл кадам жасайды деп те айту қиын. Ең дұрысы - олар ортақ ынтымақтастық форматын құруды жөн санайтын шығар, және бұл шешім өңірде мүддесі бар барлық мемлекеттердің көңілінен шығу тиіс. Жапондық «Асахи симбун» газетінің мәлімдеуі бойынша, Ресей және Қытай өңірде үлкен дауыс құқығына ие болуға қол жеткізу үшін бұдан былай Жапонияның әр әрекетін мұқият бақылап отырады. «Жапонияның Орталық Азияда болуын жоққа шығаруға болмайтын атмосфера құрылғаннан кейін біздің дипломатия маневр жасауға үлкен кеңістіктер алады» деп «Асахи симбун» газеті Жапонияның сыртқы істер министрі Таро Асоның сөздерін келтіреді. Оның тағы бір сөзінде «Жапония Қытай және Ресей сияқты күші бар дауысқа ие болуы тиіс». Жапонияның Орталық Азиядағы күш салуы оның Ресей және Қытаймен болып жатқан ағымдағы дипломатиялық проблемаларын шешіп беретіні белгісіз. Ресеймен Солтүстік аумақтар бойынша жүріп жатқан келіссөздер тоқтап қалды, ал жапон және қытай басшылары мүлдем кездеспейді [10].

Бірақ ең маңыздысы Ресми Токио Орталық Азиядағы бағытта бүгін өз қызметін қарқындатпаған жағдайда ертең кеш болатынын түсініп отыр. Шын мәнінде Жапонияда мүмкіндіктер аз емес, ол Орталық Азия елдерінде үлкен беделге ие. Оның бейбітшілік ел ретіндегі образы Жапония мен Орталық Азия арасындағы қатынастардың дамуының күшеюіне қолдау көрсетеді. Осыған сүйене отырып, өңірлік ынтымақтастыққа қолдау көрсету Жапонияның өңірдегі саясатының бір бағыты болып саналады. Жапон саясаткерлерінің ойынша Орталық Азияның гүлденуінің проблемасы географиялық тұрғыдан тұйық орналасуы және кенестік жүйенің шығар жолы жоқ мұрагерлігі, яғни КСРО кезінде әр елдің экономикасы тұйық салалы әрі жеке дамыды. Кеңес Одағы тарағаннан кейін бұл елдер қауіпті жағдайда қалып қойды. Орталық Азия мемлекеттері арасында өңірлік ынтымақтастық жоқ, онсыз Жапонияның пікірі бойынша Орталық Азия өңірінде де перспектива жоқ. Ресми Токио өңірде ынтымақтастықты орнатуға қолдау көрсетіп қана қоймай, оның бастамашысы болатынын бірнеше рет мәлімдеді. Орталық Азияны зерттеумен айналысатын жапон ғалымдары мен мамандардың ойы бойынша өңірде интеграция процестерін жеделдету керек. Ташкенттегі «Орталық Азия + Жапония» форумында Жапониядағы «Орталық Азия және Кавказды зерттеу» институтының директоры, профессор Тецужи Танака сөйлеген сөзінде Орталық Азияның кейінгі дамуы туралы ойымен бөлісті: «Интеграция үш компоненттер бойынша өту тиіс: су, энергетикалық шикізат және кеден. Қазіргі кезде Орталық Азияда энергетикалық шикізаты бар және жоқ елдері арасында кішкентай айырмашылық бар. Бұл айырмашылықтың үлкейіп кетуіне жол бермеу керек. Экономикалық одақты дамыту қажет. Жеке жеке елдер әлемдік саясатқа төтеп бере алмайды. Интеграция тенденциясы әлемдегі мықты елдерді қамтып отыр. Мысалы, жиырмадан астам елдерді біріктірген Еуроодақ немесе, ASEAN. Барлығы бірігуде. Ал Орталық Азияның тәуелсіз мемлекеттеріне осы мықты одақтармен бәсекелесу керек. Егер Орталық Азия елдері экономикалық тұрғыдан біртұтас аймақты құрмаса, онда әлемдік экономикада өңірдің өзі де, жеке тұрған мемлекеттер де өмір сүре алмайды. Орталық Азия елдерінің жеке ерекшеліктері

және өзара қатынастарда кейбір проблемалары бар. Бірақ бұл Азия. Оның үстіне Орталық Азия халықтарында көп ортақ тұстар бар: ұқсас ұлттық сипаттар, кейбір мәдени дәстүрлер, тіл элементтері, ал ең бастысы оларды ортақ кеңестік тарихи тәжірибе біріктіреді» – деп қорытындылады Тэцужи Танака. Орталық Азия елдерінің өзара қатынастарының бірігу мәселесі терең және ерекше амалды қажет етеді. Жапония өңірді зерттеумен айналысып жүргендіктен осы елдердің бұрыннан келе жатқан мыңжылдық дәстүрлерін аса құрметтейді.

Оңтүстік және Орталық Азия жөніндегі мемлекеттік хатшының орынбасары Эван Феидженбом былай деді: «Біз әр адам Орталық Азияға қызығушылық танытып отырған кезде өмір сүрудеміз». Бұл шынында да солай. Соңғы кездері Ресей-Қытай-АҚШ үшбұрышында өңірдің тағдыры шешілетін «Орталық Азия үшін екінші ойын» туралы сөз қозғалуда. Шынында ойын сияқты бір іс-қимылдар орын алады. Алайда үшбұрыштан гөрі бір бұрышын Жапония құрайтын квадрат туралы айтқан дұрыс болар. Жапонияның Орталық Азия өңірінде көптеген мүддесі, оның ішінде стратегиялық, саяси, коммерциялық, қаржы және гуманитарлық мүддесі бар. Айтып кететін бір маңызды жай – бұл ойын бір мәнді конфронтациялық сипатқа ие болып отырған жоқ. Оны бәсекелестік деп айтуға болады. Алайда қиын жағдайға қарамастан, қатысушы елдер арасында ынтымақтастық құру ниеті бар. Ал Орталық Азияда ынтымақтастық құруға көптеген сылтаулар табылады.

Орталық Азия мемлекеттері болса, осы «үлкен квадраттың» сыртында емес, тура ортасында болатынына сенімді болғымыз келеді.

ӨДЕБИЕТТЕР:

1. Э. Усубалиев Проблемы и перспективы политического курса Японии в Центральной Азии // Институт Стратегического Анализа и Прогноза, 2008, 05 ноября.
2. О. Сидоров Внешнеполитическая доктрина Японии по отношению к странам Центральной Азии // Информационно-аналитический портал www.gazeta.kz // 2004, 28 апреля.
3. Политика Японии // Сотрудничество и безопасность в ЦА: состояние и перспективы. // Отв. ред. Б.К. Султанова. – Алматы: КИСИ при президенте РК, 2008. - с. 233-242.
4. Официальный сайт Министерства иностранных дел Японии <http://www.mofa.go.jp>
5. Япония нацелилась на энергоресурсы Центральной Азии // газета «Коммерсант», 2006, 30 августа.
6. В конце августа премьер-министр Японии впервые посетит республики Центральной Азии // газета «Иомиури», 2006, 21 июля.
7. Э. Усубалиев «Трансформация Центральной Азии в коридор мира и стабильности» - новая инициатива Японии // Аналитика // Дальний Восток // Япония, 2007, 21 марта, с. 4.
8. Э. Усубалиев Роль Японии в Центральной Азии // Институт Стратегического Анализа и Прогноза, 2008, 18 марта.
9. Д. Косырев Центральноазиатская дилемма Коидзуми // РИА Новости, 2006, 30 августа.
10. Япония заинтересована в энергоресурсах Центральной Азии // по материалам ИТАР-ТАСС, с ссылкой на данные газеты «Асахи симбун», 2006, 24 августа.

Медиа кеңістіктегі жаһандану үрдісіне Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан көзқарас

Антон МОРОЗОВ,
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың әлеуметтік-саяси
зерттеулер бөлімінің меңгерушісі

Ғылыми-техникалық төңкерістің кезекті жетістігі, телетаратылым мен интернеттің қарқынды дамуының нәтижесі – жаһандық ақпараттық қоғам өз кезегінде жана саяси технологиялардың дүниеге келуіне әсер етті. Қазіргі таңдағы саясаттың негізгі белгілерінің бірі – виртуальданушылық немесе нақты саяси тұлғалардың виртуалды (ойлап табылған) кеңістікке өтуі болып табылады. Бұл құбылыс бірнеше анықтамаға ие болды: жүйелік саясат, виртуалды саясат, медиакратия, нетократия.

Көптеген зерттеушілер билік нақты саясатты виртуалды саясатпен алмастыра алады деп сенеді. Ақпараттық технологиялардың теоретигі, француз философы Ги Дебор өзінің «Спектакль қоғамы» атты кітабында көрініс пен қойылымды заманауи қоғам өміріндегі орталық құбылыс ретінде қарастыра отырып: «Бұрындары нақты өмірдегі бар заттар, енді репрезентация жағдайына өтеді» – деп айтқан [1]. Автордың ойынша, бұндай қоғамда адамдар өзіндік және қоғамдық қатынас, білім мен тәжірибе негізінде шындықты қабылдау мүмкіндігінен айырылады. Оның орнына «теледидар суреттерінен» жасалынған шындық қалыптасады. Ги Дебор билік азаматтық қоғамның спектакль қоғамына өзгеруін мақсатты түрде жүзеге асырады, өйткені, бұндай жағдайда бұл қоғамға ықпал етіп, оны басқару жеңілдейді, адамдар басқаруға бейім жағдайға түсіп, өзіндік шешім қабылдау мүмкіндігінен айырылады, ал нәтижесінде «жалқыланған еңбек индустриясы одан да ары жалқыланған уақыт өткеру индустриясымен алмасады» [2].

Ги Дебордың жерлесі, философ Жан Бодрийяр маркстік қондырғы түсінігін дамыта келіп, философиялық сөздікке гипершындық түсінігін енгізді. Гипершындықтың бірліктері ретінде рәміздік алмасу принципі негізінде жұмыс істейтін қоғамдық пікір секілді заманауи феномендерді білдіретін симулякрлар немесе белгілер мен рәміздер танылады. Бодрийяр қазіргі дәуірді гипершындық дәуірі деп атап, еңбектің өндіретіндігін, оның орнына әлеуметтендіретінін, биліктің өкілетті органдары ешкімнің өкілеттілігін танытпайтындығын, ал заттар мен идеялар автономды өмір сүріп, өзін-өзі тиімді елестететінін айтады. Нәтижесінде, XX ғасырдың соңында адамдар координаттардың нақты жүйесін жоғалтты, ал ол өз кезегінде қайырымдылық, зұлымдық, шындық пен жалғандықты анықтау мүмкіндігінен айырды.

«Netokratia – жаңа билеуші элита және капитализмнен кейінгі өмір» атты

кітаптың авторлары А. Бард пен Я. Зодерквист осы пайымдауларды дамыта отырып, жаңа тап, яғни «нетократтар»^{*} қазірдің өзінде билікте отырғандығын және жақын уақыт аралығында жаһандық ақпараттық жүйеде тиімді байланысты қамтамасыз ете алмай отырған дәстүрлі саяси элитаны толығымен ығыстыратынын көрсетеді.

Осы үрдістерге бой алдырған киноиндустрия жүйесі мен жаңа байланыс технологияларының мүмкіндігін «Матрица» фильмінде жалпылама көрсетіп өткен. Біздің ойымызша, «Матрица» фильмінің негізгі мағынасы – бұл, тек шамалы адамдар ғана жағдайды нақты түсінеді, ал қалғандарының санасы нақты шындықты бұрмалап көрсететін симулякрлар арқылы уланғандығында болып отыр. Яғни, «кім ақпатарқа ие болса, сол әлемді басқарады» – деген белгілі тезис қазіргі таңда нақты бейнеге ие болып келеді.

Жағдайдың бұндай қалыпқа түсуі қоғам тарапынан (әсіресе, оның солшыл саяси құрамы өкілдері) қарсылыққа ұшырауы заңды құбылыс болуы мен қоғамның мемлекет пен корпорацияларға көлемі жағынан барабар өзіндік ақпараттық ресурсты қарсы қоюға шамасының жетпейтіндігі де белгілі. Бірақ, бұндай жағдаймен келісуге де болмайтын еді. Сондықтан да, оған сәйкес жауап қажет болды. Осындай жауап ретінде «тактикалық медиа» пайда болды. Тактикалық медиа – бұл күн тәртібіне әсер ете алатын сырттан таңылған, арзан және тиімді байланыс құралы болып табылады. Осындай байланыс құралдары қатарына самиздат, FM-радио, интернет және қоғамдық көзқарасқа өзінше әсер ете алатын флэш-моб секілді құралдарды жатқызамыз.

Қазақстанда тактикалық медианы қолданудың алғашқы белсенділік толқыны біздің ойымызша 2000-2001 жылдары, яғни қазнет кеңістігінде азиоп, барстың тырнағы, компромат және басқа да сайттар пайда болған жылдар болып табылады. Тактикалық медиа мысалдары ретінде бүгінгі күні Қазақстан ақпараттық алаңындағы блоггинг принципінде құрылған «әмбебап қауіпсіздік клубы», «інкәр.инфо» интернет-радиосы (бұл екі жоба да қазіргі кезде Қазақтелеком арқылы шектелген) немесе БАҚ назарын өзіне аударған «Нұр Отан» қозғалысының акцияларын атауға болады.

Интернет көптеген басылымдардың жұмысын жеңілдетті. Тілшілер белгілі бір жағдайларға қатысты интернетті ақпарат көзі ретінде пайдаланады. Жүйедегі өзекті немесе сенсациялық материалдың жарық көруі бірден басылымда көрініс береді.

Тактикалық медиа басқа бұқаралық ақпараттық құралдардан өзінің виртуалдылығы мен жаңалықтарды жылдам және арзан жариялаумен қатар, өзінің бақылаусыздығымен және ең негізгісі ақпаратты аты-жөнін көрсетпей таратуға мүмкіндік беруінде болып отыр. Осындай тың мысалдар қатарына еуропа басылымдары арқылы жарық көріп, отандық БАҚ арқылы таратылған Храпуновтар жанұясының Швейцариядағы кәсібі немесе жетекші тілшілерге Р. Әлиевтің атынан таратылған «Өкіл әке» кітабының үлгісін жатқызуға болады.

Әрине, билік өз кезегінде «тактикалық медианы» пайдалануды шектеуге күш салады: интернет-ресурстарын БАҚ теңестіру, бұл жағдайда оны БАМ-да тіркеуді талап етеді және сол секілді интернетті заңнама негізінде реттестірудің жолдары қолданылуда. Бірақ, бұл шара нәтиже бермей отыр, себебі жабылған кез-келген сайт көп ұзамай қайтадан қалпына келтіріледі. Мысал ретінде интернет-газет Навигатордың Навигатор 2, Нави, Мизинев. Нет және Зонакз.нет болып өзгеруін келтіруге болады.

Ақпарат және байланыс жөніндегі агенттіктің «Ақпараттық-коммуникациялық жүйелерге қатысты Қазақстан Республикасының кейбір заңнамаларына өзгерістер

^{*} Нетократы – net – жүйе және kratia – билік сөздерінің қосындысы. Яғни жаһандық ақпараттық жүйеде контенттерді анықтай алатын және байланыстың жаңа түрлерін пайдалануды үйренуге бейім адамдар.

мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын әзірлеуі негізінен интернет арқылы таратылатын ақпараттарға қатысты ҚР ұлттық қауіпсіздігіне төнетін қатарларды азайтуды көзделген. Жобаны әзірлеушілер «веб-сайт» түсінігін «интернет-ресурс» дегенге алмастыруды ұсынады. Түсініктің бұндай мағынада өзгертілуі веб-сайт қана емес, сонымен бірге блогтар, чаттар, форум мен комментарилерді БАҚ теңестіруге мүмкіндік береді. Яғни, блоггерлер, комменттарлар мен «чатландар» және бұл интернет-ресурстардың иелері тілшілер мен редакторларға теңестіріліп, қылмыстық, әкімшілік және азаматтық жауапкершілікке тартылады. Біздің жұмысымыздың мақсаты бұл заң жобасын бағалау болмағандықтан, оған толығымен тоқталмаймыз. Бірақ, біздің ойымызша бұл ұсыныс біріншіден, мемлекеттік органдардың жаһандану мен НТР туғызған жаңа қатерлер алдындағы дәрменсіздігін және екіншіден, жаһандық ақпарат толқындарының әкелетін нақты қатерлерін көре білуінде екендігін танытады.

Қазіргі кезеңде ақпараттық соғыстың Қазақстан және жалпы посткеңестік аймақта басқарудың орталық құралдына айнала бастауы оны зерттеу қажеттілігін туғызды. Осы мәселеге қатысты зерттеулерді В. Пелевин өзінің «Generation П» и «Числа» романдарында және одан кейін С. Минаев «Медиа сапиенс» повесінде жинақтап көрсетті.

Бұл романдардың негізгі идеясы біздің тақырыбымызбен үндес, яғни жаһандану үрдісіндегі әлемде назарды басқару мәселесі болып отыр. Коммуникациялық толқындар кеңістігінде мақсаты аудиторияның назары үшін үздіксіз күрес жүруде және хабарламалар адресаттарға жету үшін олар нақты және түзу сызықты болуы керек. Олай болмаған жағдайда ақпаратты тұтынушы басқа арнаға ауысады немесе браузерді жауып тастайды. Сондықтан да, бұл күресте жеңіске ұстанымды анық артикуляциялаған тарап жетеді.

Бізге, өкінішке орай бұл туралы тек сайлау кезеңінде ғана еске алып, басқа кезде қиындықтар мен жинақталған сұрақтарды бос сөздің артына жасырғанды жөн көреді. Бұның барлығы БАҚ деген сенімді жоғалтады. Ойымызды сандық мысалмен өрнектейтін болсақ. «Қазақстан Республикасындағы саяси өзгерістердің негізгі бағыттары мен қарқынының деңгейі» атты тақырыптағы республикалық әлеуметтік зерттеудің мәліметтеріне сүйенсек, тұрғындар негізінен телеарналарға (63%), сосын радиоға (56%) және қоғамдық-саяси газеттер мен журналдарға (53%) сенеді. Ең төменгі сенім көрсеткішін Интернет (46%) иеленген.

БАҚ саяси ресурсын бағалаудың тағы бір шарты бұл оқырмандарының ұсынылған ақпараттың объективтілігіне деген бағамы болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген әлеуметтік зерттеудің нәтижелері бойынша сауалнама қатысқандардың тек бестен бір бөлігі (21%) ғана бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық-саяси оқиғаларды жариялау барысында толық және объективті ақпарат беретіндігін көрсеткен. Ал респонденттердің жартысынан көбі (57%) БАҚ өздеріне тиімді ғана ақпаратты таратады деп санаған.

Бұл мәселеден шығатын жанама қорытындыға келер болсақ, БАҚ бұқаралық саяси сана мен қазақстандықтардың әрекетіне әсер ету мүмкіндігі шектеусіз емесігін байқаймыз. Масс-медиа ақпараттарына деген жаппай қызығушылық пен зейіннің 1980 жылдардың аяғында байқалаған деңгейі қазіргі кезде мүлдем жоқ. Бұл негізінен тұрғындардың қоғамдық-саяси ақпараттарды пайдалануының кемуі мен БАҚ деген сенімнің жойылуына байланысты.

Осылайша, заманауи қазақстандық шындықта БАҚ – қоғам коммуникациялық

* «Қазақстан Республикасындағы саяси өзгерістердің негізгі бағыттары мен қарқынының деңгейі» атты тақырыптағы республикалық әлеуметтік зерттеудің 2007 жылы ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың тапсырысы бойынша Іскерлік ақпарат, әлеуметтік және маркетингтік зерттеулер орталығы жүргізген.

желісі бір жақты екендігін байқаймыз. Билік – БАҚ – қоғам буынындағы БАҚ қызметін төмендегідей сипаттауға болады:

- тұрғындарды ақпараттандыру;
- биліктің заңдылығын қолдау;
- саяси мақсаттарға жету үшін қоғамдық көзқарасқа ықпал ету технологиясының құралы (саяси кеңістіктің субъектілерінің өкілеттілігін ұзарту немесе тоқтату).

Сонымен қатар, қалыптасқан жүйеде БАҚ өзінің негізгі қызметі – кері байланыс механизмі, яғни билік алдындағы қоғам мүддесінің «лоббисті» қызметін атқармай отыр. Бұл өз кезегінде төмендегідей қолайсыз жағдайларға алып келеді:

- тұрғын халық тарапынан БАҚ деген сенімнің одан ары төмендеуі;
- биліктің шынайы жағдайын нақты көрсетпеу, ол өз кезегінде саяси шешімдерді әзірлеу, қабылдау мен жүзеге асыру шараларын қиындатып, қоғамдық-саяси үрдістерге болжам жасауды ауырлатады;
- шынайы ақпараттың жетіспеушілігі жағдайындағы әлеуметтік сенімсіздік жағдайының өсуіне алып келеді;
- азаматтық қоғамның қалыптасу үрдісінің баяулауына әсер етеді.

Осылайша, қоғамда қабылданған ақпаратты сынсыз қабылдау үрдісі орын алғандықтан әлеуметтік фрустрация қалыптасады.

Бұндай қоғам әлеуметтік ауруларға, оның ішінде дүрбелең, топтық қобалжу мен ойланбай істелген шешімдер және радикалдық шаралар бар.

Тұтынушы ақпаратқа деген сындық көзқарастың болмауы саяси кеңістіктің субъектілерінің бір мәселеге қатысты әр жолы түрлі әдістерді, кейде бір-біріне қарама-қайшы әдістерді қолдануына мүмкіндік береді. Біртіндеп саяси кеңістік қазіргі теорияда «саясаттың медиалануы» деп аталатын құрылысты жүзеге асырады. Жалпы алғанда саяси кеңістіктегі коммуникация қарапайым шараларды жүзеге асыруға қолданылады: сайлаудағы дауыс пен рейтингтің жоғарғы деңгейін қамтамасыз ету. Сайлау қарсаңында барлық күш-жігер аудиторияның даусын өзіне тарту мақсатында қолданылады. Белгілі-бір мәселеге көңіл аударатын тақырып-фантомдар жасалынып, қатер қауіпі күшейтіліп, өзара ынтымақтықтың жақсылығы уағыздалады. Ал сайлаудан соң бұл құмарлықтың барлығы да басылады. Бірақ, рейтингке қол жеткізуге арналған бұл қысқа мерзімдік шара электораттың саясаткерге деген қысқа мерзімдік сенімінің орнауына әсер етеді. Ақпараттық соғыс тәсілдері мен саяси технологиялар ұзаққа созылмайды, ал оларды ұзақ уақыт пайдалану бағыттан жаңылуға, қоғамның ақпараттық сынының төмендеуіне және саясатқа қызығушылықтың азайып, қоғамдағы ықпалдасудың тоқтауына ықпал жасайды.

Бұндай жағдайдың қалыптасуы елдегі саяси күрес барысында қазақстандық БАҚ дағдарысына алып келу қауіпін туғызады. Бұл өз кезегінде идеологиялық бағытта саяси көңіл-күй мен қоғамның қалауы және электораттың әлеуметтік ұстанымдары, дүниеге көзқарастары мен сенімдеріне елеулі өзгерістер енгізуі мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ги Дебор. Общество спектакля. Пер. с франц. С. Офертаса и М. Якубович. М. - LOGOS (Радек), 2000. 184 с.
2. Там же

Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесі: реформалау ерекшеліктері және қазіргі жағдайы

Сапар АХМЕТОВ,

әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дің саясаттану кафедрасының
ізденушісі, саяси ғылымдарының кандидаты

Мәлік Мұрзалин

әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дің саясаттану кафедрасының
ізденушісі

Казіргі таңда мемлекеттік басқару жүйесін реформалау көптеген елдер үшін басымды мәселе болып отыр. Соның ішінде Қазақстанда бар. Әкімшілік реформалардың өз уақытында жүргізудегі саяси және тәжірибелік маңызын анықтай келе, Қазақстандағы мемлекеттік басқарудың рационалды моделін жасай отыра Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Біз мемлекеттік басқарудың сапалы моделін жасаймыз, онда мемлекеттік қызметті тұтынушылардың мүддесі жоғары тұрады. Мемлекеттік аппарат корпоративтілік қағидасына сүйеніп ең күшті халықаралық тәжірибені ескеріп қоғамға есепті болуы керек» [1].

Мемлекеттік аппаратты реформалау тәуелсіздік алғаннан бері қажетті екені байқалды, ал ерекше қажеттілік 1990 жылдардың екінші жартысында туындады. Осы кезде Қазақстанда мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру үшін ресурстар жеткілікті болды. Айталық, Қазақстан тұрғындары білімінің жоғары болуы, мемлекеттік қызметке кәсіби мамандарды тартуға мүмкіндік берді.

1998 жылдан бастап мемлекеттік қызмет саласында біртұтас мемлекеттік саясатты елбасына есепті және бағынышты мемлекеттік орган-мемлекеттік қызмет іс жөніндегі агенства жүзеге асырды. Бұл жүйені реформалау 1999 жылы «Мемлекеттік қызмет туралы» жаң қабылданғаннан бастап жүргізілді. Заң мемлекеттік қызметтің қазақстадық конкурстық-мансаптық моделінің негізгі мазмұнын ашты.

2000-2001 жылдарға таман Қазақстанда жаңа әкімшілік жүйені құруда біраз жетістіктерге жетті. Билік тармақтарының қызмет етуімен қарым-қатынасының заңдық-құқықтық негізі қаланды. Басқарудың әкімшілік-салалық құрылымы тиімділенді және мемлекеттік аппараттың саны қысқартылды. Сонымен қатар посткөнестік кеңістікте дамыған, тиімді қызмет ететін мемлекеттік қызметтің моделін жасауда біраз жұмыстар жасалды. Қазақстан Республикасында әкімшілік реформалаудың ұлттық бағдарламасын жүзеге асырудың саяси мақсаты анықталды. Бұл мемлекеттік басқару жүйесінің жұмыс жасайтын тиімді механизмі үшін тез әрі жағымды. Экономиканы дамуы үшін, ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан алғанда Қазақстанды әлемдік геосаяси кеңістікте тәуелсіздігін сақтап енуге үлкен көмегін тигізбек.

2001 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында» бірінші рет мемлекеттік басқару жүйесінің жетілдіру стратегиясы жасалды және оның негізгі элементтерінің қызметтері мен деңгейі анықталды. (саяси жүйені реформалау; әкімшілік реформалау; мемлекеттік қызметті орталықсыздандыру;) [2].

Құжатта көрсетілгендей, «құрылымдық қайта құруларға және мемлекеттік органдармен тұрақты санының қысқартылуына қарамастан мемлекеттік аппарат әлі де болса жеткілікті тиімді және икемді емес. Көпдеңгейлі құрылым және қызметтердің көшірілуі, мемлекеттік органдар алдында тұрған міндеттердің дұрыс анықталмауы жауапкершілік пен есеп беру сұрақтары бойынша түсініксіздіктерге алып келді. Мемлекеттік органдардың құрылымын қайта қарастырғандықтан, олардың міндеттері мен қызметтерін нақтылағандықтан ведомствоаралық қатынастар әлсіреді, қарым қатынас деңгейі төмендеді, мемлекеттік аппараттың ішкі бақылауы мен реттелуі мен сыртқы институттар арасындағы қатынастар бұзылды. Мемлекеттік аппарат қызметі тез өзгеріске ұшырап отыратын қоршаған ортаға жәй бейімделуімен, қоғамның қажеттіліктеріне жауап бере алмауымен шешім қабылдау механизмінің тиімсіздігімен сипатталады. Мемлекеттік аппарат қызметі мен мемлекеттік қызметшілердің қоғам алдыдағы беделі әлі де болса да төмен болып отыр. Мемлекеттік қызмет аппаратын ұйымдастыруда жүйелік амалмен әрекет етудің нақты стратегиясы жоқ» [3].

«Дамудың стратегиялық жоспары» ҚР Премьер-министрі жанындағы мемлекеттік басқаруды жетілдіру бойынша үздіксіз қызмет атқаратын комиссия құруды көздеді. Бірақ, бұл комиссияның қызметі жыл өткен сайын тиімсіз болды. «Мемлекеттік басқару жүйесін реформалау мемлекеттік реттеудің ашық желісін құрайтын мемлекеттік саясатты жасау үшін жаңа сапалы құрылымдар қажет. Онда шынайы бәсекенің элементтері мадақталады, соның ішінде өзіндік ұйымдасу негізінде жергілікті даму идеологияларының бәсекелестігіде жатады» [4].

2003 жылы Қазақстан мемлекеттік қызметтің конкурстық-мансаптық моделіне көшті.

Мемлекеттік қызметті жетілдірудің келесі қадамы 2005 жылдың шілдесінде жасалды. Осы кезде «Мемлекеттік қызмет туралы» заңға өзгерістер енгізілді. Олардың қатарында саяси мемлекеттік қызметті ротациялау; осы жылы Президенттің жарлығы бойынша мемлекеттік қызметкерлердің арнамыс кодексі бекітілді. Бұл құжат мемлекеттік қызметкерлердің мінез құлқына бағытталған нормалардан құралып жемқорлыққа қарсы сипатқа ие болды [5].

Заңға енгізілген жаңалықтар:

- саяси мемлекеттік қызметкерлер институтын ротациялау;
- агенсттікке жемқорлық бойынша тәртіп бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жазаны уақытынан бұрын шешу үшін рұқсат беру және мемлекеттік органдар жасайтын қызметтің сапасын артыру үшін сапаны жоғарылатуға ұсыныс жасау өкілеттілігі берілді;
- аудару институтының құқық қорғау органдарына таралуы;
- өз өкілеттілігін тоқтатқан соттар үшін конкурстан тыс әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға ие болу мүмкіндігі;
- жемқорлық құқық бұзушылығы бар мемлекеттік қызметкерлерге аудару тәртібімен әкімшілік мемлекеттік қызмет атқаруға тиім салынады;
- әкімшілік мемлекеттік қызметі тоқтатудың жаңа негізі, соттың айыптық жазасының күшіне енуі;

- жемқорлық бойынша қылмыс жасаған тұлғаларға мемлекеттік қызмет атқаруға тиым салынады;

- мемлекеттік қызметте жиырма жыл стажы бар мемлекеттік қызметкерді аттестациядан өткен кезде тестілеуден босату.

2006 жылы ҚР Президенті Парламенттің үшінші отырысының ашылуында сөйлеген сөзінде 2001 жылғы «Дамудың стратегиялық жоспары» қаулысындағы сөздерін қайталады және нақтылады:

1. Үкімет биліктің барлық деңгейінде лауазымдар иерархиясын қысқарту керек. Мемлекеттік органдардың жұмыстарында басқару шешімін қабылдауда кешенділік қамтамасыз етілуі қажет. Орталық мемлекеттік органдарда Елбасы тағайындайтын жоғарғы әкімшілік лауазым Статс-хатшы енгізілуі керек. Ол аппараттың жұмысын тұрақтандыруды қамтамасыз ету керек. Статс-хатшы мемлекеттік органдардың ішкі жұмыстарын реттейді. Бұл өз кезегінде жоғарғы басшылыққа саясат пен стратегиялық сұрақтарды шешуге ықпалын тигізеді.

2. Әкімшілік мемлекеттік қызметкерлердің жұмысына баға берудің механизмін енгізу қажет. Сонымен қатар орталық пен аймақтың арасындағы ротацияның механизмін жасау керек. Мемлекеттік аппаратты қысқарту негізінде жеке секторға сай келетіндей етіп жалақыларын көбейту қажет.

3. Барлық мемлекеттік органдарда мемлекеттік қызмет көрсетудің салалық стандарттары жасалып енгізілуі керек. Тұрғындар мен кәсіпкерлер арасында жүйелі түрде әлеуметтік сауалнамалар жүргізіп оларды қадағалаудың ішкі және сыртқы аудит жүйесін жасаған жөн. 2007 жылы орталық мемлекеттік органдармен облыс әкімдерінің қызметін бағалаудың рейтингілік жүйесі енгізілуі шарт [6].

Қазақстанда мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттырудың алғышарттары қалыптасқан. Конкурстық таңдау жүйесі жұмыс жасайды, мемлекеттік қызметкерлерді қайта дайындау және кәсіби деңгейін көтеру жүйесі дамуда және мемлекеттік органдарда жұмыс жасайтындарды әділ бағалаудың негіздері қаланды, жетекші өздігінен мақсатқа жетудің тиімді жолын және қойылған міндеттерге жетуде ұйымдастыру түрлері мен әдістерін анықтағанда мемлекеттік басқару жобалық сипатқа ие болуда. Дегенмен, 2006 жылды қорытындылай келе, мемлекеттік қызмет ісі жөніндегі Қазақстан Республикасының агенттік төмендегідей есеп берді:

- орталық және жергілікті мемлекеттік органдарды 3723 рет тексеру нәтижесінде мемлекеттік қызметпен жемқорлыққа қарсы күрес заңнамасын он сегіз мың бұзушылық анықталды;

- он жеті мемлекеттік қызметкер жұмысынан босатылды;

- тәртіптік жауапкершілікке 1503 лауазымды тұлғалар тартылды [7].

Жаңа қағидалық негізде мемлекеттік басқарудың жүйесін құру қажеттілігін тоталитарлық жүйеден нарыққа өткен барлық транзиттік мемлекеттер басынан өткізді. Бұл тақырып біріккен Германия үшін де маңызды болып табылды. Өйткені батыс пен шығыстың бейімделу мәселесін шешуге тура келді. Бұл дамушы елдердің күнделікті мәселелерінен кетпеуде.

Дамыған Батыс елдердің әкімшілік құрылымын реформалаудың тәжірибесін сүйену жаңа тәуелсіз мемлекеттер үшін ескі басқару жүйесін жеңуге, мемлекеттік қызметте жаңа бастамаларды жасауға және өзгергіш жағдайларға бейімделуін анықтауға көмектеседі. Қазіргі таңда транзиттік мемлекеттерге жаңа басқару жүйесін құруда келесі ерекшеліктер тән:

- мемлекеттік қызметкерлер реформалаудың негізгі қозғаушы рөліне ие және кепіл болады;

- партия, қозғалыс сияқты реформаторлық саяси күштер тек қана күш алып тәжірибе жинауда, кейбір елдерде қалыптасу кезеңінде;

- реформа негізінде пайда болған кәсіпкерлік топтар капиталдың алғашқы қорымен көбейді. Олардың жоғарғы кіріс үшін күресі күшті, әлеуметтік-экономикалық процестерді тиімді реттейтін, мемлекеттік меншікті жекешелендіру сұрақтарында тәртіп орнататын, экономикалық қылмыспен күресетін өркениетті құқықтық мемлекет құруға кедергі жасайды.

- мемлекеттік қызметтің қызмет етуінің нормативті-құқықты негізін жетілдіруді аяқтау әліде болса да кеш қалуда;

- мемлекеттік қызметті материалдық, қаржылық, әлеуметтік қамтамасыз ету күшті, тиімді мемлекеттік бюджетті құрумен тығыз байланысты. Қазіргі таңда мемлекеттік қызметкерлердің жағдайы жақсаруды қажет етеді. Бұл шенеуніктердің арасындағы жемқорлықтың болуы, кадрлардың жұмыстан кету және кәсіби жетілу үшін ынталандырудың болмауына себеп болып табылады;

- мемлекеттік басқару жүйесі кадрлардың үздіксіз дайындығы мен қайта дайындығын, олардың мамандануын, қызметтерін материалдық-техникалық қамтамасыз етуді қажет етеді;

- ұлттық ерекшеліктер мен дәстүрлер мемлекеттік қызметтің түрі мен мазмұнына әсер етеді. Бірақ, онымен тығыз құмарлану көп жағдайда жаңа тәуелсіз мемлекеттердің әлемдік қауымдастықпен жақындасуын алыстатады.

Бұл жағдайдан шығудың жолы ретінде көптеген мамандар, мемлекеттік басқару жүйесіне тексеруден өткен әлемдік стандарттарды енгізуді көрсетеді. Сонымен қатар өтпелі экономикасы бар елдердің мемлекеттік қызметті құруда халықаралық қағидаларды қолдану қажет [8].

2005 жылдың 3 мамырында Президенттің Жарлығымен бекітілген ҚР мемлекеттік қызметкерлерінің ар-намыс кодексі жемқорлыққа қарсы сипатқа ие және мемлекеттік қызметкерлердің әрекетіне қойлатын нормалардан тұрады. Әрбір мемлекеттік органда этиканы бақылайтын кітап бар, онда азаматтар өздерінің кодекстегі заңды құқықтарымен нормаларының бұзылғандығы туралы жаза алады. Президенттің 2005 жылғы 14 мамырындағы Жарлығымен «Жемқорлыққа қарсы күресу шараларының күшеюі, мемлекеттік органдармен лауазымды тұлғалар қызметінде тәртіптің күшеюі туралы іс шаралар» негізінде агенттіктің Астана мен Алматыда тәртіп бұзушылық кеңесі құрылды.

Көптеген жұмыстар жасалды. Дегенмен, Елбасы 2006 жылдың 1 қыркүйегінде Парламент отырысының үшінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзінде және 2007 жылғы халыққа Жолдауында «мемлекеттік басқару саласындағы жинақталған мәселелерді кешенді шешудің қажеттілігін» атап өтті [9].

Әкімшілік реформаның әрі қарай дамуына Президент және Үкімет аса маңызды мән береді.

Бірақ, мемлекеттік басқару жүйесі төмендегідей сипатқа ие:

- орталық және жергілікті билік органдарының арасында алшақтық мол, үкімет өзінің «әдемі» әлеуметтік-экономикалық бағдарламалар әлемінде, ал бюрократиялық аппараттың орта және төменгі деңгейі өздерінің «үнсіз телефон» және «уақытша ауруы» бар заңдарымен өмір сүреді;

- ішкі элиталық процестер ішкі ведомствалық бәсекемен тығыз байланысты сонымен қатар бизнеспен биліктің өте жақындығы [10].

Жергілікті жерлердегі мемлекеттік басқару жүйесі маңызды өзгерістерге ұшырады. 2004 жылдың 4 қазанында үкімет жергілікті мемлекеттік басқару органдарының типтік құрылымын бекітті, оны 2005 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізу керек еді. 2005 жылдың 27 желтоқсанында бір жыл сақталған құрылымды өзгерте бастады. 2008 жылдың 20 наурызынан бастап үш жылдан артық болған облыстық әкімшіліктің құрылымы жаңаға ауыстырылды. Олар енді әкім аппаратынан және жиырма бір басқамадан тұрды.

Жергілікті органдармен министрліктердің аймақтық органдары, агенттіктер және комитеттер бірқатар мемлекеттік қызметтерді қайталайды. Сонымен қатар аймақаралық департаменттер мен инспекциялар бар, оларға аймақтарды бөлу стандартталмаған. Сонымен әрбір аймаққа әлеуметтік саясатпен айналысатын 2 құрылым келеді, 5 құрылым төтенше жағдайлар, 4-денсаулық, 3-құрылыс бойынша. Және де аймақтарда әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар құрылды, (объективті және субъективті себептер бойынша) олардың қолына бұрын әкімшіліктің қолында болған активтер өтті.

Бұл жағдайда мемлекеттік аппарат санының өсімі еш таңғалдырмайды. Егер 2003 жылы елде 79 мың мемлекеттік қызметкер болса, 2008 жылы жүз мыңға жетті [11]. 2007 жылы қазақстандық үкімет басшысы К.Мәсімов парламенттік тыңдауда «Әкімшілік реформа» тақырыбына баяндама жасап «мемлекеттік аппараттың тиімділігі пропорционалды өспеді» деген болатын [12].

Түсініксіз құрылым орталықта пайда болды. Монополияға қарсы саясатпен екі агенттік үздіксіз қызмет атқарады, ал екеуі өздерінің салалары бойынша. Қаржы секторына қазір МЭБП және тағы да басқаларды қоспағанда қаржы министрлігі, АФН және Ұлттық банк жауап береді. «Холдингілеу» процесі әлі де болса қарқынмен жүреді. «Самұқ», «Қазына», «Қазагро», «Самғау» және «Қазатомпром» қатарына білім беру және медициналық холдингтер қосылды [13].

Қазақстан Республикасының Президентінің 2008 жылғы халыққа Жолдауында «әкімшілік реформаның басты элементтерінің бірі болып елдегі жаңа кадрлық саясат табылу керек. Дамудың қазіргі кезеңінде адами фактор маңызды болып табылады. Мемлекеттік басқару жүйесінде жаңа формацияның басқарушыларының кәсіби негізін құруға бағытталған қазіргі заманға сай амалдар ойлап табылуы керек» дейді [14].

ҚР мемлекеттік қызмет жөніндегі агенттік бойынша, мемлекеттік қызметкер үш қасиетке ие болу керек жоғарғы кәсіби, жоғарғы ынталанған және жоғарғы этикалы. «Үлкен мәселе аймақтар» деп санайтын ҚР мемлекеттік қызмет жөніндегі агентстваның төрағасы Г.Р.Абдрахимов: «... біз бағдарламалар, стратегиялар жасаймыз...егер де аймақтарда осы бағдарламалармен стратегияларды түсінбейтін адамдар болса онда бағдарламалар жай қағазға айналады. Қазір біз концепцияға, жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлерінің кәсіби деңгейін көтеруге бағытталған механизм енгізудеміз» [15].

Агенттік мемлекеттік қызметкерлерді кәсібилендірудің жаңа амалдарын қарастыруда. Олардың арасында мемлекеттік қызметкерлерді біліктілігімен және мемлекеттік қызметкерлердің еңбек нарығына бағыт алу негіздеріне орай таңдау бар [16].

2008 жылдың аяғында Қазақстанда қоғамды әрі қарай демократияландыруға бағытталған бірқатар заңдар қабылданды:

- «ҚР сайлау заңына» өзгерістермен толықтырулар енгізілді;
- ҚР «саяси партиялар туралы» заңына толықтырулармен өзгертулер енгізілді;
- БАҚ мәселесіне байланысты ҚР кейбір заңнамаларына толықтырулармен өзгертулер енгізілді;
- жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару ҚР кейбір заңдық актілеріне толықтырулармен өзгертулер енгізілді.

Бұндай заңдардың қабылдануы қазақстандық әлеуметтік мәдениеттің өзгерісін көрсетеді. Қазіргі таңда біз қазақстандық басқару жүйесінде инновациялық негіздің жоқтығын немесе төмендігін және өзін ұйымдастырушы азаматтық әлеуметте белсенділіктің, тапқырлықтың және инновациялықтың қарқынды өсуін байқаймыз. Қазақстандық элитаның жаңа ұрпағы өзгерістерді тасушы және басқарудың жаңа сапалы моделін құруды үйренушісі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.А. Модернизация государственного управления на принципах корпоративного управления, транспарентности и подотчетности обществу // Казахстанская правда. - 2006. - 2 сентября. - С. 2-3.
2. Стратегический план развития Республики Казахстан до 2010 года Утвержден Указом Президента Республики Казахстан от 4 декабря 2001 года №735 // Официальный сайт Министерства охраны окружающей среды Республики Казахстан www.nature.kz
3. Стратегический план развития Республики Казахстан до 2010 года Утвержден Указом Президента Республики Казахстан от 4 декабря 2001 года №735 // Официальный сайт Министерства охраны окружающей среды Республики Казахстан www.nature.kz
4. Указ Президента Республики Казахстан от 28 августа 2006 года № 167 «О Стратегии территориального развития Республики Казахстан до 2015 года» // Казахстанский юридический портал Юрист www.zakon.kz
5. Указ Президента Республики Казахстан от 3 мая 2005 года № 1567 «О Кодексе чести государственных служащих Республики Казахстан» // Казахстанский юридический портала Юрист www.zakon.kz
6. Выступление Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева на открытии третьей сессии Парламента Республики Казахстан «Модернизация государственного управления на принципах корпоративного управления, транспарентности и подотчетности обществу» (г. Астана, 1 сентября 2006 года) // Официальный сайт президента РК www.akorda.kz
7. В Агентстве Республики Казахстан по делам государственной службы подведены итоги работы за 2006 год // Национальное информационное агентство «КазИнформ» 22.01.2007 <http://www.inform.kz>
8. Турисбеков З.К., Капаров С. Управление государственной службой в Казахстане. Из опыта функционирования казахстанской модели. - Екатеринбург, 2002. - 160 с.
9. Выступление Президента РК Н.А. Назарбаева на объединенном заседании Парламента // Казахстанская правда. 2.09. 2006
10. 100 дней, которые не потрясли Казахстан // Группа оценки рисков http://www.risk.kz/pages.php?id=2&id_m=202

11. Мониторинг состояния кадров государственной службы Республики Казахстан (по состоянию на 1 октября 2008 года) // Официальный сайт Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы, 21.11.2008 http://www.kyzmet.kz/?type=news&id_1=0&id_2=5&lang=ru&nid=293.
12. Масимов К. Шесть блоков административной реформы в Казахстане Тезисы выступления премьер-министра Республики Казахстан на парламентских слушаниях на тему "Административная реформа", Астана, 21 мая 2008 года // Официальный сайт Правительства Республики Казахстан www.government.kz
13. Ашимбаев Д. Путеводитель по административной реформе // Международный деловой журнал Kazakhstan №2, 2008 год
14. Послание Президента Нурсултана Назарбаева народу Казахстана (Астана, 6 февраля 2008 г.) «Рост благосостояние народа Казахстана – главная цель государственной политики» <http://www.kazakhemb.org.il/?CategoryID=247&ArticleID=472>
15. Интервью председателя Агентства РК по делам государственной службы Абдрахимова Г.Р. газете «Новое поколение» от 13 июня 2008 года // Официальный сайт Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы, http://www.kyzmet.kz/?id_1=3&type=news&lang=ru&nid=264
16. В Агентстве Республики Казахстан по делам государственной службы состоялся круглый стол по теме «Управление человеческими ресурсами в условиях финансового кризиса». // Официальный сайт Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы, Пресс-служба Агентства РК по делам государственной службы 30.10.2008 <http://www.kyzmet.kz/>

Саяси өзгерістердің табиғаты туралы мәселеге қатысты

Балташ ҚАРИПОВ,

М. Ломоносов атын. ММУ-нің әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдары оқытушыларының біліктіліген арттыру және қайта даярлау институтының докторанты

Саяси өзгерістердің табиғатының теориялық тұжырымдамасы «саяси үрдіс», «саяси өзгерістер мен дамулар», «саяси өзгерістердің түрлері мен нысандары» сияқты және тағы басқа да ұғымдардан тұрады.

«Саяси үрдіс» ұғымы саясаттану дискурсының негізгі санаттарының бірі болып табылады. Саяси ғылымда ұдайы қолданылып жүргенімен оған әлі күнге дейін нақты түсінік берілмеген. Процессуалдық көзқарас ұстанған батыс ғылымдары саяси үрдіс өзінің көлемі бойынша саяси саламен сәйкес деп есептеп, оны тұтас саясатпен (Р.Доуз), немесе билік субъектілері жүргізген барлық акциялардың жиынтығы, олардың мәртебелері мен әсерлері өзгеруі ретінде қарастырады (Ч.Мэррием). Институционалдық көзқарастың жақтастары саяси үрдісті билік институттарын функционалдандырумен және трансформациялаумен байланыстырады (С.Хантингтон). Д.Истон оны саяси жүйенің қоршаған ортаның әсеріне әрекеттерінің жиынтығы ретінде түсінеді. Р.Дарендорф топтардың билік мәртебелері мен қорлары үшін бәсекелесу қарқынына арқау жасайды, ал Дж. Мангейм мен Р.Рич оны мемлекеттік институттар қызметінің сипатын белгілейтін және қоғамға әсер ететін күрделі кешенді уақиғалар ретінде қарастырады (қараңыз: Политическая наука ..., 1999).

Ресейдің саясаттануында да саяси үрдісті әртүрлі бағалау орын алып отыр. Мысалы, М.В.Ильин саяси үрдісті саясаттың синхрондық-диахрондық кесіндісі ретінде қарастырады (қараңыз: М.В.Ильин, 1993), А.И.Соловьев саяси құбылыстардағы қозғалысқа назар аударады (қараңыз: А.И.Соловьев, 2000), «Политический процесс: основные аспекты и способы анализа» ұжымдық жинағының авторлары қызметтік көзқарасты негізге алады (қараңыз: Политический процесс ..., 2001). И.И.Кравченко саяси үрдістің кеңістіктік-уақыттық оқшаулануына назар аударады (қараңыз: И.И.Кравченко, 1999, 2001).

Осы көзқарастардың барлығы саяси үрдістің маңызды шығу көздерін, жағдайлары мен түрлерін сипаттайды. Бірақ саяси әлемнің негізін қалаушы өзге ұстанымдардан басты өзгешелігі олардың әртүрлі ұстанымдары мен саяси құбылыстарды сипаттауы тұрақты өзгеріп отыратындығын ашып беруінде. Қарастырылған көзқарастарға сүйене отырып «саяси үрдіс» субъектілердің шын ниетіне сай және әртүрлі жойқын әрекеттер нәтижесінде де қалыптасатын саяси нысандардың нақты негізгі қалыптарын ашып көрсетеді деп санауға болады. Бұл тұрғыдан алып қарағанда саяси үрдіс уақиғаның дамуында қандай да бір алғы шарт немесе алдын ала белгілеуге жол бермейді және

құбылыстың түрі іс жүзінде өзгеруіне баса назар аударады. Осылайша, саяси үрдіс саяси құбылыстың қозғалысын, динамикасын, жетілуін, олардың уақытпен кеңістікте өзгерту жағдайын ашып көрсетеді.

Осыған байланысты мынадай сұрақ туындайды: егер «саяси үрдіс» түсінігі саяси құбылыстың өзгеруін көрсететін болса, онда жаңасын енгізудің қажеті бар ма? Бұл жағдайда қажеті бар. Біз басымыздан кешіріп отырған және табылып отырған саяси шындық бірінен соң бірі тізбектеліп келіп отыратын тұтас жағдайларға бөлінеді. Осылайша саяси ахуалдың әртүрлі уақыттық кесінділерінің элементтері мен құрылымдық-функционалдық байланыстары арасында диахрондық сәйкестік анықталады. Ол саяси жүйенің ахуалы қайта қалпына келтірілетіндіктен мүмкін болады. Мысалы, электрондық сәуле суреттерді бірінен соң бірін тізбектеп теледидар экранындағы бейнені қозғалысқа келтіреді. Саяси үрдіс – «суреттер ауысуының» көрінісі. Оны саяси жүйенің жағдайы, оның нақты кезеңдегі қызметі өзгеруінен байқауға болады.

Саяси жүйе әртүрлі көлемдегі кезеңдерді қалпына келтіру: тәуліктің апталық, айлық, жылдық және т.б. Көбіне табиғи құбылысқа тәуелді адамзат қауымдастығы мерзімдік кезеңдерге саяси үрдістер құрады. Индустриалды қауымдастықтар апталық немесе айлық сияқты жасанды кезеңдерді ұнатады. Әрине әрбір кезең элементтер мен байланыстардың бір бөлігін ғана қалпына келтіре алады. Саяси жүйе өзін-өзі жаңғыртудың барлық кезеңін өткергеннен кейін ғана толық болады. Айталық қандайда монархия бір коронациялау актісінен келесісіне дейін алып карағанда ғана қалыптасқан жүйе деп танылса, республика бір сайлаудан келесі сайлауға дейін танылады. Бұл жағдайда саяси үдерістің маңызды көрсеткіші саяси жүйенің түрі немесе жаңғырту (қызмет ету) тәртібі болып табылады. Метонимиялық тасымал бойынша саяси жүйе басымдылыққа ие және оның қызмет етуі мен өзін-өзі жаңғырту түрлерін белгілейтін билік құрылымдарының жиынтығын «режим» деп атайды, яғни нағыз режим. Оның негізін, әсіресе бөлуді, билікті конституциландыру қағидасы құрайды. Оны шартты түрдегі деңгейлік көрсеткіш ретінде қарастыруға болады. Оның бір басында – билікті мейлінше шоғырландыру, басқаруды орталықтандыру (жеке тұлға билігінің режимі – Б.К.); келесі басында – тайпаны немесе бұқараның (қазіргі жайдайдағы) жойқын самодержавиесі. Бұл жерде мейлінше шоғырландырылған, ал басқару орталықсыздандырылған. Бұл саяси үрдістің бірінші өзегі. Екіншісі басқарудың түрін сипаттамайды, оның тәсілі мен стилін көрсетеді. Өзге деңгейлік көрсеткіш құрылады: тәртіпті (авторитарлық) күштеп қолданудан саяси акторлардың (либеральдық) спонтандық ипульссыздығына толық сенуге дейін. Екі координаттық осьтердің қиылысуы нәтижесінде саяси үрдіс режимін өзгертіп отырудың тұтас алаңы пайда болады. Толығырақ көрсету үшін осындай айнымалы үшінші өлшем қажет – ол саяси жүйенің өзін-өзі жаңғырту қасиеті. Оны тавтология – импровизация деңгейлік көрсеткіші арқылы көрсетуге болады. Бір қиындығы, саяси жүйе мейлінше дәлдікпен нақты регламенттелген дәстүр арқылы өзін-өзі жаңғыртуында; екіншісі – жүйенің әрбір өмір сүру кезеңі (бір коронациялау актісінен келесісіне дейін немесе бір сайлаудан келесі сайлауға дейін) толық жаңарумен сипатталады немесе кем дегенде институттардың, заңдардың, әдет-ғұрыптардың өзгеруінде.

Саяси жүйенің өзін-өзі жаңғырту кезеңдері әлбетте кейбір өзгерістермен байланысты. Ерекшеліктердің жинақталуы ерте ме, кеш пе сапалық өзгерістер

әкеліп соғады, яғни, жаңа саяси жүйе туындайды. Мұны саяси үрдістің терминдерімен де атауға болар еді. Бірақ аталған ұғым бұл жағдайда жинақталған өзгерістер саяси үрдістің өзіне қатысты болғандықтан жұмыс істемейді. Барлық үш осьте анық немесе аздаған қозғалыстар байқалады, олар қозғалыстың жаңа түрлерін құрайды. Ахуалдың ауысуы емес, саяси жүйенің, ахуал ауысуының режимін емес, сол режимнің ауысу түрін сипаттайтын ірі көлемді түсінік қажет. «Саяси өзгеріс» түсінігі осы талаптарға жауап береді. Өйткені әрбір түсінік – өзін-өзі дамытудың ішкі логикасына бағынатын және қоғам тарапынан, сол сияқты сыртқы ортадан келетін ынталандыру мен тосқауылдарға әрекет ететін тірі организм. Саяси жүйелер қозғалысының қайнар көзі – даму диалектикасы, ішкі қайшылықтарды шешу мен сыртқы әсерлерге жауап табу. Саяси өзгерістерді саяси жүйенің жағдайындағы оның жаңғыру кезеңін (қалыптасу, жоғары деңгейге шығып дамуы, қызмет етуі) қамтамасыз ететін белгілі бір өзгерістермен түсіндіруге болады. Осы тұрғыдан алып карағанда, саяси өзгеріс құрылымдар мен функциялардың, институттар мен формалардың, кез келген түрлерін, тұрақты және айнымалы қасиеттерін, даму қарқынын және саяси құбылыстың өзге көрсеткіштерін білдіреді. Өзгерістер биліктің негізгі құрылымдары мен тетіктеріне әсер етпей қасиеттерін ғана өзгертеді, кейбір институттар (мысалы, көшбасшылары, үкімет ауысуы мүмкін, бірақ жетекші құндылықтар, нормалар, билікті қолдау жөнелту тәсілдері бұрынғыдай қала береді – Б.К.), сол сияқты жиынтығында жаңа сапалы жағдайдың жүйемен қозғалуына әсер ететін негізгі элементтер. Сонымен қатар саяси өзгерістер көлемі күнделікті өмір мен тарихтың көлеміне айналады (қараңыз: Политический процесс ..., 2001).

Саяси өзгерістер тұрақты, өйткені өзгермейтіні жоқ, яғни, дамымайтын қоғам болмайтыны сияқты бір орында қатып қалған саяси жүйе де болмайды. Бірақ, өзгерістің екі түрін анықтап алған дұрыс – ұдайы қозғалыс қажеттігіне негізделген, индустриалды қоғамның логикасымен жылжитын динамикалық, және әлсіз әлеуметтік толқулардан күш алатын, әдеттегі құрылым гомеостазынан шыға алмайтын стационарлық (stationarius - қозғалыссыз) (қараңыз: Категория политической науки, 2002).

Саяси өзгерістер құрылымын әртүрлі саяси авторлар арасындағы әрекеттерге талдау жасау арқылы, сонымен қатар, осы құбылыстың динамикасын (саяси үрдістің негізгі фазаларын, ол фазалардың ауысуын және т.б.) анықтау арқылы көрсетуге болады. Саяси үдеріске әсер ететін факторларды анықтау да өте маңызды. Осылайша, бұл құрылымды авторлар арасында өзара қарым-қатынас, сонымен қатар олардың логикалық сабақтастығы (саяси үрдістің (сюжеті) ретінде белгілеуге болады. Әрбір саяси өзгерістің бөлек алып карағанда өз құрылымы болады, тиісінше өз «сюжеті» болады. Авторлары – саяси жүйелер, саяси институттар (мемлекет, азаматтық қоғам, саяси партиялар және т.б.), ұйымдасқан немесе ұйымдаспаған топтар, сонымен қатар жеке тұлғалар – олардың өзара бірлескен қимылдарының, сабақтастығы, динамикасы немесе сюжеті, уақытша өлшем бірліктері, сол сияқты саяси үрдіске әсер ететін, әдетте «саяси өзгерістер көрсеткіштері» деп аталатын факторлар.

Енді саяси өзгерістердің құрылымымен, алуан түрлілігімен, формаларымен дамуымен және құлдырауымен айқындалатын өмір сүру тәсілдері туралы айтуымыз қажет.

Саяси құбылыстардың қызметі азаматтардың өзара қарым-қатынастарын тәртібін немесе мемлекеттік билік институттарының өздерінің нақты қызметтерін қалыптасқан негізгі, «жазылған» мағынасынан асырмайды. Мысалы, жалпы қоғам деңгейінде – бұл қалыптасқан саяси жүйені қолдау түрі, олардың базалық қатынастарын, негізгі құрылымдық функциялары мен институттарының өнімділігін, элита мен электорат, партиялар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары арасындағы қарым-қатынасты көрсететін тепе-теңдікті сақтау. Бұл саяси өзгерістердің бірінші тәсілі. Мұндай өзгерістер әдет-ғұрыптар мен сабақтастық кез келген инновациялардың алдында сөзсіз басымдылыққа ие болады. Саяси үрдіс өзінің көлемі бойынша барлық саяси кеңістікке сай келіп тік қатынастарды мен мемлекеттік билік үшін бәсекелесті тетіктерін сипаттайтын, қоғамда қалыптасқан саяси ойынның нормалары мен ережелеріне сай конвенциялық (келісім-шарттық, нормативтік) өзгерістер ғана тарамайды. Сонымен қатар саяси үрдіс субъектілердің нормативтік бағаларда айқындалған басшылық функцияларын бұзуын, асыра сілтеулерін өзінің саяси міндеттерінің аясынан шығуын куәләндететін өзгерістерді қамтиды. Осылайша саяси үрдістің мазмұнына мемлекеттік билікке қатысты жалпы қалыптасқан стандарттармен келіспейтін субъектілердің қызметін кездесетін өзгерістер де еніп кетеді.

Саяси өзгерістердің екінші тәсілі – даму. Ол саяси құбылыстардың эволюциялық сипаттағы оң өзгерістерін көрсететін базалық көрсеткіштер өз ырғағы (циклдығы, қайталанбалылығы), субъектілердің, құрылымдар мен институттардың үйлесімділігі болады. Саяси өзгерістердің мұндай сипатында әртүрлі әлеуметтік топтар мен азаматтардың мүдделерін күрделендіре отырып стратегия мен билік жүргізу технологиясын жетілдіреді, ол саяси жүйені қоғамдық өмірдің өзге салаларындағы өзгерістерге сай келу қабілетін арттырады. Саяси өзгерістің осы тәсіліне саяси реформа сәйкес келеді.

Өзгерістердің үшінші тәсілі – құлдырау. Қалыптасқан базалық формалар мен қатынастардың өзгеруі. Олар саяси құбылыстың келеңсіз болашағын меңзейтін немесе П.Б.Струве образды түрде айтқандай, құлдырау саясаттың «регрессивтік метаморфозасы» (қараңыз: Струве П.Б., 1999). Құлдырау жағдайында саяси өзгерістер энтропияның өсуімен және тебуші тенденцияның интеграциядан басым болуымен сипатталады. Сондықтан құлдырау қалыптасқан саяси тұтастықтың таратылуын көрсетеді. Қоғам көлемінде мұндай өзгерістер режим қабылдап жатқан шешімдер оған әлеуметтік қатынастарды реттеу мен басқару мүмкіндік бермей отырғандығын білдіреді, соның салдарынан режим өзінің өмір сүруі үшін қажетті тұрақтылығы мен заңдылығынан айрылады.

Саяси құбылыстағы нақты қалыптасқан өзгерістерді көрсете отырып, саяси үрдістің мазмұнына міндетті түрде тиісті іс-әрекеттер мен іс-әрекет рәсімдері сонымен қатар теориялық тұжырымдар мен идеологиялық ұғымдардың нақты формалары жатады. Былайша айтқанда саяси үрдіс нақты субъектінің сол немесе өзге уақытта, сол жерде немесе өзге жерде өзіне тән тану мен іс-әрекет тәсілдері мен түрлерінің қызметіне байланысты өзгерістер сипатын көрсетеді. Бұл буынсыз саяси өзгеріс өзінің нақты тарихи ерекшелігі мен идеялық теориялық рәсімделуінен айрылып абстрактылы сипатқа ие болады.

Қазіргі заман үшін даму түрі бойынша өзгерістер ерекше маңызды. Бұл өзгерістер саяси жүйелердің эволюциясының сапалық бағытталуын, саяси

үрдісті солай немесе өзгеше түсіндіруді, саяси режимдердің максаттық стратегияларын, билік ұйымының сапалық идентификациясын анықтаумен байланысты. Егер өзгерістер үрдісі кез келген объектіні, кез келген тарапты ұстанатын болса, онда даму үрдісі – объектінің жай ғана өзгеруі емес, тек оның объектінің ішкі құрылысында, оның құрылымында, оның бірі-бірімен қызметтік жағынан байланысты элементтер, қатынастары мен тәуелділіктері өгеруіне байланысты. Осы тұрғыдан алып қарағанда ол жүйелерді құрастырушы, үрдіске қатысушы элементтер жиынтығы арасындағы байланыс түрін көрсетеді. Құрамдас элементтердің бірі үдеріс құрушы ролін атқарады, ал өзгелері оның шарттары болады. Анықтау кезінде «не дамиды?» деген сұраққа жауап беру қажет үрдісті құрастырушы элементтер, «неменеге дамиды?» сұрағына жауап беретін элементтерді құрастырушы үрдістің бастапқы тармағын көрсетеді, – бұл саяси үрдістің нәтижесі. Егер даму механизмін тең көлемді және тең бағытталған күштер жиынтығына ұқсатсақ, онда бастапқы нүктені үрдістің нәтижесімен байланыстыратын «түзудің кесіндісі», оның нәтижесі, барлық күштердің қосындысы, ең қысқа қашықтығы, саяси қайта құру нысанында жүріп жатқан өзгерістердің негізін мейлінше тұжырымды көрсететін және осы өзгерістердің бағытын нұсқаушы вектор болып табылады. Үрдістің шарттары – объектінің бастапқы нүктеден нәтижеге айналуын қамтамасыз ететін құрамдас бөлігі. «Өмірдің» сыртқы жағдайларына байланысты болғандықтан және дамудың сыртқы ағымын анықтайтындықтан даму механизмінің бір бөлігі ретінде оларды саяси үрдістің нақты тарихи жағдайларынан бөліп қарау қажет.

Саяси даму объектінің құрылымындағы кез келген өзгерістерді емес тек оның сапалықтарын ғана көрсетеді. Егер жалпы теориялық ережелер тұрғысынан алсақ, кез келген құрылым үш көрсеткішпен сипатталады: құрамдас бөліктерінің санымен; олардың бір-біріне қатысты орналасу және олардың өзара тәуелділігімен, олай болса саяси даму бір сапа (бір сан, сапа, тәртіп және тәуелділік түрінің құрылымдық бөлігі) құрылымнан екінші сапа (өзге сан, сапа, тәртіп және тәуелділік түрінің құрылымдық бөлігі) құрылымға көшу болып табылады. Олай болса, саяси үрдістің дамуы құрылым элементтерінің саны өзгеруімен ғана (өсу немесе кему) сәйкес келмейді, сондықтан *n* элементті құрылымнан *n* және *m* элементті құрылымға қарай қозғалыс ретінде беріле алмайды. Даму үрдісінде құрылым элементтері пайда болып қана қоймайды, жоғалып отыруы да мүмкін, сондықтан олардың саны белгілі бір дәрежеде тұрақты болып қала алмайды. Сонымен қатар, құрылымның сапалық өзгерісі, оларда жаңа құрылымдық бөліктер пайда болуы оның саны аса әсер етпей де орын алуы мүмкін, мысалы, ескі элементтердің функциялары, олардың өзара қатысы және т.б. өзгеруі есебінен. Ең бастығы дамушы объектінің жүйелілік сипатына байланысты оның құрылымдағы құрамдас бөлігі пайда болуы немесе жоғалуы сапалық өзгеріске, жай қосуға немесе «бірді» алып тастауға ғана тең емес, ол жаңа байланыстар мен тәуелділіктер пайда болуына, ескілерінің жаңаруына және т.с.с. алып келеді, яғни саяси жүйенің құрылымдық элементтерінің барлық салмағы субстантивтілік немесе функционалдылыққа әкеліп соғады. Саяси даму үрдістері нақты түрлер мен нысандардың әртүрлілігімен сипатталады. Бұл дамушы объектілердің ортақ табиғатымен (мысалы, әлеуметтік) негізделеді, сол сияқты олардың құрылымдарының күрделілік деңгейіне байланысты болады. Барлық даму

үрдістерінің арасында ең жоғары генерализациялау деңгейінде бірі-бірімен байланысты екі түрі бар: эволюция және төңкеріс.

Біріншісі – белгілі бір «құрылым» ішінде жайлап өзгеріп отырады, ал екіншісі – белгілі шара мен сапа аясынан шығып кететін даму, былайша айтқанда – түбегейлі төңкеріс, бір сападан, екінші мейлінге жаңа сапаға секіріп өту.

Саяси өзгерістің басты идеялық түріне саяси реформа мен төңкерісті жатқызу әдетке айналған. Саяси реформа ең алдымен институттар мен мекемелер құрамының қызмет тәсілі мен қолданыстағы саяси құрылымның негіздері жоймайтын қайтақұрудың эволюциялық және бейбіт сипаты. Реформа, әдетте, заңда белгіленген тәртіппен жүргізіледі және саяси жүйенің қызмет көрсету шарттары дамуы барысындағы өзгерістерге бейімделу мүмкіндіктерін жетілдіру үшін «жоғарыдан» жүргізіледі. Нақты саяси жүйенің қабілеті – ұлттық қауымдастықтың көптеген мүдделері мен талаптарына, жаңа құрылымдық факторларға бейімделуі, оның түрі өзгеруін, қоршаған ортаға әсерін ескере отырып тұрақтылығын қамтамасыз етуі. Қандай да бір саясаттың тұрақтылығы ұзақ уақыттағы тұрақтылығы – өзгерістердің жоқтығын білдірмейді, мәжбүрлемелі әдістерімен икемді жүйелі реформалар жүргізу, проблемалы жағдайларды ескеру, саяси-нормативтік механизмдерді бейбіт өзгерістерге бағыттау. Реформаны тұрақтандырушы және тұрақты сипаты оның дәстүрмен өзара байланысы да анық байқалады. Дәстүрді, соның ішінде саяси дәстүрді әдетте өткен тәжірибенің тұрақтылығы мен сабақтастығын белгілейтін әлеуметтік-саяси мұра элементтерін молықтыру мен тұрмыс түрі ретінде көрсетіледі (қараңыз: Шацкий Е. 1990; Штомпка П., 1996; Ширинянц А.А., 2002). Дәстүрді дамуды жалпылама мағына мәнінде қарастыратын болсақ, онда оны саяси реформаны өнімді ресурсы болмай тұрып, пайдалану мүмкін емес. Мұндай қатынаста келген дәстүр сабақтастықты, өмірлік толыққандылықты, қоғамның өзгерісі мен жаңғыруын қамтамасыз ете отырып, даму үдерісінің, «жаңаның» «ескімен» арасындағы диалогтың тең құқылы мүшесі бола алады. Жаңғыру реформаның натын қоғамның дәстүрімен санасатын жерде табысты жүргізіледі, ал дәстүр өз кезегінде өзінің өмірлік күш-қуатын сақтайды, уақыт талабына жауап бере және өмір құрылысының жаңа формасына етене жанасады, яғни жаңарады. Болашақтың саяси проекциясы дәстүр сырып тастайтын «көлеңкесіз» мүмкін емес (қараңыз: Дәстүр және жаңару..., 1995). Революция реформаға қарағанда барынша нысаналы, бұған дейін жолы болмаған өзіндік сезіну мүмкіндігін жол ашатын саяси билік тез жаңарады. Политологтар «саяси революция» ұғымын әртүрлі пайымдайды (қараңыз: Г.А. Завалько, 2005). Алайда, түр-көзқарастарына қарамастан олар аталған саяси өзгеріске зорлық, жаңашылдық жалпылама қайта құрулар, акторлардың шамадан тыс белсенділігі, сондай-ақ революциялық қайтақұрулардың барынша жоғарғы деңгейлі динамизмін танытқандығында бірігеді. Олардың ең басты мақсаты – билік түрін өзгерту (қараңыз: Ш. Эйзенштатд, 1999; Ю.Н. Назаров, 2006).

Дамудың бастапқы және нәтижелендіруші пункттердегі нысанның құрылымы (тұтастай алғанда саяси жүйе немесе оның жекелеген фрагменттері) уақытпен шектеулі, яғни тарихи жағдайдағы дамып келе жатқан нысанның белгілі бір жағдайының мәні болып табылады. Дамудың үдерісі – механизмінің тұрғысынан тұтастай алғанда нысанның бір түрден екінші түрге, осы кезеңнен алдағы кезеңге өтуі бірқатар тарихи жағдай. Бұл са-

си дамудың уақытта болатын ағысын көрсетеді. Нысанның бір жағдайдан екінші жағдайға өтуі өткенді шексіз қайталау, шеңбер ішіндегі айналу емес, дегенмен де нысан өміріндегі тарихи ерте кезеңдегі уақиғалар, әдетте, осы кезеңге тиесілі уақиғаны қайталайды. Даму өзінің басымды саласы бойынша барынша дамыған және жетілдірілген нысан жағдайының кезеңді қозғалысына немесе қарсы бағыттағы қозғалысқа сай келеді. Бұл жерде, әдетте нысанның прогрессивтік және регрессивтік дамуы немесе оның дамуының өсу және төмендеу жолағы туралы айтылады. Осыған байланысты жолақтық даму моделінің тривиальдығына қарамастан, оларды тарихи политология саласында пайдалану әбден мүмкін. Мысалы, реформаланған Ресейдің сапалы сәйкестендірілуін, яғни саяси жүйесін бізге етене таныс даму көрсеткішінің қатаң түрде әзірленген жүйесі бар либерализм, консерватизм, социализм моделдерінің көмегімен жүзеге асыруға болады. Оларды пайдалану аталған жүйенің «қатаң түрде белгіленген типтің қасиеті бойынша өзгертулер есебінде» сапалы трансформациясын көрсетуге мүмкіндік береді (қараңыз: А.И. Соловьев, 2000). Сонымен қатар, Ресей капитализмді «қуып жетуші» роліндегі ел болып көрінеді (қараңыз: Ч.Ф. Эндрейн, 2000; Саяси үдеріс..., 2001). Ол көрсетілген моделдердің көрсеткіші бола алмайды. Дегенмен, бұл кемшілік саяси жаңғырту тұжырымдамасын қолдану арқылы деңгейленеді.

Дескриптивтік теориялық-әдістемелік талдау саяси өзгерістердің табиғаты объективтік негізге және когнитивтік анықталуға ие болатындығын көрсетті. Саяси өзгерістердің субстанциясын нақтылы-тарихи саяси үдеріс құрастырады. Оны зерттеудің ғылыми әдісі ретінде ақиқаттың қолжетімді дәрежесінде саяси өзгерістердің статикасы мен динамикасын анықтауға мүмкіндік беретін құрылымдық-функционалдық және институционалдық көзқарастар шығады. Негізгі әдістемелік құрал ретінде «жүйелік модель» ұғымы пайдаланылады. Оның көмегімен теориялық ой-толғамның негізін қалайтын саяси өзгерістің субъектілі-объектілі табиғаты ашылады. Ол тиісті түсінікті аппаратты, оның элементтерінің өзара әрекет етулері мен өзара байланысын, сондай-ақ саяси өзгерістердің ерекшеліктері мен құрылымдық деңгейін алдағы уақытта зерттеуді заттық артикуляциялауға жағдай туғызады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Политическая наука: новые направления. М., 1999, с. 210-219.
2. Ильин М.В. Ритмы и масштабы перемен. // Полис, 1993, № 2, с. 57.
3. Соловьев А.И. Политология: политическая теория, политические технологии. М., 2000, с. 289.
4. Политический процесс: основные аспекты и способы анализа. М., 2001, с. 5-6.
5. Кравченко И.И. Политический процесс. // Новая философская энциклопедия. В 4-х т. Т. III. М., 2001, с. 380; Кравченко И.И. Введение в исследование политики (философский аспект). М., 1999, с. 88-95.
6. Политический процесс: основные аспекты и способы анализа. М., 2001, с. 236.
7. Категории политической науки. М., 2002, с. 359-360. Гомеостаз – термин, заимствованный из биологии и означающий в политологии: 1) относительно

ное постоянство состава и качеств политической системы; 2) совокупности сложных приспособительных механизмов, устраняющих или максимально ограничивающих воздействие различных факторов внешней или внутренней среды на состояние политической системы.

8. Струве П.Б. Избранные сочинения. М., 1999, с. 62.
9. Шацкий Е. Утопия и традиция. М., 1990, с. 284; Штомпка П. Социология социальных изменений. М., 1996, с. 91.; Ширинянц А.А. Политическая культура интеллигенции России XIX – начала XX века (опыт концептуального анализа). М., 2002, с. 21.
10. Традиции и обновление. Диалоги мировоззрений. В 2-х ч. Ч. 1. Нижний Новгород, 1995, с. 44-47.
11. Завалько Г.А. Понятие «революция» в философии и общественных науках: проблемы, идеи, концепции. Изд. 2-е, испр. и доп. М., 2005, с. 223-230.
12. Эйзенштадт Ш. Революция и преобразование обществ. Сравнительное изучение цивилизаций. М., 1999, с. 44-45; Назаров Ю.Н. Революции в политической жизни общества. // Философия и общество. 2006, № 4, с. 74.
13. Соловьев А.И. Политология: политическая теория, политические технологии. М., 2000, с. 294.
14. Эндрейн Ч.Ф. Сравнительный анализ политических систем: эффективность осуществления политического курса и социального преобразования. М., 2000, с. 246.

«Нұр Отан» партиясының әлеуметтік саладағы қызметі

Орынбасар ТАЗАБЕКОВ,

Алматы қаласы әкімшілігінің Ішкі саясат басқармасының бастығы

Бүгінгі күні демократиялық бағытта дамушы елдерде мемлекет саясатын жүзеге асыруда саяси партиялар белгілі орын алады. Саяси партиялардың негізгі міндеттерінің бірі – қоғамдық мүдделерді жинақтау мен оларды саяси шешімдерді қабылдау жүйесі шеңберіне ұйымдасқан және бағытталған түрде ендіру [1]. Яғни, партия мүдделерді білдіруші, оны жүзеге асырушы саяси институттардың бірі. Сонымен қатар, саяси партиялар билік үшін бәсекелестік күресте қоғамдық қолдауды жұмылдырушы құрал ретінде қызмет жасайды. Партиялық жұмылдыру арқылы азаматтар қазіргі заманның саяси үрдісінің белсенді мүшесіне айналады, яғни іріктеу қызметін атқарады. Партиялар қоғамдық мүдделерді қалыптастыруда да белгілі роль атқарады.

Демократиялық режим жағдайында партиялар азаматтар, әлеуметтік топтар мен қоғам мүдделерін шынайы саяси үрдіске айналдыра алады. Жалпы саяси партиялар келесі функцияларды орындайды: әлеуметтік мүдделерді білдіру; әлеуметтік мүдделерді жинақтау; ұжымдық мақсаттарды қоя білу; билеуші элитаны тандау, сайлауға қатысу.

Саяси партиялар мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын негізгі институттардың бірі. Заманауи саяси партиялар мемлекеттік саясаттың ішкі де сыртқы да элементтері бола алады.

Мінеки, осы функцияларды жүзеге асыру мақсатында партиялар өз бағдарламаларын анықтап, қабылдайды. Кез келген саяси партия сайлаушылар мүдделерін ескере отырып өз бағдарламасы мен тұғырнамасын қалыптастырады. Бағдарлама – партияның мақсаты, міндеттері мен саяси қызметінің тәсілдерін анықтайтын құжат. Партиялық бағдарламалар, негізінен келесі бөлімдерден тұрады: саяси, экономикалық және әлеуметтік. Әр саяси партия қызмет бағыттары да осы салаларды қамтитыны түсінікті. Сонымен, «Нұр Отан» партиясының бағдарламасы да осы қызмет салаларын қамтиды. Біздің ойымызша, партияның белсенді қызметі мемлекеттік саясаттың маңызды салаларының бірі әлеуметтік салада көрініс тауып отыр.

Себебі, Қазақстан Республикасының дамуының негізгі бағыттарының бірі әлеуметтік мемлекетті құру. Қазақстан Республикасының І-бабына сәйкес біздің еліміз әлеуметтік мемлекетті орнатуды мақсат тұтады. Яғни, мемлекет өзінің бар мүмкіндігін, қамқорлығын өз қоғамының дамуы үшін, ондағы азаматтардың өмір сүру деңгейін көтеру үшін бағыттайды.

Сонымен қатар, мемлекетіміздің басты Стратегиялық даму құжаты – «Қазақстан - 2030» бағдарламасында елімізді әлеуметтік мемлекетке айналдыру мәселесі

басым бағыттардың бірі ретінде атап көрсетілді [2]. Мінеки осы айқындалған міндеттерге сәйкес бүгінгі күні Қазақстанда әлеуметтік мәселелерді шешу мақсатында мемлекеттік әлеуметтік саясат жүзеге асырылуда.

Кең мағынасында әлеуметтік саясат – мемлекеттік және мемлекеттік емес органдардың, ұйымдар мен мекемелердің өмір сүруге қажетті жағдай жасауға, халықтың әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға, қоғамдық ортада қолайлы әлеуметтік атмосфера туғызуға бағытталған теориялық ұстанымдар мен тәжірибелік шаралардың жиынтығы. Ал, тар мағынасындағы әлеуметтік саясат – мемлекет пен басқа да саяси және әлеуметтік институттардың қоғамның әлеуметтік саласының дамуына, адамдардың өмір сүруі салты мен сапасын жетілдіруге, олардың өмірлік қажеттіліктерінің белгілі бір бөлігін қамтамасыз етуге, азаматтарға тиісті әлеуметтік қолдау, көмек көрсетуге және ол үшін қаржылы немесе өзге де қоғамдық әлеуметтік қолдануға бағытталған іс-әрекеті.

Сонымен, әлеуметтік саясат – мемлекет пен өзге де саяси-әлеуметтік институттардың қоғамның әлеуметтік өмірін прогрессивті дамытуға, азаматтардың өмір сүру деңгейін, сапасын жетілдіруге, олардың өмірлік қажеттіліктері қамтамасыз етуге, оларға қажетті әлеуметтік қолдау көрсетуге, осы бағытта қаржылық институттар мен басқа да қоғамдық потенциалды қолдануға бағытталған іс-әрекет пен іс-шаралар жүйесі. Әлеуметтік саясаттың оңтайлы ұйымдастырылуы қоғам дамуының тұрақтылығы мен прогрессивті дамуының кепілі болып табылады.

Бүгінгі күні дамыған елдерде әлеуметтік мәселелер мемлекетпен әрқалай шешіледі. Мысалы, Германияда мемлекеттің әлеуметтік саясаты қамтитын мәселелер Дания мемлекетінде қамтылмайды. Герман мемлекеті өзінің әлеуметтік саясатын келесі бағыттарда жүргізеді: жалданбалы жұмыскерлерді қорғау; өндіріс пен кәсіпкерлік салада; жұмыссыздық бойынша жәрдемақы төлеу; әлеуметтік көмек көрсету; зейнетақымен қамтамасыз ету; білім беру саласындағы саясат; орта топ өкілдерінің мүддесін ескеру. Әлеуметтік саясат шеңберінде экономикалық бәсекелестікке бақылау жасалады, тұтыну нарығын қалыптастырумен айналысады, тұтынушыларды қорғау саясаты қалыптастырылады. Ал дат мемлекеті болса өзінің әлеуметтік саясат аясын кең қарастырмайды, яғни өзі жауап беретін мәселелер шеңберін ұлғайтпауға тырысады.

Қазіргі заманғы мемлекеттерде әлеуметтік саясаттың үш үлгісі қалыптасып отыр. Олар консервативті, либералдық және социал-демократиялық үлгілер. Әлеуметтік саясаттың либералдық үлгісінің негізіне «қамсыздандыру принципі», яғни аса қажет етуші топтарға ғана қаржылай көмек көрсету; социал-демократиялық үлгінің негізін салықтардан құралатын қордан барлық азаматтарға төлем алу принципіне негізделеді. Ал консервативтік үлгі болса осы екі үлгінің де принциптерін қатар қолданады.

Қазақстанның әлеуметтік мемлекет деп жариялануы, оның әлеуметтік дамуы тұрғындардың жоғары өмірлік стандарттармен қамтамасыз етілуіне баса назар беретінін көрсетеді. Қазақстандық әлеуметтік саясаттың келесі басымдықтары анықтауымызға болады:

- тұрғындардың радикалды әлеуметтік өзгерістерге бейімділігін арттыру, халықтың экономикалық белсенді бөлігін ынталандыру;
- халықтың экономикалық белсенділігін арттыру;
- нарықтық механизмдер мен құралдардың рөлін күшейту, халықтың сақталуы

ақша қоры мен шетелдік қорлардың инвестициясын әлеуметтік саланы қаржылай қамтамасыз етуге тарту;

- білім беру, медициналық, әлеуметтік қамтамасыз етуде мемлекеттік стандарттар негізінде әртүрлі деңгейдегі бюджетті қалыптастыру;

- қоршаған ортаны бұдан арғы құлдырауын, кері кетуін тоқтату.

Мінеки, осы әлеуметтік саладағы іс-шараларды жүзеге асыруда «Нұр Отан» партиясы да ат салысуда. Бұл мәселе партия бағдарламасында, сайлауалды тұғырнамада жан-жақты қамтылған. Осы әлеуметтік мемлекетті қалыптастыру мақсатында әрбір азаматқа лайықты өмір сүруді, әлеуметтік қамсыздандыруды қамтамасыз етуді көздейді. Айта кеткен жөн, партияның өз бағдарламасында өмір сапасының қазақстандық стандартын анықтауы да әлеуметтік салаға қатысты ұстанымын көрсетеді. Өмір сапасының қазақстандық стандартында бірінші кезекте, табыстың жоғары деңгейі, әлеуметтік сәйкессіздікті азайту, жоғары сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау, әлем мойындайтын және сұраныста болатын озық және қолжетімді білім, халықтың әлеуметтік жағдайы төмен бөлігіне кеңінен қолдау көрсету мәселелері қамтылуы, партияның осы мәселедегі позициясын нақтылай түседі.

Бірінші кезекте партия бағдарламасындағы әлеуметтік саясаттың әлемдік стандартқа сай қазіргі заманғы денсаулық сақтау жүйелерін құруға, сонымен қатар денсаулық сақтауға мемлекеттік шығындарды үнемі ЖІӨ 4 пайызға көтеруге қол жеткізуге; халықтың барлық бөлігі үшін баспананың сапалы қолжетімді болуына; халықтың басым бөлігінің табыстарын ескере отырып, баспана сатып алу үшін немесе құрылыс үшін ипотекалық және несиелеудің басқа да формалары мен әлеуметтік тұрғын үй салымдарының жүйесі жетілдіруге; әлеуметтік тұрғын үй және жалға алу кешендер құрылыс көлемдерін көбейтуге, оларды бөлуде қоғамдық бақылау қамтамасыз етілу және жеке тұрғын үй құрылысын дамытуға көмек көрсетуге; көп деңгейлі әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін жетілдіруге бағытталғанынан көреміз [3]. Сонымен қатар, «Нұр Отан» партиясы білім беру және зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін заманға сай жаңғырту қажеттігін көрсетеді.

«Нұр Отан» партиясы осы мақсат-міндеттерге әртүрлі республикандық акциялар мен іс-шараларды жүзеге асыру арқылы қол жеткізеді. Осы орайда, «Нұр Отан» партиясының сайлауалды бағдарламасында «Мемлекет барлық жас қазақстандықтардың жақсы білім алуына және лайықты жұмысқа ие болуы үшін барлық күшін салуы тиіс» деп көрсетілуі еліміздегі игі бастамаларға тірек болып отыр.

Елбасы, әрі партия жетекшісінің тапсырмасымен 2009 жылдан бастап бюджет саласындағы қызметкерлердің еңбек ақысы өссе, ал студенттердің шәкіртақысы 2008 жылдың қыркүйек айынан 7500 теңгеге көбейтілсе, 2009 жылы 20 пайызға – 9300 теңгеге дейін көбейту көзделген. Осы жерде біздің елімізде шәкіртақының басқа ТМД елдерімен салыстырғанда жиі өсіп отыратынын айт кеткеніміз жөн. Мысалы, көршілес жатқан Өзбекстанда 2008 жылы шәкіртақы, зейнетақы мен жәрдемақы 12 пайызға ғана көтерілген. Нақтылар болсақ, Өзбекстан студенті көбейтілгеннен кейін де, АҚШ долларымен есептегенде 50 доллардан аспайтын шәкіртақы алады екен. Ал қазақстандық студент 65 доллар шәкіртақы алады.

Сонымен қатар, «Нұр Отан» партиясының сайлауалды бағдарламасына сәйкес жұмысқа орналасу барысында мемлекеттік грант иегерлеріне басымдық беріледі.

Бұл өз кезегінде болашақ сапалы мамандарды дайындауда үлкен рөл атқарар сөзсіз.

Партияның білім беру саласындағы ізгі істерінің қатарында мемлекетті тапсырыс бойынша оқитын студенттер мен магистранттар, PhD докторанттарының көбеюін айтуымыз қажет. Мысалы, 2008-2009 оқу жылында 2006 оқу жылымен салыстырғанда мемлекеттік тапсырыспен оқитын студенттер саны 1000-ға дейін көбейген.

Сонымен қатар, «Болашақ» бағдарламасымен шетелде білім алатын студенттер саны да жылдан-жылға көбеюде. Осы жерде ауыл жастарына, мемлекеттік қызметкерлер, мемлекеттік ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындарында қызмет жасайтын ғылыми және педагогикалық қызметкерлер арналған арнайы квотаның бөлінуі де маңызды. Бұл сандық көрсеткіштерді сапалы нәтижелер беретіні күмән тудырмайды.

Әрі кәсіби-техникалық білім беру жүйесін қалыптастыру бағытында жұмыс жасалуда. Қазақстан Республикасы Президенті тапсырмасымен 2008-2012 жылдар арналған техникалық және кәсіби білім беру жүйесін дамыту туралы Мемлекеттік бағдарлама қабылданды. Бағдарламаның басты мақсаты - экономика салаларымен жұмыс берушілерді білікті және бәсекелестікке қабілетті мамандармен қамтамасыз ету үшін техникалық және кәсіби білім беру жүйесін жанарту.

Болашақ жастарда екенін ескерсек, партияның білім беру саласына көп көңіл бөлуі өте орынды. Әлемнің бәсекеге ең қабілетті 50 елінің қатарына енуіміз үшін бізге әлемдік деңгейге сай білікті де сапалы мамандар қажет. Қазақстанның бәсекеге қабілетті экономикасы ғана емес, бәсекеге қабілетті азаматтары болуы қажет. Сондықтан өзгерістер білім беру жүйесіндегі барлық деңгейлерді қамтуы тиіс.

«Нұр Отан» партиясы өзінің бағдарламасы мен сайлауалды тұғырнамасын анықталған іс-шараларын жүзеге асыруда Парламенттегі партия фракциясы қоғамдық қабылдауды ұйымдастыру сияқты тетіктерді кеңінен қолданып отыр. 2007 жылы партияның парламенттік фракциясының жанынан үш консультативтік-кеңестік органдар – Әлеуметтік кеңес, Экономиканы диверсификациялау кеңесі және Мәслихаттармен және азаматтық қоғам институттарымен байланыс кеңесі құрылды. Бұл құрылымдар өкілетті және атқарушы билік тармақтарының іс-әрекеттерін реттеуге бағытталған.

Осы жерде Әлеуметтік кеңес қызметіне тоқтала кетелік. Әлеуметтік кеңес мақсаты – қазақстандықтардың өмір сапасы стандарттарын көтеруге қол жеткізуді қамтамасыз ету. Осыған байланысты Әлеуметтік кеңес барлық Қазақстан азаматтарының мүдделерін қорғау үшін консенсус негізінде шешімдерді қабылдау жолдарын қарастырады. Бүгінгі күні Әлеуметтік кеңес жанында төрт тұрақты комиссия қызмет етуде: еңбек, тұрғындарды әлеуметтік қорғау және көмек қон мәселелері бойынша; ғылым және білім, мәдениет және жастар саясаты мәселелері бойынша; денсаулық сақтау және демография мәселелері; гендер теңдігі және отбасылық саясаты мәселелері бойынша. Сонымен, арнайы әлеуметтік мәселелермен шұғылданатын кеңестің жұмысы өзекті мәселелерді шешуге аталысу арқылы партияның тұрғындармен байланысын одан әрі тереңдетпек.

Бүгінгі күні партияның орталық аппаратында мәселелердің аймақтық картаға дайындалған. Яғни, аймақтар мұқтаждықтары мен өзекті мәселелері анықталған. Осы өзекті мәселелер қатарында сапалы білім беру мен дәрігерлік көмек көрсету

тұрғын-үй коммуналдық қызмет көрсету мәселелері бірінше орында тұр. 2009 жыл партиямен әлеуметтік жобалар жылы деп жарияланып отырғанын айта кету қажет [4].

Партияның тағы көңіл бөліп отырған мәселесі мүмкіндіктері шектеулі мүгедектерге, көп балалы аналарға, ардагерлерге көмек көрсету болып табылады. Мүгедектерге көмек көрсету бағдарламасы жасалып, аймақтарда жұмыс жасалуда. Осы істің жалғасы 2009 жылы Әлеуметтік кеңес бастамасымен ұйымдастырылған Қазақстандағы мүгедектер құқық сақтаудағы халықаралық стандарттарды жүзеге асыру жөніндегі дөңгелек үстелде қабылданған ұсыныстардан тапты. Бұл кездесуде мүгедектерді қолдаушы мемлекеттік қорды құрумен қатар қаржыландырудың балама көзі ретінде қайырымдылық қорлар жүйесін құру, мүмкіндіктері шектеулі адамдарды техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру сияқты нақты ұсыныстар қабылданды.

«Нұр Отан» партиясы зейнетақы көлемін бірізді көбейту, қарттықты қамтамасыз ету жүйесін одан әрі дамытып, жетілдіруді жақтайды [3]. Партия бағдарламасында мемлекеттің адамдардың жасы ұлғайған шағында материалдық қажеттілікті бастан өткермеуі үшін барлық күш-жігерлерін салуы қажеттігі айқын көрсетілген. Осы мақсатта елімізде зейнетақы мөлшері жыл сайын өсіп отырғанын айтуымыз қажет.

Жалпы әлеуметтік мәселелерді шешу мақсатында партия тарапынан жүзеге асырылып отырған іс-шараларды көптеп келтіруімізге болады. Ең бастысы әлеуметтік мәселелерді шешуге ат салысу еліміздегі саяси тұрақтылықты қамтамасыз етудің басты жолдарының бірі екені сөзсіз.

Қорытындыда айтарымыз, әлеуметтік саясаттың тиімділігі мен әрекеттілігінен елімізді жанарту стратегиясының басым бағыттарын жүзеге асыру тәуелді екенін әркезде де ескеруіміз қажет. Бұл біздің әлеуметтік мемлекет құру мақсатымыздан туындап отырған міндет. Сондықтан партия осы саладағы қызметін одан әрі жетілдіріп, тиімдендіріп отыруы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Введение в политологию: Словарь-справочник /сост. Купряшин Г.Л., Лебедева Т.Т., Марченко Г.И. и др. под ред. В.П. Пугачева. – Москва: Аспект Пресс, 1996. С.264.
2. Н.Ә. Назарбаев Қазақстан - 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының өсуі. Алматы, 1997.
3. «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының бағдарламасы. – Астана, 2007 ж. 16, 17-бб.
4. Человек дела: Одна на всех. Интервью с первым заместителем председателя НДП «Нұр Отан» Дарханом Калетаевым. 2009, 2-1 // <http://www.businesswomen.kz/ru/>

Билікті орталықсыздандыру мәні және мақсаттары.

Гүлжан ҚАМЫРОВА,
Өль-Фараби атындағы ҚазҰУ саясаттану кафедрасының
ізденушісі

Қазақстан тарихының қазіргі даму барысында мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру проблемасы саяси жаңғырту үрдістерінің негізінде алдыңғы қатарға шығып отыр. Бұл бастамалардың бас мақсаттары, республикамыздың саяси жүйесіне демократияның негіздерін толығымен енгізу, сондай-ақ, Қазақстан азаматтарын саяси шешім қабылдау үрдісіне барынша жақындату. Мемлекеттің басқару мақсаттары халықтың мүдделеріне сай болуы елдің өркениеттік деңгейін сипаттайды. Демек, қоғамдағы саяси және әлеуметтік проблемалар үкіметтік басқарылымының қалыптасуының қайнар көзі болуы тиіс.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылып, мақсатын көздеп отыр. Алайда, бұл жолда бастысы халықтың саяси мәдениеті, қоғамдағы саяси институттардың тиімділігін, азаматтардың жергілікті мәселелер қатысты жалпы саяси мәселерді шешуге белсенді қатысу үрдістерін ұлғайту керек. Саяси-әлеуметтік саланың тұрақтылығының басты шарты, азаматтардың әлеуметтік әрекеттері арқылы саяси жүйеге бейімделуі. Осы мақсатта азаматтарды саяси әлеуметтендіру үрдісін нығайту қажет. Демократиялық қоғамда әрбір азамат саяси-қоғамдық өмірге қатысуға және саяси шешімдер қабылдауға құқығы ғана емес, сонымен қатар міндетті. Қазіргі кезде республикамыздың басқару жүйесін жанарту үрдістері кеңінен дамуда.

ҚР Конституциясында Президенттік басқару тәртібі бекітілген. Бұл басқару формасы, осы уақыттың талаптарына сай екенін дәлелдейтін саяси-әлеуметтік шындықпен себептелінген. Әрине, «бұл саяси билік құрылысында екі идея біріктіру әрекеті жасалған: күшті мемлекеттік билік және оның бірлігі», әйтпекететіні, осы идеялар демократия құндылықтарына қайшы келмейді [1].

Қазақстанның Ата заңында бекітілген құқықтық мемлекеттің орталық биліктің бірлігін талап етеді. Басты міндет, осы жағдайды ескере отырып, мемлекеттік билік өкілдіктерін қайта бөлуді жетілдіру. Осылайша, билік бірлігін сақтап қалып мемлекеттік басқару функцияларын бөлу, басқару қызметтерін теңестіре және тиімділігін арттыратын сенімді саяси жүйесін құру орталықсыздандыру үрдісінің негіздері болып тұрақталған. Мемлекеттік басқару құрылымдарының біреуінің нығайтылуы биліктегі өзара қарым-қатынастар тұрақтылығының бұзылуына әкеп соғады, бұл мәселеде шектен тыс кетуді болдырмау керек. Осы жағдайда Президенттік институты қауіпке қарсы салмақ ретінде болса, мемлекеттік басқару органдарының үйлесімді байланысын орнықтырады.

Бірақ, саяси биліктің осындай құрылымы авторитарлық тенденцияларға жол беруі мүмкін. Сондықтан, ҚР Президентінің Жолдауында, өкілетті органдар

орны мен маңыздарын нығайтудың, президенттік-парламенттік басқару тәртібін орнату арқылы мемлекеттік басқаруды орталықсыздандырудың қажеттілігі анықталған.

Қазіргі таңда, Қазақстанның саяси жүйесін жаңғырту үрдісі келесі бағыттарда іске асырылуда:

- билік жүйесін құқықтық негізде қалыптастыру және жетілдіру;
- мемлекеттің конституциялық дамуын қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының сайлау жүйесін жетілдіру және парламентаризм институтын нығайту;
- сот-құқықтық жүйесін жаңғырту;
- жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін енгізу;
- партиялық жүйе және тәуелсіз қоғамдық ұйымдардың беделін арттыру;
- бұқаралық ақпарат құралдары мен саяси плюрализмді дамыту.

Қазіргі кезеңде, қоғам ішінде орталықсыздандыру, басқару негіздерін демократия құндылықтарына сай келтіру, өзін-өзі басқару институтын енгізу үрдістерін талқылау орын алуда. Мемлекетіміздің саяси партияларының, беделді ғалымдар қауымдастықтарының, белсенді азаматтарының әрекеттерінің басты міндеттері, өзін-өзі басқару құралдарын толықтай талдау, осы бастамалардың әлеуметтік тиімділігін, азаматтардың осы жаңғыртуларға дайындық дәрежесін анықтау.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» халыққа Жолдауында айтылғандай, «қалыптасқан жағдайды терең де жан-жақты талқылап, әлемдік тәжірибені ескере отырып, өзгерістердің қарқынын және жаңа институттардың қалыптасуын талдау қажет» [2]. Осыған орай, Қазақстан Парламентінің орны мен маңызын саяси-қоғамдық өмірде нығайту, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін енгізу – мемлекеттік билікті орталықсыздандыруға бағытталған басты қадамдар.

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі – демократияның белгісі, халықтық басқарудың құралы. Оны демократия жүйесінде қалыптастыру қажет өйткені ол мемлекет пен қоғамды байланыстыруға бейімделген.

Өзін-өзі басқару жүйесі жергілікті мәселерді азаматтардың мүдделеріне сай шешілуін, олардың мәдени, саяси және тағы да басқа еркіндіктерін іске асыруын қамтамасыз ететін құрылыс. Оның өзіндік басқару объектісі, міндеттері, ұйымдастыру процедуралары мен түрлері қалыптасқан. Сондықтан, қазіргі кезде жергілікті өзін-өзі басқаруды қазақстандық жағдайға сай бейімдеу, материалдық-қаржылық қамтамасыз ету, қызмет технологиясын анықтау мәселелері өте маңызды.

Сонымен қатар, қоғамда, орталықсыздандырудың тағы бір тәсілі ретінде әлеуметтік серіктестік мәселесі талқыланды. Қазіргі қоғам үш басты салаларға бөлінеді олар: мемлекет, бизнес, азаматтық қоғам. Қоғамды тиімді басқару мақсатында оның басты салалары бірлесіп, саяси шешім қабылдау үрдісіне әсер етеді. Қоғамды әлеуметтік серіктестік негізінде басқару жүйесі – саяси дамудың белгісі. Әрине, осындай басқарудың қоғамға деген тиімділігі зор.

Бірақ, осы түсініктегі әлеуметтік серіктестік Қазақстанда әлі дамытылмаған, сондықтан әкімшілік органдарының байланыс және әрекеттестік деңгейі төмен. Орталықсыздандырудың, әлеуметтік серіктестіктің мақсаттары мен міндеттері бір – мемлекетіміздің Ата заңында бекітілген азамат құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру.

Осы мақсаттарға толығымен жету үшін, азаматтық қоғамның дамуы мен жетілуі қажет. «Әлеуметтік серіктестің қалыптасуы мен тиімді түрде іске асырылуы үшін демократия мен дамыған азаматтық қоғамның орнығуы маңызды. Осы басты шарттардың жетілмеуі әлеуметтік серіктестік институтының дамуына кедергі болып отыр» [3].

Азаматтық қоғам мәдениеттік дамудың кепілі әрі қоғамдағы демократия деңгейінің көрсеткіші ретінде белгіленген. Берілген сипат, азаматтық қоғамның мемлекеттік басқару органдарының заң шеңберінен шықпауына, керекті жағдайда заңмен белгіленген барлық мүмкіншіліктерді қолдана отырып, мемлекетті өзін бастапқы міндеттеріне қайтаруына бағытталған.

Азаматтық қоғамның басты элементтері мемлекеттегі саяси үрдістерге әсер тигізуге, қоғамның экология, әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, әлеуметтік мәдени проблемаларын шешуге бейімделген. Осы жағдайда тәуелсіз әлеуметтік ұйымдардың маңызы зор. Қазақстанда бұл салада үлкен жетістіктер бар деп айту болады. Қазіргі кезде тәуелсіз ұйымдар әр-түрлі бағыттарда жұмыс атқарады, олардың басты функциялары ретінде көпшіліктің әлеуметтік проблемалары қызығушылығын тудыруын, үкіметтің жүзеге асырылып жатқан жаңғыртулары қолдауын, мемлекеттік басқару органдар жұмысының нәтижелерін жан-жақ бағалауын атап айтуға болады. Осымен қатар, тәуелсіз ұйымдардың мүмкіндіктері толықтай ескерілмейді. Осылайша мемлекет пен азаматтық қоғамның үйлесім байланыстары жүзеге асырылмай калуда, демек белсенді азаматтық қоғам мемлекеттің билігін нығайтады, ал қуатты мемлекет азаматтық қоғамды қолдауы тиіс. Үкіметке және саяси элитаға әсерін тигізе алатын қуатты қоғамдық ұйымдарға қолдау көрсету қоғамның да, әкімшіліктің де мүдделеріне қайшы келмейді.

Қазақстан саяси жаңғыртулардың жаңа кезеңін бастады. Тәуелсіз қоғамдық ұйымдардың маңызын ұлғайтуға бағытталған басты қадам ретінде 20 жылғы конституциялық реформаны атап айтуға болады. Өзгертулердің басты қорытындысы болып, әлеуметтік бірлестіктерді мемлекет тарапынан қаржыландыруға тыйым салуды жою шарасы белгіленген. Осылайша мемлекет емес ұйымдар өздерінің дамуына, қоғамдағы басты мәселерді шешу үрдісіне белсенді түрде қатысуға жаңа мүмкіншілік алып отыр. Аталған шаралар мемлекеттік қоғамның тәуелсіз ұйымдарының және жеке меншік саласының ынтымақтастық ұмтылуын дәлелдейді. Бұл демократиялық қоғамдарда саяси және экономикалық реформаларды іске асырудың ең тиімді тәсілі болып табылады.

Дамыған азаматтық қоғамның билікті орталықсыздандыру үрдісіндегі маңызы зор. Басқару жүйесіндегі жаңғыртулар Қазақстан Республикасының алдына қойған мақсаттары мен мүдделеріне, қоғамның өзіндік ерекшеліктеріне, этникааралық келісімді өрістету стратегиясына сай келеді.

Мемлекеттің басқаруды демократия негізінде атқаруы белгілі әлеуметтік құндылық, әлемдік және ұлттық тарихи дамудың нәтижесі әрі билік органдарының ұтымдылығы және тиімділігінің қайнар көзі.

Бүгінгі таңда Қазақстанда акпараттардың ашықтығы мен жариялықтың атқарушы биліктің жұмысын ашық түрде талдау және бағалау, басқару барысында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, сот бақылау күшейту шаралары арқылы саяси жүйені либерализм ұстамдарына сәйкес дамыту қажет.

Мемлекеттік басқару жүйесін орталықсыздандырудың мәні неде, оның халыққа деген қандай игіліктерін күтіге болады.

Орталықсыздандыру – терең де маңызды әлеуметтік-саяси үрдіс, оның құрамына келесі аспектілер енгізілген:

1) мемлекеттің орталық және жергілікті басқару органдарының өкілдіктері мен міндеттерін қайта бөлу;

2) мемлекеттің кейбір функцияларын бәсекелестік салаға өткізу;

3) қазіргі кездегі қоғамның басты салаларының әлеуметтік серіктестік түсінігінің дамуы;

4) кейбір әлеуметтік бағдарламаларды орындау жауапкершілігін және мемлекеттің кейбір міндеттерін тәуелсіз қоғамдық ұйымдардың өкілдіктеріне өткізу;

4) аймақтық өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіру;

5) жергілікті өзін-өзі басқару институтын еңгізу.

Орталықсыздандыру үрдісінің әр элементі жан-жақты талқылауды және мұқияттылықты талап етеді. Сондықтан, мемлекеттік басқару деңгейлерінің өкілеттерін қайта бөлуге күш салу, бюджеттік қатынастардың тиімді жүйесін қалыптастыру керек, сондай-ақ, нормативтік негіздерді, жергілікті өзін-өзі басқарудың әлеуметтік механизмдерін, жергілікті деңгейдегі әкімдердің қызметтерін нығайту қажет.

Аймақтық және өзін-өзі басқару жүйесі мемлекеттік билікті шектеудің ортақ әлемдік тәсілі. Бұл мәселе толығымен әлемнің бір де бір мемлекетінде шешіле қойған жоқ. Мемлекеттік басқару құрылымдары мен өзін-өзі басқару органдары арасында өкілдіктерді қайта бөлу, жауапкершілік салаларын, атқару міндеттерін анықтау - мемлекет пен жергілікті биліктерге ортақ мәселелерін шешудегі келіспеушіліктерді жоюға бағытталған белгілі шаралар.

Орталық басқару территориялары біртұтас, тарихи, ұлттық және діни дәстүрлері ортақ мемлекеттердегі басқарудың тиімді тәсілі ретінде қолдануда. Полиэтикалық қоғам жағдайында мемлекеттің ішкі саясаты (ішкі басқару функциялары) жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен жүзеге асырылуы тиіс. Бұл Қазақстан азаматтарының мүдделерін ескеру мен ұтымды үйлестіру принципіне сай келеді.

Мемлекет Парламент пен Үкімет, министрліктер мен орталық органдарының құрылымдары арқылы дамудың басты стратегиясын, мақсаттары мен шарттарын, бағытын белгілейді, ал жергілікті өзін-өзі басқару органдары күнделікті сұрақтарды тұрғындардың қолдауымен шешулері тиіс.

Аймақтық басқару институттарын нығайтып, мемлекеттік басқарудың кейбір функцияларын жергілікті органдарға тасымалдау тенденциясын нығайту керек.

Жергілікті деңгейде саяси-қоғамдық және әлеуметтік-мәдени үрдістері басталады, халықтың саяси және экономикалық ұнамдылықтары, әлеуметтік топтардың қайшылықтары белгіленеді. Осында қоғам мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастар мен азаматтық белсенділік негіздері қалыптасады. Басқару шешімдерді қабылдау үрдісіне қатыса отырып, азаматтар демократиялық билікке, заңдарды ұстануға, үйлесімді шешулерді қабылдауға, басқа азаматтардың мүдделерін құрметтеуге үйренеді. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі арқылы азаматтар мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдармен әрекеттестік тәжірибесін алады. Бұл жерде қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіптің сақталуы, аймақтардың

әлеуметтік-экономикалық өркендеуі, мемлекеттік шенеуліктердің заңға қайшы келетін әрекеттеріне жол бермеуі тағы да басқа мақсаттары көзделіп отыр.

Келесі жаңғырту үрдістерін әлеуметтік саланы күшейту бағытында жалғастыру керек. Мемлекет стратегиялық маңызды функцияларды іске асырады, ал күнделік әлеуметтік-саяси қажеттіліктерді, маңызды проблемаларды тұрғындарды өкілдіктеріне өткізу қажет, осылайша азаматтардың өзіндік ресурстарға сүйеніп отырып белсенділігі мен бірігуі арта түседі.

Қазақстан Республикасы қазіргі кезеңде ұлттық дамудың сапалы жағы деңгейіне шығып отыр. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін енгізу үрдісін мемлекеттік құрылыс стратегиясының бөлігі ретінде қарастыру тиіс. Әрекетті өзін-өзі басқару жүйесі объективті қажеттілік ретінде қалыптасатыны анық.

Билікті орталықсыздандыру концепциясын жүзеге асырудың тиімділігін арттыру үшін келесі негіздер маңызды:

- аймақтардың әлеуметтік-саяси жағдайын дамыту;
- басқару органдардың өзара қарым-қатынастарын жетілдіру;
- үйлесімді демократиялық саяси мәдениеттің қалыптасуы;
- азаматтық қоғамды және мемлекеттің партиялық жүйесін дамыту.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. А.С. Балгимбаев. Ключевое звено модернизации общества «Казахстанская правда» 21.10.2005 г.
2. Н.А. Назарбаев Казахстан-2030. Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев: Послание Президента страны народу Казахстана. - Алматы: "Credo", 1999 С. 58.
3. И.М. Модель, Б.С. Модель. Социальное партнерство в России // Социологические исследования. - № 9. 1999. с.43.

Қаржы-несиелік саясатты дамытудың шетелдік тәжірибесі

Үлес НЫСАНБЕК,
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ директорының
орынбасары

Қазақстанның нарыққа өтуі несиелік қатынастар мүмкіндігін жүзеге асыру мәселесімен тығыз байланысты. Сондықтан да, нарықты қалыптастырудың негізгі талаптарының бірі қаржы-несие жүйесін дамыту болып табылады. Қазақстанның нарықтық экономикаға өтуі, оның қызметінің тиімділігін арттыру мен оған қажетті инфрақұрылымды қалыптастыру мәселесі несиелік қатынастарды пайдалану мен оны одан ары дамыту шараларынсыз жүзеге асыру мүмкін емес. Қазақстандағы экономикалық реформалардың жүргізіле басталғанына он жылдан астам уақыт өткеніне карамастан тиімді банк жүйесін құру мәселесі елдегі нарықтық өзгерістердің өзекті міндеттерінің бірі болып отыр.

Республикадағы банк жұмысын дамытуды осы саладағы әлемдік тәжірибені жасампаздық қолданысыз жүзеге асыру мүмкін емес. Бұл сонымен қатар, отандық банк жүйесінің шетел банктарымен өзара әрекеттестігін қамтамасыз ету үшін де қажет. Отандық банктардың халықаралық қауымдастыққа біртіндеп және сөзсіз тартылуы қазіргі таңдағы банк мамандарының дамыған шетелдердегі әрекет етіп отырған әр түрлі қаржы-несиелік институттардың қызметі, қалыптасу және даму тарихы, банк жүйесін мемлекеттік реттестіру мәселесіне қатысты кең ауқымды білімінің болуын талап етеді.

Банк қызметін пайдаланушылардың мүдделері өзгеріп, кеңеюде. Көптеген өнеркәсіптердің халықаралық нарыққа шығуда, ал экспорттық операциялардың көлемі импорттың көлемінен жоғары болды. Шетелдік серіктестермен іскерлік қатынастар жүргізу белгілі-бір елдегі несиелік мекемелерді таңдауға қатысты арнайы білімді талап етеді.

Осы мәселеге байланысты несиелік саясатты жүргізудің шетелдік тәжірибесін АҚШ, Ұлыбритания және Франция елдерінің коммерциялық банктары мысалында қарастырамыз.

АҚШ-тың қаржы-несиелік саясаты. Америка коммерциялық банктарының негізгі кірістік операциялары ретінде несиелік операциялар танылады (1999 жылы олар жалпы операциялық кірістік соманың 70% қамтыған).

Коммерциялық банктің активті операцияларын төрт топқа бөлуге болады: несиелік операциялар (немесе ссуда); бағалы қағаздарға инвестиция; қасалық операциялар; басқа да активтер.

Банктің несиелік операцияларының құрылымы көптеген факторларға байланысты: оның активтерінің жалпы көлеміне; бас контораның орналасуы;

бөлімшелердің мен оның жүйесінің таралымының болуы; клиентурасының құрамы; банктің мамандануынан; және де елдегі жалпы экономикалық конъюнктура жағдайына қатысты.

Банктің несиелік операцияларын жіктеудің негізі ретінде түрлі критерилер мысалы қарыз алушылардың түрлері, несиенің мақсаты мен мерзімі, ссуданың қатысты қамтамасыз етілудің болуы және т.б.

Америка банктері балансындағы қарызды жүйелеудің негізіне несиелік мақсаттары немесе қарыз алушының банк несиелерін қандай бағытта қолдану мүмкіндігі алынған. Америка банктерінің берген қарыздарының көп мөлшері қозғалмайтын мүлікке арналған қарыз (ипотекалық қарыз), ол шамамен 35–40% бұдан кейін сауда-өнеркәсіптік мекемелерге берілген қарыз (20%) құрайды. Ақалғандары – бұл қаржы мекемелеріне, ауыл шаруашылық өндірістеріне, лизингті қаржыландыруға және тағы басқа жағдайға берілген қарыздар. Осылайша, кейбір баланстық баптар тек жеке тұлғаларды несиелеуге, ал кейбіреулері тек өнеркәсіп несиелеріне қатысты болса, кейбір баптар екеуіне де қатысы бар (қозғалмайтын мүлікке арналған) «аралас» баптардан тұрады. Бірақ, негізгі айырмашылық қарызды жеке тұлғаларға арналған дербес қарыздар мен акционерлік компаниялар мен өнеркәсіптерге арналған қарыздар деп бөлу барысындағы түрлері мен талаптарына болып отыр. Соңғысы, өз кезегінде екі топқа: айналымдағы капиталды қаржыландыруға арналған қарыз және негізгі капиталды қаржыландыруға арналған қарыз деп бөлінеді.

Қарыздардың жартысынан артығы – бұл өнеркәсіптік компаниялардың күнделікті операцияларын жүргізуге қажетті айналымдағы капиталдарды толықтыруға берілген қысқа мерзімдік қарыздар. Қысқа мерзімдік несиелер (1 жылға дейін) тамақ, жеңіл өнеркәсіп, бөлшек сауда компаниялары, мерзімді режимдегі өңдеу өнеркәсіптері және тағы басқалар пайдаланады. Айналымдағы капиталды қаржыландыруға арналған қысқа мерзімдік қарыздардың түрлері:

- несиелік желілер (оның ішінде мерзімдік және қалпына келетін);
- төтенше жағдайларға қажетті қарыз;
- айналымдағы капиталды толықтыруға арналған перманентті қарыз.

Кредиттік желі – бұл банк пен қарыз алушы арасындағы несиенің мақсаттық қамтамасыз етілуі туралы келісім, ол бойынша қарыз алушы бар соманы белгіленген мерзім ішінде немесе белгілі-бір шарттарға байланысты пайдалануы керек.

Көп жағдайда несиелік желіні қамтамасыз етуге тауарлық-материалдық қорлар мен төленбеген есеп-шоттар пайдаланылады. Қаржыландырудың бұндай формасының ерекшелігі – ол банк үшін міндетті болмауында: ол келісім мерзімнің соңына жеткізбей-ақ қарыз алушының қаржылық жағдайы нашарлауына немесе келісімнің басқа бір шарттарының орындалмауына байланысты тоқтатуға құқылы. Ал қарыз алушы өз кезегінде кредиттік желіні жартылай немесе толығымен пайдаланбауына болады.

Кредиттік желі бір жылға дейінгі мерзімге, ал кейбір сирек жағдайларда бір жылға дейінгі мерзімге ашылады. Келісімнің шарттарында клиенттің ағымдағы есеп-шотында несиелік желісінің жалпы сомасының 20–30% құрайтын минималды өтемақы қалдығын сақтау қажеттілігі көрсетіледі. Өтемақылық қалдықтың болуы банк пен қарыз алушыны байланыстырады: біріншінің мүддесі – депозиттің ауытқуын төмендету, ал екіншісінің қарызға қатысты кірісі ұлғаяды, мысалы несиелік бойынша жеңілдік мөлшерлемесі енгізілсе.

Кредиттік желіні банк қарыз алушының қаржылық жағдайын толығымен бағалаған соң ашады. Ереже бойынша, жылына бір рет қарызды толығымен «тазалау» жүргізіледі, оның мақсаты клиенттің банк алдындағы қарызын болдырмау. Бұндай шара клиентті тәртіпке шақырып, несиені төлеу қажеттігін ескертіп отырады.

Америка банктерінің тәжірибесінде кредиттік желінің бірнеше түрі қолданылады.

Мерзімдік кредиттік желі банк өндірістің мерзімдік циклділігі мен қоймада тауарлар қорын жасау қажеттілігіне байланысты фирманың айналымдық қаражаттары жетіспеген жағдайда ашады. Бұндай желі мысалы, фермер немесе маусымдық тауарлар дүкенінің қожайынына және сол сияқты т.б. ашылады. Несиелік операциялық цикл аяқталған соң, активтерді сатылымы негізінен өтеледі. Қарыз бен пайыз өтеуі біруақытты өтеммен жабылады. Кредиттік желіні ашудағы банктің тәуекелдігі сұраныстың төмендеуі, бағаның құлдырауы мен егіннің шықпауына байланысты несиенің өтелмеуімен байланысты. Сондықтан да, банк қарыз алушының меншігі түріндегі қамтамасыздықты талап етеді.

Жаңартылатын кредиттік желі банк қарыз алушы өндірістің белгілі-бір көлемін сақтап тұруға айналымдағы қаржысының ұзақ мерзімдік жетіспеуі жағдайында береді. Несиенің бір бөлігін өтеу арқылы қарыз алушы белгіленген лимит пен келісім мерзімі бар жаңа қарыз алуына болады. Жалпы қарыз толқын секілді өзгеріп тұрғандықтан, шотта барлық кезде өтелмеген қарыз болады. Жаңартылатын кредиттің мысалы ретінде көтерме саудагеріне берілген қарызды алуға болады, өсімді операциялар көлемі, клиенттердің дебиторлық қарызы мен қор дайындау қажеттілігі қосымша қаржыландыруды талап етеді. Банктік желі оның айдан айға өсіп отырған айналымдық капиталға қажеттілікті жабуына мүмкіндік береді. Ал кепілдік ретінде негізгі қаражат немесе басқа да қосымша кепілдіктер алынады.

Төтенше қажеттіліктерге арналған қарыздар банк клиенттің тиімді мәміле жасауға, тиімді сұраныс алуға немесе басқа да төтенше жағдайларға байланысты қалыптан тыс және күтпеген қажеттіліктеріне айналымдық қаражат жетпеген жағдайда береді.

Айналымдық капиталды толықтыруға қажетті перманентті қарыздар бірнеше жылға беріледі және қарыз алушының ұзақ уақытқа созылған қаржылық жетіспеушілігін жабуға негізделген. Несиелік өтемі біртіндеп, алдын-ала белгіленген мерзім бойынша ай сайын, тоқсан сайын немесе жарты жылдық жарналар салу арқылы өтеледі. Жоғарыда келтірілген несиелерден бұл несиенің айырмашылығы қарыз өтемі активтерді сату арқылы немесе қарыз алушының жүргізген операциясы негізінде түскен пайда негізінде жабылмайды. Бұндай қарыздар беру банк үшін үлкен қауіп, сондықтан да, банк бұл несиелік үшін қарыз алушының жеке мүлкі мен үш адамның кепілдігін қажет етеді.

Коммерциялық кәсіпорындарға арналған несиелердің екінші бір үлкен тобын *негізгі капиталды қаржыландыруға арналған қарыздар* құрайды. Бұл топқа қозғалмайтын мүлік, жер, жабдықтар сатып алуға, жалға алу ақысын төлеу, компанияларға бақылау орнатуға қажетті және т.б. шараларға қажетті орта және ұзақ мерзімге арналған несиелер жатады. Олардың қатарына шұғыл қарыздар; кепілге қарыз алу; құрылыстық қарыздар; қаржылық лизинг жатады.

Шұғыл қарыздар бір жылдан артық мерзімге бір реттік несие түрінде немесе тізбекті бірнеше қарыз түрінде беріліп, көлік, жабдық, ғимаратты жөндеу қарыздарды қайта қаржыландыру және т.б. шараларға қолданылады.

Көп жағдайларда бұндай қарыздар 5 немесе одан да ұзақ жылдарға беріледі. Шұғыл қарыздардың шарттары жеке тұлғаға негізделеді. Әр қарыз алушының несие төлеу қабілеттілігіне талдау жасалады; реттік жарна салу арқылы несие өтеудің нақты шәкілі бекітіледі. Ұсақ және орташа қарыздардың кепілі ретінде фирманың несиесомасына алатын жабдықтары мен активтері алынса, ауқымды қарыздар әлеуметтік қамсыздандырусыз беріледі (өйткені бұндай қарыздар рейтингі жоғары фирмаларға беріледі). Шұғыл несиелер ірі капитал салынған салалар – көлік, байланыс, мұнай өңдеу, химия, көмір өндірісі және т.б. салаларда қолданылады. Шұғыл несиелердің пайызының тиімді мөлшерлемесі қарыз шарттары мен оны өтеудің әдістеріне тікелей байланысты. Несиенің құны келісілген мөлшерлемені несие өтеу алғашқы сомасы немесе өтелмеген қалдыққа көбейту арқылы шығарылады. Екінші жағдайда қарыз бойынша төлемдердің жалпы сомасы аз болады, өйткені шұғыл қарыздар реттік жарналар арқылы өтеледі және өтелмеген қарыз біртіндеп азая береді.

Кепілге берілген қарыздар сатып алуларды, зауыттар салуды, жер сатып алуы қаржыландыруға беріліп, ұзақ мерзімге негізделеді (15 немесе одан да ұзақ жылдарға).

Банктер ұзақ мерзімді қарыздар беруге талпынады. Өйткені, біріншіден, фирмаларды несиелеудің шарттарын жиі қарастырудан құтылады, екіншіден, бұндай қарыздар барынша қауіпсіз болады, өйткені сенімді кепілдендіріледі.

Барлық кепілдік (ипотеклық) қарыздар мағынасы жағынан бөліп өтеуге негізделген қарыздар болып табылады, ол бойынша қарыз алушы несие сомасы мен оның пайызын алдын-ала бекітілген шәкіл бойынша реттік жарналар салу арқылы өтеу міндеттелген. Нақты бекітілген мөлшерлемелік кепілдік қарыздар жағдайында айлық төлемдер тұрақты болып қалады. Уақыт өткен сайын өтемнің пайызға кететін бөлігі азаяды, осылайша кепілдің құны амортизацияланады. Банктер кепілдемелер сақтаумен қатар, оны екінші (қайталама) нарықта сатуға құқылы.

Негізгі капиталды қаржыландыруға арналған қарыздарға құрылыс кезеңі (екі жылға дейін) берілетін құрылыстық қарыздар да жатады. Қарыз алушы жүйелі түрде пайызды төлеп тұрады. Құрылыс аяқталғаннан соң банк несиесін басқа кредитордан кепілге алған ұзақ мерзімдік несие (мысалы, сақтандыру компаниясынан) негізінен жабылады. Кейбір банктер құрылыс пен ғимарат пайдаланудың алғашқы кезеңін қаржыландыруға негізделген, «мини-тұрақ» деген атпен белгілі несиелерді 5–7 жылға береді.

Дәстүрлі ұзақ мерзімге арналған банк несиелері қазіргі кезде қымбат құн жабдықтар – теңіз және өзен кемелері, байланыс спутниктері, ұшақ, көлік компьютер және кейбір жағдайларда қозғалмайтын мүлікті қаржыландыруға арналаған қаржылық лизингке алмастырылуда.

Бұндай мәміле арқылы жалға алушы инвестицияға ірі қаржы салу немесе капиталын ұзақ мерзімге тоқтатып қоймай-ақ жабдықты пайдалануға мүмкіндік алады. Ол алғашқы жарнаны салмауы да мүмкін (несиеге сатып алғанда міндетті қажет), немесе аз ғана жарна төлейді.

Америка банктері жалға беру операцияларына банк холдингтері аясында құрылған лизингтік компаниялар арқылы қатысып, қаржыландырады, өйткені оларға банктік емес операциялармен айналысуға тиым салынған.

Осындай қаржы салу түрі ретінде жалға алушының банк несиесі көмегімен жабдық сатып алуы (жалпы соманың 80-90%), ал қарыздық өтем жалға беру арқылы жабылады. Несие беруші рөліндегі артық өтем қабілеттілігі жоғары коммерциялық немесе инвестициялық банк, сақтандырушы немесе қаржы компаниясы, ірі өндірістік фирма қарыздың өтем жауапкершілігін толығымен жалға берушіге жүктеп, қарызды жабу мен пайызды өтеуге жарналар алып отырады. Жалға беруші операцияға өзінің 10-20% қаржысын салып, жабдықты есептен шығаруға жеңілдік және қаржыландырудағы өзінің үлесін алады.

Жоғарыда көрсетілген іскерлік несиелермен қатар, банк қозғалмайтын мүлік, ұзақ мерзімге арналаған тауарлар сатып алуға және кейінге қалдырылмайтын қажеттіліктерге арналған жеке тұлғалар үшін қарыздар да береді.

Кепілдеме арқылы берілетін қарыз. Құрама Штаттарда жаңа үйлердің 80% астамы несиеге сатып алынады. Бұндай несиелердің орташа мерзімі – 27 жыл көлемінде. Қарыз үй құнының шамамен 3/4 бөлігін қамтиды (қалған бөлігін сатып алушы мәміле барысында алғашқы жарна ретінде салады). Қозғалмайтын мүлікке арналған несиенің негізгі түрі – бұл бекітілген пайыздық көрсеткіші бар толығымен амортизацияланған кепілдемелік (ипотека туралы келісім) несие. Несиенің кепілі ретінде сатып алынған қозғалмайтын мүлік танылады; қарыз сомасы оның мерзімдік уақыты аралығында тепе-тең жарналар салу арқылы өтеледі; банк бекіткен пайыз өзгертілмейді.

Кепілдемеге қарыз беру барысында қарыз алушының жоспарлық кірісімен қатар, оның мүлкінің жағдайы мен құны – несиелеу ауқымы да маңызды болып табылады.

Банк тәжірибесінде жартылай амортизацияланған кепілдік несиелер, яғни жарна арқылы бір реттік төлем арқылы өтелетін несие түрлері де қолданылады. Бұндай кепілдемелердің мерзімі – 5 жылға дейінгі уақытты қамтиды.

Жеке тұлғаларға арналған қарыздардың кең тараған түріне *тұтынушылық несие* жатады. Бұндай несиелер бойынша пайыздық мөлшерлеме кепілдемелік несиелер секілді банк үшін қымбатқа түсетін және тәуекелдік несие болып табылады. Тұтынушылық несиенің негізгі екі түрі қолданылады: бөлініп өтелетін қарыз және жанартылатын қарыз.

Бөлініп өтелінетін қарыздар қысқа және орташа мерзімге негізделіп, екі немесе одан да көп төлемдер арқылы өтелетін несие ретінде көп жағдайда тұрмыстық техникалар сатып алуға пайдаланылады. Оның негізгі бөлігі АҚШ-та көлік сатып алумен байланысты. Банк көп жағдайда көліктің құнының 90% екі-үш жыл мерзімге қарыз ретінде береді. Көп жағдайларда қарыз толығымен амортизацияланбаған болады – ол өтем соңында ірі төлемнің болатындығын және қайта сатып алу шартының болуымен, яғни қарыз алушы өз таңдауымен қарызды толық өтеуге немесе көлікті қалған қарыздың өтемі ретінде банкке беруіне болады.

Бөлініп өтелінетін қарыздардың көп бөлігі банк холдингіне кіретін еншілес қаржы компаниялары арқылы беріледі, өйткені бөлімшелермен салыстырғанда олар үшін географиялық шектеу болмағандықтан барынша тәуекелдікке барып, банктің мөлшерлемесінен әлдеқайда жоғары пайыздық несиелер беруге мүмкіндігі бар.

Жанартылатын қарыздар. Қарыз алушыға белгілі-бір мерзім аралығында несие алуға құқық беретін несиелік желі ашылады. Несиені өтеу шарттары қарыз алушының өтініші негізінде жасалады. Пайыз нақты алынған сомаға есептелі-

неді. Егер қарыз жеңілдігі бар 30 тәулік мерзім аралығында қайтарылса, банк пайдасына пайыз есептелінбейді.

Тұтынушы қарыздар сомасының 90% банк несиелік карточкалары аясында несиелер бойынша беріледі. Карточка иегері банкте несиелік желіге құқық болғандықтан өз кірісіне байланысты белгіленген мөлшерден аспайтын қарызды пайдалануға мүмкіншілігі бар. Несие карточка иегерінің «карточкалық келісім» мүшелігі бар дүкенде сатып алу мен шотқа қол қойған уақытында беріледі. Дүкен иесі өз кезегінде сатылым шотын кредиттік карточканы берген банкке апарып өз тауарының құны мен аз мөлшердегі есептік пайызын алады. Карточка иегері қарызын 30 күн ішінде өтеуі қажет.

Жеке тұлғалар пайдаланатын жаңартылатын несиенің келесі түрі – овердрафт. Бұл несиені АҚШ көп таралмаған, бірақ, керісінше Ұлыбританияда овердрафт коммерциялық өнеркәсіптер мен жеке тұлғаларды қысқа мерзімге несиелеудің негізгі түрі болып табылады.

Заңды және жеке тұлғалар үшін несиені беруге қатысты шешім қабылдау үшін банк болашақ клиенттері туралы қажетті ақпаратқа ие болуы керек. Бұндай ақпарат барынша толық және объективті болу үшін ірі банктер өз базасын жасақтаса, кішігірім банктер арнайы сараптама-ақпараттық фирмалардың қызметін қолданады немесе осы әдістер арқылы өздері жұмыс істейді. АҚШ-та несиелік тәуекелдерді жеңілдету мен алдын-алу мәселесінде несиені алушы заңды және жеке тұлғалар туралы ақпарат жинайтын арнайы несиелік бюролар (ірілері – Экспиризн, Транс Юнион) маңызды рөл атқарады. Бұл бюролардың несиені алған немесе алуға өтініш білдірген АҚШ-тың 200 млн. астам тұрғыны туралы ақпарат картотекасы бар. Бұл Штаттардың барлық ересек тұрғындарының саны. Алармен туралы қарапайым анықтама 1 доллар тұрса, скоринг мәліметтері бар (болашақ қарызгердің несиелік мүмкіндігінің баллдық көрсеткіші) анықтама – 1,1 долларға дейін жетеді. Несиелік бюро тұрғындардың әр түрлі топтарының несиелік тәуекелділігін анықтауды 8-12 негізгі көрсеткіштер арқылы есептейді және олардың әр қайсысына белгілі-бір балл беріледі. Егер несиелік мекеме жеке тұлғаға несиені беруден бас тартса, ол тұлғаға хат түрінде несиені беруден бас тартудың себептері мен қарыз алушы туралы ақпарат берген бюроның атауы мен тегін хабарлауы қажет. Егер ол жерде көрсетілген себептер аларманға сенімді тудырмайтын, ал ол туралы ақпарат нақты болмаса, ол несиелік бюроға өзі туралы өзгерістерді енгізуге қатысты ұсыныс жасауға құқылы. Қарыз алушы тұлғалар туралы ақпаратты жинау мен жаңарту үрдісі несиелік бюроларда ай сайын несиелік мекемелердің қарызгерлердің шотының жағдайына қатысты енгізген ақпарат негізінде ай сайын жүргізіліп отырылады. Мәліметтер базасына бұдан басқа банкроттық туралы, сот үрдісі, салық жеңілдіктері, сайлау тізімдері, жаңартылған телефон анықтамалары және т.с.с. ресми хабарламалар да енгізіледі.

Ақпараттың қорғанысының қамтамасыз етуі үшін оған тек арнайы рұқсаты бар адамдар ғана жіберіледі және әр пайдаланым міндетті түрде тіркеледі.

Америка банктерінің қарыз беру операциялары АҚШ бақылау органдары тарапынан қатаң бақылауға алынған және бұл жағдай әлемнің басқа да экономикалық дамыған елдерінде байқалады. Банктердің қарыздық операцияларын қатаң реттестірудің себептері:

- операция сенімдігін қамтамасыз ету, мысалы бір адамға қажетті қарыз сомасын шектеу арқылы;

- белгілі-бір қарыз түрлерін ынталандыру немесе шектеу арқылы олардың экономикаға әсерін реттеу, мысалы кірісі төмен немесе шамалы аудандарда несиені беруді көтермелеу.

Банк несиелері бойынша негізгі шектеу бір қарыз алушыға берілетін несиенің көлемі немесе «он пайыз ережесі», яғни бір адамға берілетін қарыз көлемі акционерлік және резервтік капиталдың сомасының 10%-нан аспауы керек.

Өз қызметкерлеріне арналған қарыз көлемі мен мақсаты мұқият бақыланады, ал ревизорларға қарыз мүлдем берілмейді. Сонымен қатар, банк холдингіне кіретін бөлімшелер мен компаниялар мен қозғалмайтын мүлікке арналған қарыздар (жеке баспанаға арналған қарыз мерзімі мен көлемі) қатаң бақыланады.

Жоғарыда қарастырған операциялардан кейінгі банктік белсенді операциялар қатарына кассалық және бағалы қағаздарға қатысты операциялар жатады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей банктің негізгі мақсаттарының бірі – бұл пайда мен төлемпаздықтың ұтымды ара-қатынасын сақтау болып табылады. Бұл жағдайда төлемпаздық екі жолмен қамтамасыз етіледі: төлемдік активтер қорын жасау немесе ақша нарығындағы ресурстарды депозит және займ түрінде тез жинақтау. Кассалық операциялар мен бағалы қағаздарға инвестиция салу төлемпаздықты қамтамасыз етумен тығыз байланысты.

Ұлыбританияның қаржы-несиелік саясаты. Ағылшын банктерінің өзіндік ерекшелігі өнеркәсіптерді қысқа мерзімге несиелеуге овердрафт несиесін қолдануы болып табылады. Овердрафт клиенттің ағымдағы шотымен тығыз байланысты және оның иегеріне шоттағы несиелік қалдықтан артық, бірақ белгіленген шектелім көлемінде чек жазуға мүмкіндік береді. Бұндай түрдегі несиені алуды аларман шығындары өз шотына түсетін кірістен артық болған жағдайда қолданады (мысалы, өнеркәсіптің айналымдық капиталын қаржыландыру).

Овердрафт бойынша несиелеудің толық көлемін анықтау үшін банк қарыз алушы-фирманың болашақ ақша түсімдері, бизнес-жоспар бойынша төлемдері мен оның өнімдерінің таратылуының жоспарларына мұқият талдау жасап, аларманға белгілі кезең аралығында овердрафт иегері болуға құқық береді немесе банктің салықалы клиенттеріне тұрақты түрдегі құқық береді.

Ұлыбританиядағы овердрафт мерзімі ондаған айдан бірнеше жылға дейін бекітіледі, бірақ, ереже бойынша жылына бір рет несиелерді толығымен өтеу қажет. Овердрафт бойынша пайыз қалдық қарызға күн сайын жүреді. Бұндай несиені аларман үшін ең арзаны болып табылады, өйткені аларман тек нақты пайдаланған сомаға ғана жарна төлейді.

Қарыздық шот бойынша несиені ағылшын банктері пайдаланатын несиелеудің дәстүрлі түрі болып табылады. Оның овердрафттан айырмашылығы аларманға арнайы қарыз шоты ашылып, оның дебетіне банк несиесі салынады, ал несиені бойынша қаржының пайдаланылуы (чек жазу, нақты ақша алу және т.б.) көрінеді.

Қарыздық шот бойынша несиені аларманға оның капиталдық шығындары мен әр түрлі коммерциялық жобаларын жүзеге асыруды қаржыландыру мақсатында беріледі. Бұндай несиені берудің міндетті шарты – бұл мәміледе қарызгердің өзінің де қаржысының қатысуы болып табылады. Бұл несиелер орташа және ұзақ мерзімді несиелер қатарына жатады және оның өтемі қарыз шотының несиесінің есебіне тікелей қосылатын ай сайын тепе-тең белгіленген сомада бөлініп төленеді.

Овердрафттың қазіргі таңдағы үлгісі ретінде бюджеттік шоттар қолданылады. Қарыз алушы шотқа белгіленген сома салып отыруға міндеттелсе, банк реттік өтемдерді төлеп, қажет болған жағдайда несие береді. Несиелеудің шектемесі жарнаның көлеміне байланысты (көп жағдайда шектеме жарнадан 30 есе артық болады). Шотты ашу барысында клиент өзінің коммуналдық төлемі, кепілдемелік өтемі, сақтандырулық жарнасын төлейді, сосын банк қарыздарды төлеудің ай сайынғы төлемдердің жылдық көлемін клиент төлемдерінің жалпы сомасының 1/12 бөлігі ретінде белгілейді. Шот жыл бойына несиелік сальдо немесе овердрафт болуы мүмкін, бірақ жыл соңында міндетті түрде жабылуы қажет. Егер бюджеттік шотта қалдық қалып қойса, ол клиенттің басқа шотына аударылады немесе шешіліп алынады.

Ағылшын қарызгерлері баспана сатып алу үшін құрылыс қауымдастықтары 20–25 жылға беретін қарыздарды пайдаланады. Бұндай ипотекалық қарыздардың көлемі баспана құнының 100% камтуы немесе сатып алушының қаржы мүмкіндіктері мен пайыздық мөлшерлеменің көлеміне байланысты болады. Жоғарғы мөлшерлеме жағдайында (мысалы, в 12%) қарыз сомасы сатып алушының жылдық кірісінен 2,5 есе көп болуы мүмкін.

Қарыздың төлемі екі әдіспен жүзеге асуы мүмкін:

- дәстүрлі (ай сайынғы төлемдер жасау арқылы);
- қарыз сомасын бір рет төлеп, оның пайызын ретімен төлеп отыру.

Екінші жағдайда қарыз алушы сақтандыру компаниясымен сақтандыру-капитализация келісімін жасайды, ол бойынша қарызгер аталынған келісім мерзімінің аяқталуы қарсаңында қарыздың негізгі сомасын төлеуге қажетті қаржы алуға мүмкіндік береді. Егер қаржы нарығында тиімді конъюнктура қалыптасса (сақтандыру компаниялары ұсынатын пайыздың жоғарғы деңгейі, қарызгер (сақтандырушы) қарыз сомасынан да артық жиналған қаржы алуы мүмкін.

Құрылыс қауымдастықтарының қарыздарының пайыздық мөлшерлемесі көп жағдайда өзгермелі болады; егер пайыздық мөлшерлеме өсімі төлем сомасын ұлғайтатын болса, қарызгер өтемдер көлемін қалдырып, мерзімді ұзартуға құқығы бар. Қарызгерлер өздеріне зияны тимейтіндей жағдайда қарыздарды уақытынан бұрын өтеуге мүмкіндігі бар, мысалы тұрғылықты жерін ауыстырғанда немесе тиімді ұсыныс жасаған кредитор табылған жағдайда.

Францияның қаржы-несиелік саясаты. Францияның банк жүйесінің негізгі буындары: 1) Франциі банкі; 2) депозиттік банктер; 3) инвестициялық банктер немесе «іскерлік банктер»; 4) орташа және ұзақ мерзімді несиелер банкі.

Осылайша, Францияның банктік жүйесі қысқа мерзімдік несие операциясымен маманданған коммерциялық депозиттік банктер және эмиссия-құрылтайшылық операциялар жолымен өндірісті қаржыландыратын инвестициялық немесе іскерлік банктермен ерекшелінеді. Ал депозиттік және іскерлік банктер арасында кеңістікті орташа және ұзақ мерзімді несиелер банктері иемденген.

Екінші дүние жүзілік соғыстан соң, кәсіподақтар мен солшыл күштер қысымы нәтижесінде Франция үкіметі 1945 жылдың желтоқсанында төрт депозиттік банктері – «Лион несиесі», «Бас қауым», Сауда мен өнеркәсіп арналған ұлттық банк және Ұлттық санақ конторасы (1966 жылы соңында екі банк бірікті) национализацияланды. Бұл национализациялау дәстүрлі мағынада жүргізілді: бұрынғы акционерлер мемлекеттен сыйақылар алады. Национализацияланған банк активтері 50 жыл ішінде мемлекет сатып алу

міндеттелген 3%-дық облигацияларға алмастырылды. Олар бойынша бұрынғы акционерлердің жылдық кірісі 1944 жылғы дивидендтерден төмен болмады. Сонымен қатар, национализацияланған банктер басшылығында бұрынғы акционерлер қалдырылды (мысалы, «Лион несиесі» бұрынғы акционер, өнеркәсіптік алпауыт Шнейдер басқарды).

Национализацияланған ірі депозиттік банктер белсенді несиелік әрекет жасады. Олардың балансы, несие және салымдарының сомасы бірнеше есе өсті. Бүкіл елде шамамен 4000 астам бөлімшелері болды. Национализацияланған банктер өздерінің көлемі мен рөлі жағынан депозиттік банктер арасында алғашқы орында болды. (1972 жылы олардың жалпы депозиттердегі үлесі 57% болған).

Францияда 25 іскерлік банк жұмыс жасайды. «Іскерлік» атауы 1945 жылдың 2 желтоқсанындағы заңға сәйкес, құрылтайшылық қызмет пен өздері қатысатын өнеркәсіптерді ұзақ мерзімді несиелеумен айналысатын банктерге берілген. Іскерлік банктер тобына негізінен Франция «банк төбелтобын» құрайтын бұрынғы банк үйлері кірді.

Бұл жерде Франция банктерінің арнайылығы сөз жүзінде ғана екендігін айта кеткен жөн, өйткені банктердің көптараттылығы жиі байқалады. Бір жағынан қарағанда, іскерлік банктер депозиттік операцияларды кең дамытуда және салымдар тарту мен есептік-қарыздық операциялар қатынасы жағынан депозиттік банктерге бәсекелестік танытып отыр. Ал екінші жағынан, депозиттік банктер де қысқа мерзімді несиелермен шектелмей, өз кезегінде ұзақ мерзімді несиелер жұмысын жандандырып, өнеркәсіпті қаржыландыруға аяқ басқан.

Орташа және ұзақ мерзімді несиелер банктері депозиттік және іскерлік банктері арасындағы кеңістікті иемденген. Олардың өзіндік ерекшелігі – олар заң бойынша депозиттерді 2 жылдан кем емес уақытқа алуға мүмкіндігі бар және несиелерді де 2 жылдан астам уақытқа берулері қажет. Олардың Франция банк жүйесіндегі саны мен үлес салмағы шамалы ғана.

Жалпы алғанда, француз банктері өнеркәсіптерге төмендегідей қысқа мерзімді (ағымдағы) несиелер береді:

- кассалық несиелер – банк алармандарының қысқа мерзімді овердрафт (бір немесе бірнеше күн) немесе ұзартылған овердрафт (бірнеше аптадан бірнеше айға дейін) пен мен маусымдық несие түріндегі өтемдік қажеттілігін қанағаттандыруға арналған;

- алармандардың қарыздық міндеткерліктерін қаржыландыруға арналған несиелер екі түрде – вексельдер есебі түрі мен мобилизациялық несиелер түрінде болады. Банк қарыз алушыға есептік несие желісін ашпас бұрын, ол коммерсанттың қаржылық жағдайын Франция банкіндегі түзелмеген төлемгерлердің орталық картотекасы негізінде тексереді. Аталынған мекеме кезінде вексельдердегі қолдың шынайылығын тексеру үшін құрылған және базасында Франция мен Монако нояндығының заңды және жеке тұлғалары – резиденттер мен вексель эмитенттерінің құқықтық, есептік, қаржылық мағлұматтары жиналған. Мобилизациялық несиенің мәніне келсек, несиеге зәру фирма өз сатып алушыларынан түскен вексельдерді төлем күні бойынша реттеп, сосын барлық вексельдердің құнынан тең бір вексель жазады. Бұндай вексель бойынша алушы банк оны есептеп, ол үшін есептік пайыз бен комиссия алады. Банк талаптарын фирма клиенттеріне емес, тек қарызгер-фирмаға ғана қоя алады (қарапайым мәміледе вексель бойынша соңғы иегер де жауапты);

• тауарларға берілетін несиелер өнеркәсіптердің қоймасы мен қоғамдық қоймаларда тауар қорын жасақтау үшін беріледі. Соңғы жағдайда, тауар иесіне берілетін қоймалық куәлік тауардың қоймаға алынғаны туралы сенімхаттан және банктен қарыз алуға құқық беретін есеп түріндегі варранттан тұрады.

Инвестициялық несиелер (орташа-және ұзақ мерзімді) негізінен үш түрде жүзеге асырылады:

- мерзімдік классикалық банк қарыздары. Орташа мерзімді несиелер 2–7 жыл арналған және банк өз бетіше немесе арнайы несиелік институттарымен бірігіп береді. Несиелік беру шарттары АҚШ және басқа да мемлекеттермен ұқсас, яғни қарызгер қаржы жобасына өз қаржысын да (мәміленің 50–25% қамтуы керек). Банк ұзақ мерзімге де несиелік беруі мүмкін (20 жылға дейін), бірақ, олардың үлесі аз және оны тек арнайы мекемелер ғана қолданады;

- лизингтік келісімдер, негізінен басқа мемлекеттердегіден көп айырмашылығы жоқ, тек Францияда қозғалмайтын мүлікке лизинг жақсы дамыған (қызмет орындары, қойма және т.б.);

- қатысулық несиелер – ұсақ кәсіпке қатысты жеке банк пен мемлекеттік мекемелердің біріккен несиелері..

Жеке қарызгерлерге арналған несиелер Францияда келесі түрде беріледі:

- кассалық несиелер рұқсат етілген овердрафт түрінде, яғни бекітілген шектеме ауқымында;

- бағалы қағаздарға негізделген несиелер – бағалы қағаздар кепілге қойылған овердрафт түрі;

- дербес несиелер – жеке тұлғаға 3 айдан 3 жыл мерзімге, оның жылдық табысының 1/4 бөлігі көлемінде үшінші тараптың кепілдемесі негізінде берілетін жаңартылатын несиелер. Бұл жерде маңызды рөлді «кіріс ескерпесі» шарты, яғни қарызгер кірістерінің банктегі шотқа түсуі алынады, өйткені банк оның қаржылық жағдайын бақылауда ұстайды;

- тұтынушылық қарыздар шарттары бойынша дербес несиелерге ұқсас, бірақ пайыз мөлшерлемесі төмен, тұтынушы несиесі қамтитын тауарларды дүкенде сатып алу шоттарын жабуға беріледі;

- қозғалмайтын мүлікке арналған несиелерді банк 2 жылдан 15–20 жыл мерзімге береді және ол бекітілген және өзгеріп тұратын айлық немесе тоқсандық жарналар арқылы өтеледі.

Айта кететін бір жайт, шетелдік банктердегі қаржы-несиелік саясат әр түрлі және белгілі-бір өзіндік ерекшеліктерге ие. Бұл жағдай Қазақстанның нарықтық экономикаға өтуі барысындағы өзгерістер мен өз даму жолын тандау барысында банк жүйесіне реформа жүргізуіне себеп болды.

Әрине, кез-келген мемлекеттің қаржы-несиелік жүйесі көп жағдайда оның экономикасының түріне байланысты болады. Орталықтанған экономиканың қаржы-несиелік жүйесі нарықтық экономиканың жүйесіне ұқсамайды. Бірақ республиканың қаржы-несиелік жүйесіндегі құрылымдық өзгерістер растайды.

Екі жақты экономикалық қарым қатынастардың контекстіндегі инвестициялық ынтымақтастық

Айнагул ИЗЕКЕНОВА,
«Туран» университетінің аға оқытушысы

Әлемнің көптеген елдерінің тәжірибесі шетел инвестицияларын тартуының максатқа лайықтығын көрсетеді. Қазақстан экономикасындағы инвестициялардың және қолайлы инвестициялық климатын жасау мәселесі аса өткір және жаңа бағыттың біріне айналды. Экономика салаларының көбісінде инвестициялық ресурстардың үлкен мөлшеріне деген маңызды қажеттілігі болады. Олар тек экономикалық белсенділігін жандануы мен экономикалық өсудің тұрақты траекториясына шығуына ғана емес, сонымен бірге моральдық және физикалық түрде ескірген экономиканың маңызды салаларының негізгі қорларын ауыстыруына да қажетті болып келеді [1].

Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан тура шетел инвестициялардың көлемі экономикасы ауыспалы басқа елдермен салыстырғанда мардымсыз болып келеді. Бірақ та ТМД елдерінің ішінде Қазақстан бұл көрсеткіш бойынша халықтың бір адам санына шаққанда озат орын алып отыр. Елдің үлкен табиғи байлықтары мен жоғары білікті еңбек ресурстарының арқасында, 2000–2007 жж. Қазақстан экономикасына түсетін жыл сайынғы тура шетел инвестициялардың (ТШИ) ағымы халықтың бір адам санына шаққанда 80 АҚШ долларын құрады.

Әрине, компаниялардың белгілі бір елде өздерінің қызметтерін жүзеге асыру туралы қабылдап жатқан шешімдерінің себептері үлкен әр алуандылықпен өзгешеленеді. Бірақ та оларды шартты түрде екі ірі топтарға бөлуге болады. Бір жағында фирмалар негізінен басқа елдерде өндірілген тауарлар мен қызметтерін сатуымен айналысады, ал басқасында – өнімді жергілікті нарықта сату немесе басқа елдердің нарықтарына оны экспорттау мақсатымен тап осы елде өндіріс қуаттылықтарын жасауына қаржыларын салады.

Сөйтіп, компаниялардың белгілі бір стратегиясын тандауының себебін, сонымен бірге олар өзінің қызметінде кездестіріп жатқан проблемалардың ұқсастығының немесе ерекшеліктерінің дәрежесін анықтау қызықты болып саналады. Өнімін шетелге жеткізуін әдейілейтін компанияларға тап осы елде өздерінің кәсіпорындарын құру міндетті емес, себебі оларда лицензиялық төлемдерден табыстарды шығару мақсатымен өзінің тауарларының немесе қызметтердің өндірісіне лицензияны сату мүмкіншіліктері бар.

Қазақстан экономикасына тура инвестициялардың өсуі – қолайлы дерек болып табылады. Олар жедел, қайтарымды және ақылы ақша қаржылары болып

табылатын, қоржынды және басқа да инвестицияларға қарағанда экономиканың нақты секторының дамуымен және менеджмент пен маркетингтің қазіргі заманғы әдістерін пайдалануымен аса тығыз байланысты болады. Сонымен қатар тура инвестициялар Қазақстанның сыртқы қарызға алып келмейді.

Тура шетел инвестициялары Қазақстанның ұзақ мерзімді дамуында маңызды рөлін атқарып отыр. Қазақстан әлеуетін көбірек біле бастағанда, Қазақстандағы еуропалық жеке кәсіпорындардан берілетін инвестициялардың саны үлкейеді. Алғашында мұнай мен газ және минералды ресурстар секторына шоғырланып, қазіргі уақытта инвестициялар экономиканың басқа да секторларына бағытталынады.

Кесте 1. Елдер бойынша Қазақстан Республикасына жіберілетін тура шетел инвестицияларының жалпы ағымы, млн. АҚШ долл.

	2000 ж.	2001 ж.	2002 ж.	2003 ж.	2004 ж.	2005 ж.	2006 ж.	2007 ж.
Багам аралдары	1,5	0,4	0,0	0,6	-1,5	20,0	1,9	14,0
Барбадос	0,0	0,2	1,2	0,6	2,8	20,5	34,9	38,6
Беларусь	0,0	0,6	1,0	1,3	1,5	1,3	0,0	4,7
Белиз	0,0	0,8	2,8	5,2	9,3	25,6	-4,1	14,0
Бермуд аралдары (Британдық)	0,0	11,6	0,7	0,1	80,3	70,3	96,7	21,7
Виргин аралдары (Британдық)	17,8	42,2	148,0	85,7	135,8	268,8	503,9	1 745,7
Гибралтар (Брит.)	0,0	0,4	-8,0	0,7	0,0	16,7	29,9	53,4
ЕО	1082,3	1448,3	1696,2	1859,7	3425,4	2816,3	4395,4	8167,1
Иран	0,0	0,2	1,6	0,3	10,6	7,5	3,9	20,3
Кайман аралдары (Британдық)	28,8	12,8	21,9	28,4	12,3	147,6	10,0	9,3
Канада	157,3	490,5	165,4	8,3	169,0	247,0	437,1	314,1
Қытай	90,1	211,9	64,7	248,6	387,8	216,1	362,9	358,2
Либерия	0,0	0,0	34,7	74,4	128,1	335,9	338,8	403,6
Лихтенштейн	3,9	21,2	13,2	7,9	4,9	12,0	9,5	37,6
Біріккен Араб Эмираттары	2,5	0,4	1,2	0,9	15,3	25,3	13,6	6,2
Оман	0,0	0,0	0,0	0,0	0,8	4,2	6,2	12,2
Панама	0,0	0,4	0,6	0,1	0,3	23,8	21,7	175,3
Корея Республикасы (Оңтүстік)	56,8	67,9	45,6	86,3	72,5	57,6	248,8	232,3
Ресей Федерациясы	162,9	211,7	214,4	198,0	200,6	223,5	502,7	772,0
Румыния	0,0	1,5	4,9	27,3	22,5	27,5	56,6	87,6
Сейшель аралдары	0,0	0,0	0,7	0,0	1,1	11,8	1,4	29,0
АҚШ	951,2	1 460,4	1 011,3	1 105,5	2 971,2	1 131,5	1 708,9	2 454,9
Тәжікстан	0,0	0,0	0,0	0,0	0,3	0,0	-0,2	6,3
Түркия	30,2	58,1	70,5	109,5	92,1	72,7	98,5	337,1
Швейцария	20,6	361,0	520,0	630,5	235,6	103,4	234,6	633,2
Жапония	18,1	32,1	59,6	96,1	178,5	335,0	342,6	405,3
Баска елдер	157,3	114,5	33,8	15,6	162,6	391,8	1 050,7	1 093,2

Халықаралық ұйымдар	0,0	7,5	0,4	32,8	-2,3	4,8	116,5	68,2
ЖИЫНТЫҒЫ	2781,2	4556,6	4106,4	4624,5	8317,3	6618,6		

Қайнар көзі: Қазақстан Республикасының статистика Агенттігі [2].


Қазақстанға тура шетел инвестициялардың (ТШИ) жалпы түсімі (ағымы) келесіні қосады:

- резидент еместердің резиденттерге қазақстандық акционерлік капиталының бөлігін сатуын шегеру арқасындағы резидент еместердің резиденттерден қазақстандық акционерлік капиталының бөлігін сатып алуы (жарғы капиталындағы қатысу үлесі немесе акциялардың 10%-дан аз болмауы);

- реинвестицияланған табыс (ТШИ-мен қазақстандық кәсіпорындардың шығынындағы немесе бөлінбеген пайдадағы шетел тура инвесторлардың үлесі);

- өтеу есебінсіз, ақшалай, тура солай басқа да формаларындағы (тауарлар, жұмыстар, қызметтер, материалды емес активтер және т.б. түріндегі), шетел тура инвесторларымен ұсынатын, несие мен қарыздар бойынша қаржылардың түсуі;

Әлемнің 70-тен аса елдері Қазақстанға тура инвестицияларын жүзеге асырып жатыр. Бұл тізімдегі озаттардың қатарына Еуропалық Одақ, АҚШ, Виргин аралдары (Британдық), Ресей Федерациясы және Швейцария кіреді (кесте 1, сурет 1).




Сурет 1. Елдер бойынша Қазақстан Республикасына тура шетел инвестициялардың ағымы, %

Қайнар көзі: 2000–2007 жж. ішіндегі Қазақстан Республикасының төлем балансы мен сыртқы қарызы. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі [3].

Жоғарыда келтірілген 1-ші суреттен инвестициялық ынтымақтастықтағы айтарлықтай маңызды орын Еуропалық Одаққа жататыны айқын көрініп тұр. 2007 жыл ішінде Еуропалық Одақ елдерінің Қазақстан Республикасының территориясындағы жобаларына салған инвестицияларының үлесі Қазақстан экономикасына тартылған тура шетел инвестицияларының (ТШИ) жалпы көлемінен 46,64% құрайды. ЕО елдің экономикасына салымдары бойынша озат болып саналады.


2000–2007 жж. ішінде әлемнің елдері бойынша Қазақстанға тартылған тура шетел инвестициялардың құрылымы 2-ші суретте ұсынылған. ЕО елдері бойынша Қазақстанға тартылатын тура шетел инвестициялардың жалпы ағымының динамикасының талдауы Қазақстан экономикасына тартылатын еуропалық инвестициялардың көлемі орташа өзгермелі болып тұрғаны туралы куәландырады.



Сурет 2. 2000–2007 жж. ішіндегі әлемнің елдері бойынша Қазақстанға тартылатын тура шетел инвестициялардың құрылымы

Қайнар көзі: 2000–2007 жж. ішіндегі Қазақстан Республикасының төлем балансы мен сыртқы қарызы. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі [3].

Егер 2000 ж. ЕО елдерінің ҚР-ның экономикасына жіберген тура инвестициялардың көлемі 1082,3 млн. АҚШ долларын (38,83%) құрған болса, онда 2001 ж. олардың көлемі 1448,3 млн. АҚШ долларына (32,23%) дейін қысқарды.




- Жылжымайтын мүлікпен жасалынатын операциялар, жалға беру және кәсіпорындарға жасалынатын қызметтер
- Қызметтің басқа төрлері

Сурет 3. 2000–2007 жж. ішіндегі экономикалық қызмет түрлері бойынша Қазақстан Республикасына тартылатын тура шетел инвестициялардың жалпы ағымы

Қайнар көзі: 2000–2007 жж. ішіндегі Қазақстан Республикасының төлем балансы мен сыртқы қарызы. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі [3].

Жоғарыда келтірілген деректерге сүйене отырып, Қазақстанға тартылатын тура инвестициялардың көбісі ең алдымен жылжымайтын мүлік операцияларына, жалға және кәсіпорындардың қызметтеріне бағытталған. 2007 ж. олардың көлемі 6963,8 млн. АҚШ долларын (тура шетел инвестициялардың жалпы көлемінен 39,8%-н) құрады. Бұл салаға тартылған инвестициялардың үлкен бөлігі геологиялық барлау мен іздеулерін жүргізуі бойынша қызметіне бағытталынады – 6631,3 млн. АҚШ долл. (37,9%).

ТШИ тартылған тағы да бір саласы болып шикі мұнай мен табиғи газды өндіру саналады. 2007 ж. бұл саланың ТШИ көлемі 4316,3 млн. АҚШ долларын (ТШИ жалпы көлемінен 24,6%-н) құрады (сурет 4).



Сурет 4. 2000–2007 жж. ішіндегі тау-кен өндіру өнеркәсібіне тартылған ТШИ көлемі, млн. АҚШ долл.

Қайнар көзі: 2000–2007 жж. ішіндегі Қазақстан Республикасының төлем балансы мен сыртқы қарызы. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі [3].

Жоғарыда айтылып кеткендей, Қазақстанға жіберілген барлық ТШИ жалпы үлесі экономиканың өндіру секторына келеді. Сонымен бірге өндеуші өнеркәсібіне инвестициялық қаржылар салынған болатын. Қазақстанның өндеуші саласына капитал салымдарының басты объектері болып бәрінен бұрын металлургиялық өнеркәсіп – 671,1 млн. АҚШ долл. (3,8%), сонымен қатар түрлі-түсті металлургия – 628,9 млн. АҚШ долл. (3,6%) саналады.


ТШИ қызметтердің барлық түрлеріне тартылған болатын. Бірақ та стратегиялық жағынан қажетті салаларына инвестициялардың айтарлықтай аз сомалар түскені туралы дерегін белгілеп қойған дұрыс. Мысалға, денсаулық сақтау мен білімге шамамен 98,1 млн. АҚШ долл. (0,6%), көлік және байланыс саласына – 181,8 млн. АҚШ долл. (1%) тартылған.

Тура инвестициялар ағымындағы белгілі бір біркелкіліксіздік территориялды қимасында байқалады. Инвесторлар өздерінің капиталдарын қаржы инфрақұрылымдары жақсы дамыған, халықтың төлеу қабілеттілігі аса жоғары сұранысы бар, шикізатпен бай территориялы аймақтық орталықтарына салады.

Капитал, сонымен бірге өкімет үлкен мерзімге жерді тегін пайдалануына немесе ұзақ жалға ұсынатын, сонымен бірге инвесторларды толық және нақты ақпаратпен қамтамасыз ететін аймақтарды жоғары бағалайды. Нәтижесінде мұнай мен газдың негізгі қорлары шоғырланған батыс облыстағы экономикасына инвесторлар жинаған тура капитал салымдарының шамамен 80% көлемін салған. Осылайша, тура инвестициялардың аймақтық таратылуының біркелкіліксіздігі туралы айтуға болады. Бұл деформациялаудың себептерінің бірі болып – шетел инвестицияларының, бәрінен бұрын сақтандыру, кепіл, капитал мен инвесторлардың қауіпсіздік кепілдіктерінің, инвесторларды инвестициялық жобалар туралы ақпаратпен қамтамасыз ету облысына тартуының аймақтық саясатының әлсіздігі. Шетел капиталдарын бірінші кезекте депрессивті аймақтарға бағыттаған лазым.

1992 жылдан бастап, ЕО құрылымдық және институционалдық реформаларына, сонымен бірге ауыл шаруашылық реформасы мен инфрақұрылым дамуына 100 миллион еуродан аса қаржысын бөліп шығарған. Қазақстанға инвестициялық қаржылардың үлкен ағымдары сонымен бірге TACIS, TRACECA (көлік), INOGATE (мұнай және газ) бағдарламаларының қаржылары бойынша түседі. Олар арқылы ЕО аймаққа қолдауын көрсетіп отыр. Осы және басқа да бағдарламалар алдағы жылдары Қазақстанға қолдау мен көмегін көрсететін болады. Сонымен ЕО Қазақстанды Орталық Азиядағы аймақтық ынтымақтастықтың моторы ретінде қарастырып жатыр [4].

2007 ж. ЕО-тың қазақстандық жобаларға салған инвестицияларының үлесі қазақстан экономикасына инвестициялардың жалпы көлемінен шамамен 1/2 құрайды – Нидерланды (17,98%), Австрия (13,39%), Франция (5,84%), Ұлыбритания (4,18%), одан кейін Италия (2,95%) (сурет 5).



Сурет 5. ЕО елдері бойынша Қазақстан Республикасына тура шетел инвестициялар ағымының динамикасы

Қайнар көзі: 2000–2007 жж. ішіндегі Қазақстан Республикасының төлем балансы мен сыртқы қарызы. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі [3].

Инвестициялардың ірі ағындары сонымен бірге жеке еуропалық компаниялардан түседі. Олардың негізгі көлемдері Қазақстан Республикасының отын-

энергетикалық секторына шоғырланады. Еуропалық капиталын тартуының негізгі нысандарының бірі – ірі стратегиялық кәсіпорындарын шетел фирмаларының басқаруына тапсыруында болады.

Статистика бойынша Қазақстан Республикасының Агенттігінің деректері бойынша, Қазақстан территориясында ЕО елдерінен шетел капиталының қатысуымен 2324 кәсіпорындар қызмет еткен, олардың ішінен 980 шетел инвесторлардың үлестік қатысуындағы кәсіпорындар. Қазақстан Республикасы бойынша Германия (546), Ұлыбритания (453), Нидерланды (314), Кипр (184), Италия (130) және Франция (71) басым болады (кесте 2).

Елімізге еуропалық капитал салымдарының ерекшелігі – экономиканың шикізат секторына оның шоғырлануы болып саналады.

Қазақстан мен ЕО-тың инвестициялық ынтымақтастығының дамуының маңызды факторы – экономиканың нақты секторындағы бірлескен жобаларының жүзеге асырылуы болып саналады.

Қазақстан экономикасына негізгі инвестициялық түсімдер Қайта жаңарту және дамыту Еуропалық Банкінен (ҚДБ) түседі. Қазіргі уақытқа дейін ҚДБ Қазақстанда 26 жобаларды қаржыландырды, сонымен бірге біздің елімізге 800 миллион. доллардан асатын қаржы салған.

Қайта жаңарту және дамыту Еуропалық Банкі (ҚДБ) Қазақстан Үкіметіне елдің батысында орналасқан Атырау мұнай орталығы мен Ақтау портты қаласы арасындағы автомобиль жолын қайта жаңартуға 119 млн. АҚШ доллары мөлшеріндегі несиені пайдалануына берген.

ҚДБ қаржыларын 300-километрлік учаскені қайта жаңартуға және 900-километрлік жолдың 300-километрлік полотносын төсеуіне қолдану болжамдалынады. Жоба Қазақстандағы ірі мұнай шығаратын СП «Тенгизшевройл» орналасқан, Тенгиздегі мұнайды шығаратын территориясын қолдайтыны күтіледі.

Кесте 2. 2007 ж. ішінде ЕО елдері бойынша шетел капиталының қатысуымен қызмет етіп тұрған кәсіпорындардың құрылымы

Серіктес елдің атауы	Кәсіпорындардың саны, бірлігі							
	қызмет етуші		олардың ішінде					
	барлығы	олардың ішінен шетел инвесторлардың үлестік қатысуындағы кәсіпорындар бойынша	экспортқа жеткізілімдерін жүзеге асырып жатқандар		импорттық түсімдері бар		өнімді өндіріп жатқандар	
			барлығы	олардың ішінен шетел инвесторлардың үлестік қатысуындағы кәсіпорындар бойынша	барлығы	олардың ішінен шетел инвесторлардың үлестік қатысуындағы кәсіпорындар бойынша	барлығы	олардың ішінен шетел инвесторлардың үлестік қатысуындағы кәсіпорындар бойынша
Австралия	23	9	2	2	4	3	3	5
Бельгия	50	27	5	3	8	2	1	21
Болгария	48	22	2		5	3	1	14
Ұлыбритания	453	162	63	37	84	36	56	33
Венгрия	57	37	1		11	6	6	5
Германия	546	273	47	26	133	60	59	33
Грекия	6	4						
Дания	20	2	2	1	6	1	3	1
								9

Ирландия	30	12	2	2	6	4	5	4	10
Исландия	3	2	2	2	1	1			2
Испания	22	4	2		6		2		9
Италия	130	55	9	5	28	12	15	8	58
Кипр	184	68	35	24	63	25	25	16	115
Латвия	46	18	1		6	3	2	2	12
Литва	60	20	5	3	19	6	4	2	26
Люксембург	11	3	3	1	4	2	2	2	5
Нидерланды	314	106	38	14	75	30	39	20	150
Польша	63	28	1		14	5	8	6	24
Португалия	8		1		1		1		3
Словакия	37	30	8	8	5	2	2	1	28
Словения	13	5			3	1	1	1	5
Финляндия	23	5	1		7	1	1	3	11
Франция	71	25	7	2	15	3	4	2	23
Чехия	47	23	5	4	9	4	2	2	21
Швеция	21	4	3	2	4	1	1	1	6
Эстония	38	36	10	10	4	4	3	3	30
Барлығы	2324	980	255	146	521	215	246	148	1094

Қайнар көзі: Қазақстан Республикасының статистика Агенттігі [2].

Жобаның жалпы құны 243 млн. АҚШ долларына бағаланады. ҚДЕБ-ден басқа, оны Қазақстан Үкіметі және жобаның сипаттамасында айтылмаған басқа да қаржы ұйымдары қаржыландыратын болады.

Қазақстанның мұнай секторында жұмыс жасамаған ҚДЕБ, «Қазмұнайгаз» қазақстандық мемлекеттік компаниясына Кенкияк-Атырау мұнай құбырының құрылысына ұзақ мерзімді несиесін беруін әдейілейді. Қазақстанның Ақтөбе облысының мұнай кен орындарын Атыраудың – Самара және КТК экспорттық терминалдарын біріктірген Кенкияк-Атырау мұнай құбыры «Қазмұнайгаз» және CNPC қытай мұнай мемлекеттік компаниясымен бірлесе отырып салынған. Бұл қайта қаржыландыру «Қазмұнайгазға» басқа мақсаттарға (мұнай құбырына жұмсалған) қаржыларын босатып алуына мүмкіншілік береді, одан басқа, бұл ұзақ мерзімді несие болады.

Британиямен инвестициялық ынтымақтастық ұзақ мерзімді басымдықтарға жатады. 2007 ж.-ға ҚР статоргандарының деректері бойынша Ұлыбритания ҚР-ның экономикасына ТШИ жалпы көлемі бойынша ЕО елдерінің ішінен төртінші орынды (Нидерланды, Австрия және Франциядан кейін) алады – 733 млн. АҚШ долл. 2007 жылдың 30-шы қыркүйегі күні бойынша қазақстанның экономикасына британдық капитал салымдарының жалпы көлемі 3 308,2 млн. АҚШ долл.-ын құрады.

Ұлыбритания ҚР-ның экономикасының келесі салаларын қаржыландырады: тау-кен өндіру өнеркәсібі (1178,6 млн. АҚШ долл.), электр энергияны, газ бен суды өндіру және тарату (50,6 млн. АҚШ долл.), құрылыс (153,0 млн. АҚШ долл.), сауда, автокөліктерді және үйде пайдаланатын бұйымдарды жөндеу (628,7 млн. АҚШ долл.), көлік және байланыс (602,2 млн. АҚШ долл.), қаржылық қызмет (11891,9 млн. АҚШ долл.) және басқалары.

2005 жылдың басында ҚР-ның Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Республикасының өндіру салаларындағы мөлдірлігі бойынша Т.Блэйрдің ынтымақтастығына қосылуы туралы жариялады, бұл екі жақты қарым-қатынастағы сипатына позитивті түрде әсер етті. Екі елдің арасындағы белсенді саяси диалогтың қисынды

жалғасы болып 2005 жылдың маусым айындағы энергетикалық ынтымақтастық туралы өкімет аралық Меморандумға қол қоюы болды.

Инвестициялық саясат пен экономикалық байланыстардың дамуының контекстінде Қазақстан нарығында «BG Group» және «Shell» (Қарашағанак, Қашаған және басқалары) британдық компаниялардың қатысуы және «Қазақстанның мұнай, газ және минералды ресурстары» (2006 ж. 28–30 маусым, Лондон), «Қазақстан: өсудің жаңа шегі» (2007 ж. 27–29 маусым) сияқты халықаралық конференциялардың өткізілуі үлкен рөлін ойнайды [5].

Қазақстанның сыртқы сауда серіктестерінің ішінде Италия ең маңыздысы болып саналады. Ол ҚР-ның экономикасына инвесторлар елдерінің ауқымы бойынша бесінші орын ала отырып, 517,2 млн. АҚШ долл. қаржысын салды. Ынтымақтастықтың басым саласы болып дәстүрлі түрде мұнайгаз сектор қала береді, мұнда итальяндықтар ірі жобаларда қатысады.

Екіжақты деңгейде Германия – 1992 жылдан бастап – Қазақстанға жалпы 160 млн. АҚШ доллардан аса сомасына қаржылық қолдауын көрсеткен: шағын және орташа кәсіпорындарды ынталандыру кезінде, бастаушы кәсіпкерлер үшін жобаларды жүзеге асыру кезінде, сонымен бірге қоршаған ортаны сақтау және денсаулықты қорғау саласында.

Сонымен қатар, Қазақстан мен ЕО арасындағы инвестициялық ынтымақтастық саласындағы бар жетістіктердің қатарына қарамай, бұл процесті жүзеге асыру жолында бірнеше кедергілер де бар.

ЕО пен Қазақстан арасындағы Серіктестік және ынтымақтастық туралы Келісімге (СЫК) сәйкес, еуропалық бизнесмендері мен компаниялар, жалпы, жергілікті және шетел инвесторларына берілетін ұқсас шарттардан ұтады.

Бәрінен бұрын, СЫК заңдар, тура инвестициялардың еркін жылжуы, сонымен бірге еркін айырбасталынатын валютада тауарлар мен қызметтерге төлемдерін жүзеге асыру саласындағы ынтымақтастығы туралы бөлек ережелерден тұрады. Сөзсіз, бұл Келісімнің барлық ережелері бизнесті жүзеге асыру үшін жағдайларды жақсарту және тәуекелді қысқартуына жағдай жасайды.

Өкінішке орай, Қазақстанда шешілмеген мәселелердің бірнеше қатары бар. Шетел инвесторлары келісім шарттардың және міндеттердің бұзуларымен қақтығысатыны құпия емес. Бұл Қазақстанда заң жүйесі әлсіз болуымен және соттар коммерциялық таластарын мөлдір және алаалықсыз шешілуі үшін қанағаттарлық негізін қамтамасыз етпейтіндігімен байланысты болады. Осыған орай, заң жүйесінің тиімділігі мен мөлдірлігін жоғарылату үшін шараларды қабылдаған жөн. Жергілікті соттар арқылы таластарын шешуіне қоса, коммерциялық таластар арбитраж арқылы да шешілуі мүмкін. СЫК UNCITRAL әзірлеген арбитражды ережелерін және шетел арбитражды шешімдерін мойындау және құқықты пайдалану тура Нью-Йорктік Конвенциясының негізіндегі арбитражды пайдалануын көтермелейді.

Шетел инвесторлары соқтығысатын мәселелер, негізінен, шағын немесе орташа инвесторларға қатысты болады. Ірі инвесторлар және үлкен халықаралық компаниялар өздерінің мәселелерін Үкіметте және өте жоғарғы деңгейдегі өзінің саяси қарым-қатынастары арқылы шешеді. Шағын инвесторларда мұндай мүмкіншілік жоқ. Сондықтан да, олар үшін тиімді заң жүйесі бар, салық және кеден заңдарын түсінікті және объективті түрдегі пайдалануымен қарапайым анық және мөлдір іскерлік климатының бар болуы қажет. Халықтың көбісі ұтысқа түсетін, ұзақ мерзімді

экономикалық даму Қазақстан мен шетел инвесторлардың бірлескен жігерлерімен құрылған, шағын және орта бизнестің табыстарына байланысты болады.

Қазақстанда бірлескен кәсіпорындарда жұмыс үшін шетел персоналды жалдау ашық мәселе болып қала береді. СЫК ережелеріне сәйкес, шетел компаниялары тиімді жұмыс үшін маңызды рөлі бар, персоналды жалдауына құқығы бар. Әйткенмен, ҚР-ның Үкіметі, халықтың жұмыспен қамсыздандыру деңгейімен қам жеумен негізделген және де Қазақстан азаматтарын ғана жалға алуын қолдау саясатын жүзеге асырады. Бұл саясат бүгінгі күні республикаға жалданатын шетелдіктер үшін қатаң квоталарын еңгізуіне алып келді. Бұл потенциалды түрдегі дау мәселесін келіссөздер жолымен, барлық мүдделес жақтарының тығыз ынтымақтастығы кезінде шешу қажет.

Біздің республикамызға өзінің қаржыларын салатын шетел инвесторлардың ойы бойынша, ең маңызды мәселе болып қылмыстылық немесе сыбайластық емес, ол адекватты емес және әр кезде ауысатын салық заңы болып табылады.

Маңыздылық деңгейі бойынша келесі мәселелер қарастырылады. Оларға меншік иесі мен несие берушілердің құқықтарын қамтамасыз етуіне, кеден реттеуіне, саяси өзгерістердің тәуекелдеріне, макроэкономикалық оқиғалардың тұрақсыздылығына, дамымаған бактік секторына, бухгалтер жүйесіне және содан кейін ғана сыбайлас жемқорлыққа қатысты мәселелер жатады.

Қазақстан Республикасы мен ЕО-тың инвестициялық ынтымақтастық күйінің талдауы бұл мемлекеттердің қаржы саласындағы өзара әрекетінің оң динамикасы туралы қорытынды жасауына рұқсат етеді.

Зерттеліп жатқан елдердің экономикасының нақты секторындағы бірлескен жобалар белсенді түрде жүзеге асырылып жатыр. ҚР мен ЕО арасындағы ынтымақтастық мұнайгазды, электр энергетикалық секторларында, металлургияда, құрылыс индустриясында кеңейеді. Бірақ та өзара инвестициялардың үлкен бөлігі тау-кен өндіру өнеркәсібіне жіберіледі, бұл қарастырылып жатқан елдердің экономикасындағы құрылымдық жылжуының және оның шикізат бағыттылығының сақталуын ескертеді. Сондықтан да жоғары қосымша құны бар өндірістерді дамуына және ұлттық экономикалардың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатуына бағытталған Қазақстан мен ЕО-тың келісілген инвестициялық және өнеркәсіп саясатын өткізу механизмінің өңдеуі көкейтесті мағынаға ие болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Казахстан: анализ торговой и инвестиционной политики: Хрестоматия работ проекта ТАСИС в Казахстане (EDKZ 9902) с коммент. группы местных консультантов / С.Байзаков и др. – Астана; Алматы: Аркаим, 2002. – 480 с.
2. Статистика бойынша Қазақстан Республикасының Агенттігі.
3. 2000-2007 жж. ішіндегі Қазақстан Республикасының төлем балансы мен сыртқы қарызы. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.
4. Нурсеитов А.А. Республика Казахстан – Европейский Союз: перспективы экономического сотрудничества и партнерства. Информационно-аналитический журнал Analytic. 2003.
5. <http://portal.mfa.kz/portal/page>

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Ресейлік идеологиялық пікірталастағы саяси өзгерістердің түрлері

Балташ ҚАРИПОВ,

М. Ломоносов атын. ММУ-нің әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдары оқытушыларының біліктіліген арттыру және қайта даярлау институтының докторанты,

Айболат КӨШКІМБАЕВ,

Көкшетау университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

Әлеуметтік қарым-қатынастар жүйесіндегі қайта құру мен реформалаудың қарама-қайшы үдерістері ресей қоғамында уақыт талабына жауап беретін қоғамдық қайта құрудың оңтайлы моделі – Ресейді алдыңғы қатарлы озық, тәуелсіз және демократиялық түрінде көру қажеттілігін тудырды. Осыған байланысты, теоретиктер мен саясаткерлер түрлі тарихи әдебиет көздеріне, сондай-ақ саяси өзгерістердің түрлі моделдерін ұсынған XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы ресейдің саяси-идеологиялық пікірталастарына көңіл аударды.

1861 жылғы крепостнойлық құқықты жоюды бастау мен оны түбегейлі жойғанға дейінгі аралықта, әлі нық қалыптаспаған қоғамдық қатынастардың жаңа жүйесіндегі Ресей 1917 жылғы ұзаққа созылған өзгерістерді бастан кешті. Авторитарлық биліктің бастамасымен басталған жаңғырту, бір жағынан, билік мен меншік бөлісуге ниеттенген жаңа әлеуметтік жағдайларды қалыптастырулар, экономикалық және әлеуметтік саладағы дамумен түсіндірілсе, екінші жағынан, саяси жүйенің тоқырауына әкелді. Патшалық шексіз биліктің 1905 жылғы 17 қазанға дейінгі саяси жүйені реформалауға ниеттенбеуі, идеологиялық қақтығыс пен қоғамдағы әлеуметтік дағдарыстарға әкелді. Осы өзгерістер ресейлік зияткерлік және саяси ландшафттың басым бөлігі өзгермелі саяси жобаларға бөлінетін теориялар, идеологиялар, тұжырымдамалар, бағдарламалардың барынша күрделі мозаикасын көрсетті.

Ресейді реформалау қажеттілігін жақтаушы идеологтардың моделдерінде, жақын арадағы дүние жүзілік қоғамдық тарихи даму тенденциясын тұжырымдамалық негізде әзірленген түрінде көрсетті. Олардың пікірлері бойынша жүзеге асырудың барынша оңтайлы жолдары (өткен тарихи кезең тәжірибесін ескере отырып) ұсынылды. Формалды және мазмұны жағынан ерекшеленетін бұл моделдер басым мемлекеттік-биліктік ресурс үдерісін қоғамдық үдерістің негізгі тетігі ретінде біріктірді. Ол Ресейдің тарихи даму ерекшелігімен, ресейлік либералдармен, кон-

серваторлармен және социалистермен логикалық байланыста болды. Олар батыс еуропалық құрылымды отандық ұлттық идеялармен біріктіруге қол жеткізді және нәтижесінде XX ғасырдың басындағы тарихи ақиқат болған шындыққа жақын саяси өзгерістердің плюралистік моделін құрды.

Қазіргі кездегі ресейлік қоғамның рухани өмірі санқырлы және ұлттық-тарихи өзіндік қалыптасуда қарама-қайшы үрдістер жеткілікті және олар ерекше орын алды. Бұл жағдайда өткен кезеңнің зияткерлік мұрасын органикалық меңгерудің өзектілігі туындайды. Орыстың тарихи-саяси пікірталастарының тереңділігі мен ойшылдығы барған сайын көрініс беруде (құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам, саяси тәртіпті және Отанға шексіз қызмет ету, әлеуметтік және саяси әділдік жүйесіндегі тепе-теңсіздікті жою туралы). Оның өзектілігі соншалық, қазіргі кездегі ғылыми ізденісте, әлеуметтік тәжірибе мен қоғамдық сана-сезімді дамытуда, ресей қоғамының басын біріктіруде ықпалды факторға айналуы ықтимал.

Мәселенің тарихнамасына байланысты, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында ресейдегі саяси-идеологиялық өзгерістер туралы әдебиеттерге жай ғана көз жүгіртудің өзі аталған мәселенің ұзақ мерзімдік қалыптасу кезеңін көрсетеді. Ал оны үш уақыттық кезеңге бөліп, қарастыруға болады: 1) қазан айына дейінгі кезең; 2) кеңестік кезең; 3) кеңестік уақыттан кейінгі кезең.

Революцияға дейінгі әдебиеттерді талдау тарихнама дәстүрінің үш негізгі бағыттары туралы айтуға мүмкіндік береді: а) тұлғалық; б) проблемалық; в) тұжырымдамалық. Олардың арасынан сандық қатынас бойынша барынша салмақтысы – біріншісі. Ол белгілі бір мәнде орыстың саяси либерализмінің, консерватизмінің, социал-демократтарының ірі тұлғаларымен сипатталады. Мұндай кезеңдегі жұмыс революцияға дейінгі ғалымдардың зияткерлік шығармаларының негізгі тармақтарын тиімді меңгеруге, олардың теориялық мәтіндерінің «құпия» мотивацияларымен келісу немесе қорытынды бағаларына күмән келтіруге мүмкіндік береді (Алексеев Н.Н. [5], Бердяев Н.А. [8-11]; Вышеславцев Б.А. [16]; Кокошкин Ф.Ф. [28-29]; Котляревский С.А. [33-35]; Михайловский И.В. [40]; Мартов Ю.О. [38]; Фатеев А.Н. [56] және т.б. жұмыстары).

Революцияға дейінгі ғалымдардың саяси реформалауды зерттеудегі деңгейлері проблемалық және тұжырымдамалық көзқарасты көрсетеді. Оларды қолдану жалпы тұжырымдамалық өзгерістердің жүйе құрастырушылық элементтерін, өзектілігін анықтауға мүмкіндік береді. Олар ондайларға әдетте үкіметті жатқызды. Орыстың көптеген ойшылдары үкімет мәселелерін қарастырған (Блок А.Л. [12]; Градовский А.Д. [20-21]; Захаров Н.А. [22]; Коркунов Н.М. [30-32]; Котляревский С.А. [33-35]; Алексеев А.С. [2-4]; Савальский В.А. [51] және т.б. жұмыстарын қараңыз). Осы тақырып төңірегіндегі кейбір толғану нәтижелері XX ғасырдың басындағы либералдық мемлекеттануда Б.А. Кистьяковскийдің [24-25] жұмыстарында ұсынылған. Онда билік феномені көпқырлы аспектілі, сондай-ақ тарихнамалық тұрғыдан сынға ұшырады. В. Голованов, В.И. Герье, А.А. Кизеветтер, В.И. Ленин сияқты төңкеріске дейінгі ғалымдар мен саясаткерлер жалпы теориялық шолуларды Ресейдің мемлекеттік құрылымын реформалау жолдарымен және мүмкіндіктерімен толықтырды (Герье, [17, 16]; Кизеветтер [23]; Ленин [35-37]; Голованов [19]).

Кеңестік кезеңде тақырыпты оқып-меңгеру КСРО саяси әлеуметтік-құрылысының сипатымен түсіндірілетін ресми идеологиялық стандарттардың пәрменді ықпалымен жүзеге асырылды. Олардың арасынан барынша ықпалды саяси либерализм мен консерватизм, оның ішінде орыстың да, біртектес әлеуметтік-таптық табиғаты туралы түсініктеме де болды және олар, саяси идеологияның төменгі деңгейі, бастапқы тарихын аяқтаушы және жоғарғы социалистік кезеңнің алды болды. Бұл стереотиптер соғыс алдындағы және соғыстан кейінгі жылдары кең көлемді таралуына мүмкіндік алды және дидактикалық әдебиеттермен бекітілді.

Бұл кезеңде фактологиялық материалдар жинақталды, жекелеген либералдық және консервативтік қайраткерлердің шығармаларына баға берілді, жекелеген идеялық-саяси үдерістерді терең түсіну жүрді (Агеевтің Ю.И. [1]; Водзинскийдің Е.И. [14]; Володиннің А.И. [15]; Сафронованың Б.Г. [52]; Сладкевичтің Н.Т. [53]; Пантиннің И.К. [42-43] еңбектерін қараңыз).

1980 жылдардағы кеңестік саяси режимді либерализациялау идеологиялық бұрыштамалардың осалдануына әкеп соқты. Бұл үдеріс 1980 жылдың екінші жартысында барынша нығайды. Бұл үдеріс алғашында сандық қатынаста көрініс берді: либерализмді тұтастай алғанда және саяси түсініктемені жекелей алғанда мазмұнды өнімді жарияланымдар пайда болды. Аталған жарияланымдар бірнеше ондаған данада шығарылды. Елде либерализм мен консерватизмді «ренессанстау» басталды. Либералдық және консервативтік идеологияға, сондай-ақ социализмге қызығушылықтың тууы, алдымен әлеуметтік шешімдер мен әрекеттердің жаңа идеялық-теориялық алгоритмін құруды қажет етуді талап еткен жүйелік дағдарыстан туындады.

Бұл қажеттілік жаңа танымдық моделді құру қажеттілігінен туындады. Жоғарыда көрсетілген үш негізгі бағыттармен қатар, 1980-1990 жылдары пәнаралық көзқарас нақтылы көрініс бере бастады. Саяси идеология феномені политология, құқықтану, философия, социология және тарих сияқты гуманитарлық пәндердің назарына ілікті.

Политологиялық зерттеулер Ресейдің саяси ой-толғамаының дамуымен және либерализм мен консерватизмнің жиынтық салмағымен және орнымен ерекшеленді. Соңғылары радикализммен қатар, қоғамды реформалау және жаңғырту жағдайындағы ықпалды идеологиялық ағым ретінде қабылдана бастады. Бұл идеологиялардың маңыздылығы алғашқы рет Ресейдің XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдағы тарихи дамуының жалпы үдерісінде атап көрсетілді.

Осы кезеңдегі оңтайлы жағдай саяси-құқықтық әдебиеттерде жинақтала бастады. Революцияға дейінгі кезең дәстүрлерінің жалғасуындағы үзілістерге және мәртебелік пен ұйымдастырушылық тұрғыдан бекітілуі мен құрылуының күрделі кезеңін басынан өткіріп жатқан политологиямен салыстырғандағы айырмашылығына қарамастан, тарихи-теориялық саяси-құқықтық ой қозғалыста болды. Ол нәтижесінде зерттеулердің сандық және сапалық көрсеткіштеріне тиімді әсер етті. Сонымен қатар, кеңестік құқықтанушы ғалымдардың еңбектерінде мемлекеттану мәселесінде формалды-заңды көзқарас басым болды және ол тақырыптың көптеген аспектілерін көлеңкелі жағдайда қалдырды.

Кеңестік тарихнамалық кезеңде орыс ойшылдарының мұрасына философиялық-социологиялық талдау басталды. Ресейдегі түрлі дүниетанымдық көзқарастарды, олардың әлеуметтік-тарихи тамырлары мен негізгі әлеуметтік тасымалдағыштарын анықтауда алғашқы қадамдар жасалды. Философтар мен социологтар әдіснамалық тұрғыдан қалыптасқан көзқарастарды бағалау, саяси-философиялық тақырыпқа баса назар аудару арқылы тарихнамалық айналымға орыстың бірқатар ірі либералдарын, консерваторларын және социалистерін тартты.

Орыстың саяси либерализмі, консерватизмі және социализмі кеңес тарихшыларының назарында болды. Тарихи еңбектердің талдаулары реформалы Ресейдің әлеуметтік-тарихи дамуының ерекшелігі, сондай-ақ түрлі таптар мен нәсілдердің орны мен рөлі жөніндегі жалпылама мәселенің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылды. Көрсетілген пәндік зерттеулер ағынының аясында тарихшылар түрлі тақырыптық еңбектерді және бағдарламалық саяси-партиялық құжаттарды, жарияланымдық және эпистолярлық мұраларды, либералдық, консервативтік, социологиялық қайраткерлердің мемуарлары мен күнделікті жазбаларын айналымға енгізу негізінде өздерінің зерттеулерін жүргізді. Бұл, өз кезегінде, әсіресе 1960 жылдардан бастап, XIX ғасырдың ортасындағы либералдық консервативтік және социологиялық қозғалыстың пайда болуы мен өсуінің,

осы қозғалыстың негізгі кезеңдерінің, саяси күштер мен либералдық қозғалыс топтары сипаттамаларының, олардың саяси бағдарламалары мен доктриналарының, маңызды фигуралардың рөлі мен орнының бағыттары бойынша әзірлемелер жасауға септігін тигізді. Күн тәртібіндегі «тарихнама» саяси өзгерістерінің феноменіне жүйелі, әрі кешенді мәселе енгізілді.

Оны жүзеге асырудың алғышарттары мен жағдайлары қазіргі кездегі тарихнамалық дәстүрлерде пайда болды. Бұрынғы кеңестік қоғамда болып жатқан трансформациялық үдерістер орыстың саяси идеологиясының тарихы мен теориясына онтайлы қызығушылықпен түсіндіріледі. Коммунистік доктринаның және саясаттың күйреуі жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік өзгерістерге қарсы құндылықтарға жаңа көзқарас құру қажеттілігінен туындады. Жарияланымдық жабуылдың үлесін бағалау мен қорытындылауға әкелген орыстың либерализмі, консерватизмі мен социализмі жөніндегі саяси идеология туралы жарияланымдардың алғашқы толқынынан кейін мамандар бұл идеологиялар күрделі, әрі қарама-қайшылықты құбылыс және толыққанды толғануды, сондай-ақ дәйекті талдауды талап ететіндігіне көз жеткізді (Бузалин, Колганов, [43]; Репников, [52]; Шелохаев, [57] және басқаларының еңбектерін қараңыз).

Өткен ғасырдың соңы мен осы ғасырдың басында философтар мен социологтардың, тарихшылар мен экономистердің, құқықтанушылар мен политологтардың бірқатар көлемді монографиялары, жүздеген мақалалары, баяндамалары мен тезистері ғылыми журналдарда және конференциялар, симпозиумдер мен конгрестердің материалдарында жарық көрді. Батыс еуропалық және орыс либерализмінің, консерватизмі мен социологтардың көрнекті теоретиктері мен идеологтарының, эмигрант авторлардың еңбектері қайта басылып шықты, бірқатар батыс ғалымдарының зерттеу монографиялары мен мақалалары орыс тіліне аударылды (Анархисты..., [6]; Меньшивики..., [39]; Партия социалистов-революционеров... 1996; Правые партии..., [44]; Съезды и конференции конституционно-демократической партии..., [44]; Протоколы центрального комитета заграничных групп конституционно-демократической партии, [49]; Партия «Союз 17 октября» [45] және т.б. қараңыз). «Ресейдің саяси партиялары. Құжаттамалық мұра» атты көп томдық зерттеулік жобаны басып шығару аяқталды; ондаған диссертациялар дайындалды, антологиялар, энциклопедиялар, сөздіктер жарық көрді (Антология мировой политической мысли, [7]; Политический партии России..., [47]; Общественная мысль России..., [41]; Смолин, [54]; Политическая мысль в России..., [45] және т.б. қараңыз).

Кең құлашты және түрлі көзқарасты әдебиет көздері мен сын әбедиеттерді айналымға шығару ресейлік идеологиялық пікірталастағы саяси өзгерістердің моделдерін зерттеуге бағытталған келесі бағыттарды анықтауға мүмкіндік берді: 1) дербестік; 2) проблемалық; 3) пәндік; 4) тұжырымдамалық. Проблемаға деген теориялық, методологиялық және әдістемелік көзқарас айтарлықтай өзгерді. Тақырыпты пәнаралық қарау тенденциясы көрініс бере бастады. Зерттеушілер қазіргі кездегі дүние жүзілік политологияда орын алған саяси жаңғырту мен транзитологиялық тұжырымдамалардың негізінде ресейлік өзгерістердің ерекшеліктерін анықтауға тырысты.

Барлық көрсетілген бағыттар жалпы өзгешелік сипатының төңірегінде топтастырылды. Біріншіден, жоғарыда атап өтілген еңбектерде бізбен белгіленген тақырып негізгі болып саналмайды, ол басқа зерттеу міндеттерін орындаумен байланысты болады. Екіншіден, көзқарастар мен алған орнының плюрализмі, осы мәселе төңірегіндегі пікірлер мен пайымдаулар «сыншылдық массаға» жетті. Нәтижесінде идеологиялық пікірталастағы саяси өзгерістердің мәселесі теориялық та, тарихнамалық фрагменттелген күйінде де қалып қойды, ал бұл оның контурын «шаюға» әкеп соқтыруы ықтимал. Үшіншіден, әлеуметтік-саяси өзгерістер және қоғамтанушылық пәндердің түрлі өкілдері дамуының мәселесін әзірлеу автономдық режимде жүргізілуде. Зерттеулер

барысында алынған нәтижелер өзара үйлесімділігі жағынан нашар жүзеге асырылуда және тұтастай бір бейнеге топтастырылмаған.

Сонымен, ресейлік саяси ой-толғамның ғасырлық тарихнамалық дәстүрлердің шолулары, бізге дейінгі ұрпақтармен бірқатар бағыттар бойынша зерттеулер жүргізілгендігін көрсетеді, алайда кеңқулашты, толық және зерттеліп біткен зерттеулер жоқ.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы ресейлік саяси идеологиялық пікірталастардағы саяси өзгерістер моделінің құрылымдық элементтері мен қызметтерін анықтау көптеген күрделі мәселелерді шешуді талап етеді. Олар: а) саяси өзгерістердің пайда болу табиғатын анықтау; б) саяси-идеологиялық пікірталасты тұжырымдамалық негіздеу және зерттеу талдауының негізі ретінде классикалық идеологияның құндылығын анықтау; в) саяси өзгерістердегі либералдық моделдердің идеялық-теориялық негіздемесін, оның «түсінікті» мазмұнын, оны жүзеге асырудың бағдарламасын анықтау; г) саяси өзгерістердегі консервативтік моделдің дүниетанымдық көзқарасы мен құндылық бағдарын анықтау; д) саяси өзгерістердегі социалистік моделдің методологиялық құрылуын белгілеу және оның политоморфологиясын ашу, оны жүзеге асырудың жолдары мен әдістерін анықтау.

Саяси өзгерістер мәселелерінің мазмұны қай уақытта да болмасын, әрдайым Ресейдің XIX ғасырдың екінші жартысындағы реформалық даму шындығы мен сол уақыттағы саяси ой-толғамның идеялық-теориялық деңгейімен анықталады. Ресей қоғамының зияткерлік элитасы Ресейдің маңызды әлеуметтік өзгерістер сатысында тұрғанын түсінді. Алайда, бұған дейінгі шет елдік және отандастарының қоғам мен билікті жаңғыртудағы талпыныстарында орын алған драмалық тәжірибесін естерінен шығармады. Олардың алдында: әлеуметтік ретсіздіктен құтылу және әлеуметтік-саяси әділдік мен еркін тұлғаны қалай қалыптастыру керектігі жөнінде дилемма тұрды. Ресейлік теоретиктер бұл мотивациялық мақсаттарды қамтамасыз ету үшін мемлекеттік-биліктік ресурстарды конфигурациялауда ғана мүмкін екендігін түсінді. Көрсетілген болжам зерттеудегі негізгі қағида болуы тиіс, ал оның болжалды гипотезасы келесі ережелермен түсіндіріледі:

1. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы тарихи үдерістердің талдаулары қаралатын кезеңдегі ресейлік қоғам мен мемлекет жүйелік өзгерістерді жүзеге асыруды қажет етіп тұрғандығын көрсетті. Сонымен қатар, патшалық шексіз билік режимі дәстүрлі идеология жаңартуды мүлдем қажет етпейді деп қарастырды және қажетті теориялық өзгерістерді жүзеге асыруға қарсы тұрды. Мұндай көзқарас қарама-қайшылық көзқарастарды, билік пен қоғам арасындағы даулы жағдайды күшейте берді. Ал ол зияткерлік қауымдастықты саяси өзгерістердің түрлі моделдерін құруға итермеледі.

2. Құрылымдық-функционалдық және пікірталастық талдаулар қарастырылатын кезеңдегі ресейлік идеологиялық пікірталастағы ұсынылатын қарым-қатынастардың көп қырлылығын көрсетті. Ол кезеңде саяси өзгерістердің негізгі үш моделі көрініс берді, яғни, олар – либералдық, консервативтік, социалистік. Олардың әрқайсысында ойлы және мәнді ерекшеліктері болды, эндогендік-экзогендік жаңғырту моделімен толықтырылды. Нақ осы тип Ресейді саяси реформалаудағы идеялық-теориялық моделдердің құрылуында өзгешелік қырларын көрсетті.

3. Өзіндік құрылымдық, идеологиялық, стратегиялық және тактикалық ережелердің талдаулары либерализация, консервациялау, социалистік моделдердің әрқайсысы ережесі жалпытеориялық негіздемелермен, түсініктемелік-санаттық аппаратпен, жүзеге асырудың бағдарламалық-тәжірибелік құралдармен жабдықталғандықтарын көрсетті. Бұл моделдер мемлекет пен адам және қоғам арасындағы дайларды, сондай-ақ коллизияны шешудегі саяси алгоритм болды.

4. Саяси өзгерістердегі либералдық моделдің бастапқы бөлігі құқықтық мемлекеттік және азаматтық қоғам құру қағидасы болды. Оны жүзеге асыру мақсатында

либералдық теоретиктер билік пен құқық талдауының плюралдық тұжырымдамасын құрды және мемлекет мүмкіншілігін шектеуге ықпал ететін біртұтас саяси-құқықтық кепілдік жүйесі мен саяси-тәжірибелік шараларды әзірледі.

5. Саяси өзгерістердің консервативтік моделі Ресейлік саяси жүйенің бейімдеушілік типі басым болатын тұжырымдаманы ұсынды. Бұл тұжырымдаманың негізі иерархиялық құндылық жүйесін құрды. Оның бастапқы импульсы — дәстүр. Соңғысы консервативтік жобаның негізін қалады. Оны жүзеге асырудың негізгі тетігі мықты мемлекеттік билікпен, моральдық-рухани құндылықтармен байланыста болды. Ол мемлекетті басқарудың архетипін жаңғырту және саяси тәртіпті тұрақтандыруы тиіс болды.

6. Саяси өзгерістердің социалистік типі — марксистік социализмнің ресейлік нұсқасы. Оған социалистік-саяси талдаудағы ғылыми әдістемелік элемент тән болды. Болашақтағы социалистік әділ қоғам құру қағидасын жаппай тарату сол кездегі бұқаралық дәстүрлі ой-толғаммен шектеулі қабылданды.

Тұжырымдамалық-болжалды талдау, тұтастай алғанда әр модел өз алдына тиісті динамикасы бар саяси архетип (тұлға, қоғам, мемлекет) ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Ол мемлекеттік-билік ресурсының көмегімен қоғамның конфронтациялық полярилығын осалдануына ықпал етеді және оның бірігуі мен тұрақты дамуын нығайтады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Агеев Ю.И. Вопросы права, государства и культуры в трактовке русского дореволюционного правоведа Б.А. Кистяковского // Труды Иркутского госуниверситета. Т. 58. Сер. Юрид. Вып. 9. Ч.1 Иркутск, 1969.
2. Алексеев А.С. Начала верховенства права в современном государстве. // Вопросы права. Кн. 11 М., 1910.
3. Алексеев А.С. Начала современного правового государства и русский административный строй накануне 6 августа 1905 года. М., 1905.
4. Алексеев А.С. К учению о юридической природе государства и государственной власти. // Русская мысль. 1894. Кн. 11.
5. Алексеев Н.Н. Русский гегельянец Б.Н. Чичерин. // Логос. Кн. 1. М., 1911.
6. Анархисты: Документы и материалы. 1883–1935: В 2 т. М., 1998–1999.
7. Антология мировой политической мысли: В 5 т. Т. 4. Политическая мысль в России: Вторая половина XIX – XX в. М., 1997.
8. Бердяев Н.А. Новое средневековье. М., 1991.
9. Бердяев Н.А., Н.К. Михайловский и Б.Н. Чичерин. // Опыты философские, социальные, литературные. (1900–1906). СПб., 1907.
10. Бердяев Н.А. Философия неравенства. М., 1990.
11. Бердяев Н.А. Pro et contra. Антология. Кн.1. СПб., 1994.
12. Блок А.Л. Политическая литература в России и о России. Варшава, 1894.
13. Бузгалин А.В., Колганов А.И. Постсоветский марксизм в России: ответы на вызовы XXI века. М., 2005.
14. Водзинский Е.И. Русское неокантианство конца XIX – начала XX вв. М., 1966.
15. Володин А.И. Начало социалистической мысли в России. М., 1956.
16. Вышеславцев Б.А. Василий Александрович Савальский. // Юридический вестник. 1915. Кн. XI (III).
17. Герье В.И. Вторая Государственная Дума. М., 1907.
18. Герье В.И. Значение третьей Думы в исторической России. СПб., 1912.
19. Голованов В. Земельный вопрос во второй Государственной думе. СПб., 1907.
20. Градовский А.Д. Государственное право важнейших европейских держав. Ч.2. // Собрание сочинений. Т.1. СПб., 1902.
21. Градовский А. Политика, история и администрация. Критические и политические статьи. СПб., 1871.
22. Захаров Н.А. Система русской государственной власти. Юридическое исследование. Новочеркасск, 1912.

23. Кизеветтер А.А. Теория народной свободы и ее идеология. М., 1917.
24. Кистяковский Б.А. Государственное право (общее и русское). М., 1908.
25. Кистяковский Б.А. Социальные науки и право. Очерки по методологии и общей теории права. М., 1916.
26. Кистяковский Б.А. В защиту права. // Вехи. Из глубины. М., 1991.
27. Кистяковский Б.А. Философия и социология права. СПб., 1999.
28. Кокошкин Ф.Ф. К вопросу о неприкосновенности депутатов. // Русские ведомости. 1908, №11.
29. Кокошкин Ф.Ф. Краткий очерк научной деятельности А.С. Алексеева. Из воспоминаний о нем. М., 1916.
30. Коркунов Н.М. Русское государственное право. Т. II. 4-изд., СПб., 1909.
31. Коркунов Н.М. Русское государственное право. Т.1, 3-е изд. СПб., 1899.
32. Коркунов Н.М. Указ и закон. СПб., 1894.
33. Котляровский А.С. Алексеев как историк политических учений. // Юридический вестник. 1916. Кн. 14.
34. Котляровский С.А. Власть и право. Проблема правового государства. М., 1915.
35. Котляревский С.А. Юридические предпосылки русских основных законов. М., 1912. Полное собрание сочинений: В 55 т. 5-е изд. Т. 15. 1979. С. 37–48.
36. Ленин В.И. Выборы в Думу и тактика русской социал-демократии // Ленин В.И. Полное собрание сочинений: В 55 т. 5-е изд. Т. 15. 1979. С. 37–48.
37. Ленин В.И. Избирательная кампания в IV Думу и задачи революционной социал-демократии. // Ленин В.И. Полное собрание сочинений: В 55 т. 5-е изд. Т. 21. 1980. С. 247–251.
38. Мартов Ю.О. Политические партии в России. М., 1917.
39. Меньшевики. Документы и материалы. 1903 – февраль 1917. М., 1996.
40. Михайловский И.В. Воззрения Б.Н. Чичерина на право и государство. // Общественная мысль России XVIII – начала XX века: Энциклопедия. М., 2005.
41. Пантин И.К. Материалистическое мировоззрение в теории познания русских революционных демократов. М., 1961.
42. Пантин И.К. К логике теоретического становления современного социализма. // Полис. 1996. № 4.
43. Партия социалистов-революционеров: Документы и материалы: В 3 т. М., 1996.
44. Партия «Союз 17 октября»: В 2 т. М., 1996–1998.
45. Политическая мысль в России: Словарь персоналий (XI в. – 1917 г.). М., 2000.
46. Политические партии России. Конец XIX – первая треть XX века: Энциклопедия. М., 1996.
47. Правые партии. 1905–1917: Документы и материалы. В 2 т. М., 1998.
48. Протоколы Центрального комитета заграничных групп конституционно-демократической партии: В 6 т. М., 1996–1999.
49. Репников А.В. Современная историография российского консерватизма // Консерватизм и традиционализм на Юге России. Южнороссийское обозрение Центра системных региональных исследований и прогнозирования ИППК при РГУ и ИСПИ РАН. Вып. 9. Ростов-на-Дону, 2002. С. 5–28.
50. Савальский В.А. Государственное право. Общее и русское. Ч. 1. Варшава, 1912.
51. Сафронов Б.Г. М.М. Ковалевский как социолог. М., 1960.
52. Сладкевич Н.Т. Очерки истории общественной мысли России в конце 50-х – начале 60-х годов XIX века. Л., 1962.
53. Смолин М.Б. Энциклопедия имперской традиции русской мысли. М., 2005.
54. Съезды и конференции конституционно-демократической партии. 1904–1920 гг.: В 3 т. М., 1997–2000.
55. Фатеев А.Н. Русский методолог права Б.А. Кистяковский. М. Харьков, 1917.
56. Шелохаев В.В. Состояние современного историографического поля российского либерализма и консерватизма // Консерватизм в России и мире: прошлое и настоящее. Мат.Междун.научн.конференции. Воронеж, 2002.С.95-107.

Ислам дінінің түркі-моңғол дәуірінде Қазақстан аумағында таралу мәселесі

Ләззат ТАСТЕМИРОВА,

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің
І-ші проректоры, философия ғылымдарының кандидаты,
доцент

Орталық Азия аймағында түркі-моңғол дәуіріне дейінгі ислам дінінің таралуы қараханидтердің билігімен байланысты, «Мұсылман әдебиеттерінде сөз етілгендей Қашғарияның билеушісі Саток Бұғрахан (955 жылы қайтыс болған) өз тайпаластарын мұсылмандыруға үлкен үлес қосқан алғашқы қараханидтердің бірі болды. X-XI ғасырларда Батыс Тарым жайылымдары, сондай-ақ Шу мен Талас өзендері алқаптарын ислам дінін қабылдаған отбасы мүшелері мекендеген» [1,173]. XIII ғасырдың басында болған моңғол шапқыншылығы кезінде де Қазақстан аймағында тараған исламда ешқандай түбегейлі өзгерістер болған жоқ. Шыңғысхан билігі жайында неше түрлі көзқарастар болса да, бірақ дәл осы моңғолдар көп конфессиялық мемлекет пен дінге бойсынууды қалыптастырған. Оған дәлел ретінде Рене Груссэ Шаваннаның материалдар жинағынан мынадай дерек келтіреді: «Император Шыңғысхан өзінің ұлы жарғыларында былай дейді: «Хо-шандар (буддалық дінбасылар), йеликовендер (несториандық дінбасылар), съен-шендер (тао дінбасылар) мен ташемандардан (мұсылман дінбасылары) жер салығы, сауда салығы және де салықтың басқа түрлері алынбасын деп бұйырамын, керісінше, олардың Көкке жалбарынып, императорға бакыт сұрай тілеулері қажет» (Шаваннада жинақталған император Құбылайдың 1275 жылғы жарлығы, Гун-пао канцеляриясының жазбаша құжаттары, 1908, 377-378) [1,248]. Моңғолдардың мұндай қарым-қатынасы Шыңғыс тұқымының қысқа уақыттағы билігі мен алдын көрегендікпен болжамайтынына қарамастан аймақта дінге сену дәстүрлерінің ары қарай дамуына игі әсер тигізгені сөзсіз. Жаңадан жаулап алушылар белгілі бір діни жүйенің басымдылық танытуын өзіне мақсат етіп қойған жоқ. Шыңғысхан ордасында түрлі дінбасылары, соның ішінде христиан, мұсылман және де басқа дін өкілдері кездескендігі туралы көптеген дерек көздерінде айтылады. Гильом Рубрук 1254 жылы Мөңке ханның ордасында өткен діни пікірталасқа қатысқан буддистер, мұсылмандар, католиктер мен несториандар бір-бірімен қатты таласса да, ешқандай нақты қорытындыға келе алмағандығы жайында сипаттайды. «Осы діндердің барлығы да бір қолдың саусақтары тәріздес,» – деген екен Мөңке фламанд өкілі Рубрукке. Француз королі Касиетті IX Людовиктің тапсырмасымен келген бұл монах ханға крест жорығына қатысушылардың исламға қарсы одақ құру жайында ұсынысын жеткізгенмен, ол хан тарапынан қолдау таппады. Мемлекеттің астанасы Қаракорымда буддалық храмдар, мұсылман мешіттері өз жұмыстарын жүргізіп, несториандар мен католиктер діни мейрамдарын атап өтуін жалғастыра береді [2]. Сонымен қатар басып алынған территорияларда уақыт өте келе тура Қытай мен Ирандағыдай жаулап алушылардың өздері мәдени ассимиляцияға ұшырады.

Моңғол әскерлерінің шапқыншылығы Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы отырықшы аудандар – Отырар, Сығанақ және басқа да қалалардың күйретілуіне барып ұласты, ал бұл жайт ортодоксалды «кітаби» исламның далаға жасаған ықпалын әлсіретуге әсерін тигізбей қойған жоқ. Түркі-моңғолдардың көшпелі ақсүйектерінің дүниетанымдық көзқарастары жүйесінде Шыңғысхан культі (Шыңғысханға табыну) маңызды орын алды. Оның негізінде Шыңғысханның шығу тегі жайында генеалогиялық ойлар мен оның билік жөніндегі мызғымас құқығы (ешкім таласпас құқығы), ежелгі түркілік дәстүрлі сенім элементтері мен құран аңыздары жатты.

Ауызекі жолмен жеткен бұл ережелер жүйесі бойынша кейіннен қазіргі түркі-моңғол халықтарының, соның ішінде қазақ халқының негізін құраған Орталық Азиядағы көптеген көшпелі және жартылай көшпелі тайпалардың әлеуметтік және саяси құрылымы қалыптасты. Сол сияқты аталған идеология қазақтардың дәстүрлі рулық өзіндік санасын құрайтын дәстүрлі рулық жеке-даралығының қалыптасуына септігін тигізді.

Исламның рулық бөлінуге тікелей ықпал еткендігін атап өткен жөн. Ол еш рулық құрамға кірмейтін этнос ішілік ерекше «қожа (ходжа)» бұтағының пайда болуынан көрініс тапты; оның өкілдері өздерінің ата-тегін Мұхаммедті жақтаушы арабтардан таратады. Осыған ұқсас тектік, бөлінулер басқа орта азиялық халықтарда да кездеседі. Бірақ та қазақ қоғамында бұл тектік, әулеттің әлеуметтік-саяси маңызы қожалар нақты саяси билікке ие болған өзбектерге қарағанда, анағұрлым төмен болып келеді. Мұндай айырмашылықтың болуының бір себебі исламның ХҮІІІ ғасырда діни сенімнің екі жақтылығы, ислам мен тәңірге табыну элементтерінің қосылып кетуі орын алған қазақ қоғамына әлсіз енуі десек, шындыққа жанасатын сияқты.

Шыңғыстың ортақ идеясы – Шыңғысхан тұқымының жоғары билікке деген даралық құқы орталық азия түркілері арасында өкіметтік билік туралы көзқарастардың негізін құрады. Осыған сәйкес жоғары саяси билік тек элиталық тап өзінің шығу тегін Шыңғысхан ұрпақтарынан тарататын «Шыңғыстықтарға» ғана тиесілі болды. Тіпті ұлы Темірланға өзінің билігін жүргізу үшін «тиісті тектен шығу» қажет болды: «Темірдің тарихшылары оны Шыңғысханға жақын адамның ұрпағы ретінде көрсеткісі келді, яғни оның Шыңғысхан династиясымен туыскандық байланыстарын іздеді. Шын мәнінде Темірлан моңғол емес, түркі болған» [1,453]. Қазақ қоғамында шыңғыстықтар «қожалар» сияқты дәстүрлі жүзге бөлуге жатпай, жоғары аристократия өкілдеріне «төре» – «ақ сүйек» ретінде кіреді.

Араб дерек көздерінің мәліметтері бойынша Алтын орда хандарының ішінде 1266–1280 жылдар аралығында билік құрған Берке алғашқылардың бірі ретінде исламды қабылдады. Оның бұл енуіне белгілі софылық шейх Наджемеддин Кубрдің ізбасары, бұқар сопысы Шамседдин әл-Бахерзи себепкер болды [3]. Берке мешіттер мен медреселер салып, ғалымдар мен құқықтанушыларды өз маңына жинады. Дәл осы Берке парсы хандары коалицияларының христиан әлеміне деген мұсылмандар қарсылығын қолдады: «Парсы тарихшылары қыпшақ ханы – Хұлағудың ел билеуші Шыңғысханның басқа ұрпақтарымен келісіп алмай, Бағдадта жаппай қырғын жасап, халифті өлтіргені үшін кінәлағандығын атай кетеді... Өзінің немерелес ағайындары – парсы моңғолдарына келгенде ол Шыңғысхан ұрпақтарының тікелей жауларымен, мұсылман көтерілісшілерін айқын жинақтаушылармен, сұлтан Бейбарыс бастаған Мысыр мамлүктерімен еш ойланбастан одақ құрды» [1,44]. Белгілі бір дәрежеде дәл осы одақтың мұсылмандарды түпкілікті жеңілуден қорғап қалғандығы шындық.

1312–1342 жж. билік құрған Өзбек ханның тұсында Алтын Орданың астанасы Сарайшықта 13 мешіт болған. «Оның күмбезді мешіт салдырып, күніне 5 рет намаз оқығандығы жөнінде деректер бар». «Өз жерінде исламды насихаттауды» жария еткен Өзбек хан «Мұхаммед заңының басқа заңдардан биік тұруына» күш салады.

Мұсылмандықтың кей қағидаларының Алтын орда даласында өзіндік ерекшелікке ие болғандығы айқын. Сарайшық қаласындағы Өзбек хан сарайында болған ибн-Батута түркілердің (қыпшақтардың) «ханифей текті екендігін және оларға мас қылатын сусын ішуге болатындығын» атап көрсетеді [4]. Көшпенділердің басқа халықтарымен саяси-мәдени қарым-қатынастарының қалыптасып дамуы нәтижесінде ислам діни танымының саяси рөлі күшейе түсті. Бұл, әсіресе, таяу Шығыстан мұсылман елдерімен байланыс жасауда жарқын көрініс тапты.

Алтын орданы исламдандыру бастапқы процесс болып қана қойған жоқ. Көп нәрсе хандардың жеке ерік-күші мен ұмтылысына тәуелді болды, себебі олардың кейбірі исламның енуіне қолдау көрсетуге тырыспады. Көшпенділер мен христиандардың дәстүрлі діни сенімдерімен қатар исламның да бірге өмір сүруі таңқаларлық жәйт емес. «Өзбектің Мұхаммед пайғамбар ілімін насихаттауға ұмтылуы оның христиан дінін таралуына деген көзқарасына еш әсерін тигізбеді. Папа Иоанн XXII 1338 жылдың 13 шілдесінде ханға жіберген өз жолдауында оның католиктік миссияға көрсеткен жылы қарсы алуына деген алғысын білдірген» [1,449].

XVI ғ. қазақ халқының қалыптасқаннан кейінгі кезеңде исламды тарату хандардың жоғары билігінің күшейіп, әр түрлі қазақ тайпаларының біртұтас этникалық ұлтқа айналуына ықпал етті. Осыған байланысты В.П. Юдин: «Шамандық сенімдер мен культтің кеңінен етек алған жағдайында патриархальды – рулық қарым-қатынастар идеологиясының негізін құрайтын қазақ жұртшылығын исламдандыру, оның санасына дамыған феодалдық қоғамның діни идеологиясын ендіру жоғары өкімет билігі мен мемлекеттік институттарды бекіту үрдісіне, феодалдық қарым-қатынастар мен халықтың әрі қарай бірігу үрдісіне ықпал етпей қойған жоқ», – деген қорытындыға келеді [5]. Исламның аймаққа одан әрі енуі және түркі даласына моңғол әскерлері келуімен байланысты оның саяси өмірге әсер етуі моңғол идеологиясымен үздіксіз байланыста жүзеге асып отырды. Әсіресе, бұл құбылыс мәдени салада анық байқалды. Қазақстан аумағындағы мәдени өмірдің исламдануы көптеген жағдайда Орта Азиядағы (Мауренахр) дәстүрлі дамыған калалық мәдениеттегі мұсылман өркениеті орталықтарының жақындығына қатысты анықталды. Сондай-ақ жаңа жазудың, араб жазуының пайда болуы және құран тілі ретінде араб тілінің таралуымен байланысты болды. Бойына араб және ислам мәдениеті элементтерін сіңірген ислам мәдениетінің ықпалы өнер мен қол өнердің түрлі формаларында көрініс тапты. Аймақта исламдық жазу өнері кеңінен таралды. Исламға дейінгі жергілікті мәдениет мұсылмандық модельмен өзара тоғысуы пайда болды. Мұнда мұсылмандықтың, ислам өркениетінің ықпал ету дәрежесі терең орын алды. Шындығында, исламның бұл аймақтағы мәдениетке жасаған ықпалы көбінесе оның географиялық орналасу мен шаруашылықтың көшпелі және отырықшы түрлері өзара әсер етуіне негізделген шаруашылық жағдайы ерекшелігіне байланысты айқындалып отырды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Грусез Р. Империя степей. Аттила, Чингиз-хан, Тамерлан. Перевод. Х. Хамраева – Алматы, 2006. 592 с.
2. Табышалиева А. Вера в Туркестане. Бишкек., 1993 г. С.81.
3. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Сочинения. М., 1963. Т.1. С.479,482.
4. Тизенгаузен В. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. СПб., 1884 г. Т.1. С.345,379.
5. Юдин В.П. Известия "Зия ал-кулуб мухаммад Аваза о казахах в веке- вестник" АН КазССР, п..5.А., 1964, С.72-73.

Капитализмге соқпай социализмге өту теориясы және оның Қазақстанда жүзеге асырылуы

Ақжүніс МҰСЫРМАН,
ҚР ІІМ Ішкі Әскер құрамының Әскери институты
басшысының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары,
тарих ғылымдарының кандидаты

БКП (б) ОК-нің 1929 жылғы Қараша пленумында ауылдағы жаңа саясатқа өту, яғни кулактарға қарсы ашық саясатқа көшу қажеттігі туралы шешім қабылданды (ал Қазақстанда байларға қарсы күрес) [1]. И. Сталин аграр-марксистілердің 1929 жылдың 27 желтоқсанындағы конференциясында «соңғы уақыттарда кулактарды шектеу саясатынан кулактарды тап ретінде жою саясатына өткендіктерін» мәлімдеді [2].

Осыған байланысты Қазақстандағы Сталиннің тағайындаған адамы Ф.И. Голощекин қараша пленумында сөйлеген сөзінде: «бұл күрестен қорқудың қажет емес-тігін, керісінше оның басында болып ауылдың байлардан құтылуына көмектесіп, партияның бас бағытын жүзеге асыру жолына түсіп, қысқа уақыт аралығында ұлттық, экономикалық және мәдени теңсіздікті жоюға» шақырды [3].

БКП (б) Қазақ өлкелік комитетінің 1929 жылғы желтоқсан пленумы: барлық жерде «мал шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтардағы ұжымдастыру қарқынын дақылдық шаруашылықтармен теңестіру ынталандырылсын.... Өлкелік комитеттің бюросына бір апта ішінде жалпылық ұжымдастырудың жекеленген аудандарында дақылдық шапуашылықтармен қатар мал, мақта шаруашылықтарындағы ұжымдастыру қарқынын, тұрғындардың толығымен қамтылуын есепке ала отырып бір жыл мерзім ішінде орындалуына қатысты таңдау жасауды қарастыруын тапсырды» [4].

Осылайша бейбіт жағдайда ауыл мен деревняда екінші азамат соғысын бастауға барабар бағытты жүзеге асырудың саяси негізделуі жасалынды (Қазақстан жағдайында бірінші азамат соғысы 1920–1921 жылдың басында орын алған болатын) [5].

Қазақстанның территориясы 20-шы жылдардың соңында әкімшілік жоспарға сай 119 ауданға бөлінді: оның ішінде таза көшпенді деп – 9, жартылай көшпелі – 85, ал отырықшы болып – 25 аудан саналды [6]. Бұл аудандардың 4/5 бөлігінде халық әлі де болса белгілі-бір дәрежеде көшпелі өмір салтын ұстанып отырған болатын. Көшпелілік өркениеті әлі де болса Қазақстанда үлкен мүмкіндіктерге ие болып отырғандықтан, оны отырықшылыққа өткізу арқылы күшпен бұзу адам айтқысыз қиыншылықтарға алып келетін еді.

Орыс, украин, белорус деревнялары өздеріндегі ұжымдастыру науқанын капиталистік дамудың шегінен бастаса, қазақ ауылы бұл үрдісті капитализмнің

алдындағы әлеуметтік-экономикалық формация – феодалдық қалдықтардан бастады. Бірақ, соған қарамастан деревня мен ауылдағы ұжымдастырудың соңғы нәтижесі ретінде социализм орнату болды. Сондықтан да, бірдей-бір тарихи формацияны қамтитын алшақтық есепке алынған жоқ. Бұған қатысты міндет БКП (б) ОК-нің 1930 жылғы 5 қаңтарындағы «Ұжымдастырудың қарқыны мен ұжымдық шаруашылық (ұжымшар) құрылысына мемлекеттің көмегінің шаралары туралы» Қаулысында нақты және шұғыл тұжырымдалды. Бұл қаулы бойынша Қазақстандағы ұжымдастырудың аяқталу мерзімі – 1933 жыл деп белгіленді.

Тарихшылардың мәліметіне сүйенсек (олар әр түрлі) 1930 жылдың басына қарай Қазақстанда 540 мың шамасында көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруашылықтары болған. Бұған дейінгі он жыл аралығында, негізінен 1924–1929 жылдарда 60 мыңнан астам шаруашылық отырықшыландырылған болатын. Ал ұлттың саны 4 млн. адамнан біршама жоғары болған [7]. Көрсетілген 540 мың шаруашылықты үш жыл аралығында жаңа өмірдің сүрлеуіне салу қажет еді және де бұндай міндетті төңкерістік шабуылынсыз жүзеге асыру да мүмкін емес болатын.

Бұндай шабуылдың саяси базасы ретінде 30 мыңнан астам коммунистерді біріктірген республиканың партиялық ұйымдары танылды. Бұл 6,2 млн. тұрғынның 0,5 % қамтитын. Мәселенің экономикалық базасы саясиға қарағанда біршама әлсіздеу болатын. Индустриалдық қайта құру жаңа қолға алынса, Қарағандыда көмір базасын құруға қатысты жоспар негізделіп, оған Шортандыдан темір жол желісін тарту басталды. Республиканың жаңа астанасы – Алматы қаласына темір жол желісі құрылысы аяқталды. Ұжымшарларды жаңа техникамен қамтамсыз етуге елдің шамасы жеткен жоқ, өйткені Харьков пен Сталинградтағы трактор зауыттарының құрылысы жаңа басталаған еді. Ал КСРО-ның жоғарғы оқу орындары мен арнайы оқу мекемелері қажетті кадрлар: агроном, мал технигі, дәрігерлер мен мұғалімдерді даярлауға мүмкіндіктері жетпеді.

Осындай жағдайда алдыға қойылған міндеттерді орындауға қатысты биліктің жалғыз әдісі – әкімшілік-күштеу шарасы қалғандықтан негізгі рөл соған берілді. Қазақ өркениетінің өзіндік ерекшеліктері бар болатын. Ол бірнеше дәстүрлер негізінде айқындалатын: саяси (мемлекеттік және оның институттары), экономикалық (шаруашылық жүргізу әдісі), әлеуметтік (рулық қауым), рухани (менталитет, дін) және мәдениет. Міне, осы күрделі кешенді толығымен алмастыру қажет елді.

Іс жүзінде ұжымдастыру мен отырықшыландыру үрдісі қазақ ауылы, келімсектердің деревнясы мен казак станицаларын жаңартуды негізге алған шешімдер тобының қолдан жасалынған қосындысы болып табылды.

Жалпы ұжымдастыру мен отырықшыландыруға ден қою жергілікті ұлттың өркениеттік негізіне зиянын тигізетін бірікпелі саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени мәселелердің кешендік шешімі болумен қатар оның деревня мен станицада тұратын аграрлық саладағы қызметтеріне де әсері болды.

Ұжымдастыру мен отырықшыландыру «жоғарыдан келген төкеріс» ретінде қоғамның өмірінде бірнеше фактордың орын алуына әсер еткен жағдайды қалыптастырды. Бұл факторлар қатарына:

- қоғамның жұмысына мемлекеттің араласуының шарықтау шегіне жетуі соған қажетті шенеуліктер әкімшілігі мен олардың мәртебесін бекітуді талап ету;
- өзара бәсекелестік пен дербес бастаманы жоққа жығаратын шаруашылықты басқарудың командалық-әкімшілік әдістері бекіту;
- дербес бастаманың жоқтығы мен әкімшіліктің қатал қысымы дамудың экстенсивті түрінің қалыптасуына әсер етуі;

• жетектегі тұлғаның психологиясы қалыптасып, тек патерналистік мінез ғана дамуы;

• мемлекет барлық үрдістерде жетекші қызметін алғандықтан жоғарғы дәрежелі жұмыспен қамтылуды қамтамсыз етіп, адамдардың еңбегін тек қана міндетке айналдыруы.

Бұндай жағдайда тұлға, оның еркіндігі, меншігі мен заң, дәстүр (әулеттің өкілдері мен аксүйекке құрмет көрсету) және руханилық (дін) секілді құндылықтардың сақталуы мүмкін емес еді.

Ұжымдастыру мен отырықшыландыру ауыл мен деревняның әлеуметтік-таптық құрылымын жоюмен қатар, ұлттық ерекшеліктерді қалыптастыратын ғасырлар бойы негізделген ұстанымдардың жойылуына да әсер етті. Бұл үрдіс халықтың өзіндік ерекшелігі мен оның өз жолын таңдауына қатысты қатты соққы болды.

БКП (б) ОК-нің 1930 жылдың 5 қаңтарындағы шешімін дамыту мақсатында осы жылдың 10 ақпанында партияның өлкелік комитетінің арнайы комиссиясы жергілікті жерлерге бай мен кулактардан құнды заттарды тартып алудың директивасын түсірді. Осылайша биліктегі партияның әкімшілік негізделуі өз мойнына заңшығару органының міндетін алды, ал шын мәнінде бұл комиссия қоғамдық-саяси ұйымның уақытша құрылымы болатын. Комиссия республиканың алты округындағы 20 ауданды ұжымдастырудың бірінші кезеңіне қойып, оларды қамту пайызын 60–80 шамасында деп бекітті [8].

Бұндай жағдай әкімшілік ішіндегі ерекше бір талпынысты қалыптастырғаны туралы Голощекиннің көмекшісі М.С. Рядкин естеліктерінде қалдырған. «Бұл мәселе кез-келген жиналыс немесе отырыстың күн тәртібінен түскен жоқ. Барлығы ұжымдастырудың жаппай жүргізіліп жатқан аудандары туралы айтумен болды... Тіпті жарыстар туралы да айта бастады: кім жылдам... ұжымдастырудың қарқынын барлығы қуана қарсы алды, онымен барлығы мақтанды» [9].

Комиссияның директивасы отырықшыландыру қарқынының жоғарғы деңгейі таза көшпелі шаруашылықтарда да «70 пайыздық қамтумен» жүргізілуі қажеттігін белгіледі [10].

Бұл ұстаным Мәскеудің ұжымдастыру мен отырықшыландыру жоспарын жылдам орындау мәселесін ресми бекітті. Бұған ауылдың қарсылығы ұрпақтар бойы қалыптасқан түрде байқалды:

- мал мен мүлікті сату, қалаға: құрлысқа, зауытқа, шахтаға, темір жол стансасына, мұнай өндірісіне кету;
- республиканың басқа аудандарына, округтарына немесе Қазақстаннан тыс аймақтар Қытай, Ауғанстан, Иранға қоныс аударуы;
- билік органдарына қарсы қарулы қарсылық пен көтерілістер ұйымдастыру [11].

Билік өз кезегінде жаңа жазалау шараларын жүргізді. Оған партия өлкелік комитетінің ұсынысымен Қазақстан ОАК шешімімен округтардың жойылып, аудандық құрылымдардың тікелей Алматыға бағынуы көп көмек болды. Бұның алдында Қазақстан бойынша ОГПУ-дың өкілетті органы құрылған болатын. Тәркілеу мен ұжымдастыру кезеңінде бұл органға шығыл байланыс бойынша милиция мен қылмыстық іздестіру құрылымдары (бұл кезде ол дербес болатын) бағындырылды. Кампанияны әскери-күштеу шаралары бойынша қамтамсыз ету үшін кейбір жерлерде коммунистер мен комсомолдардан тұратын ерекше бөлімшілер құрылды. Әкімшілік-күштеуді қамтамсыз ету соттық әкімшілік пен аудандық атқару комитеті жанындағы әкімшілік үштіктерге жүктелді [12].

ПП ОГПУ-дың органдары 1928–1933 жылдар аралығында 23 мың адамды жазаға тартса, оның ішіндегі 3386 адам ату жазасына кесілді. Дәл осы кезеңде – 1932 жылдың 8 тамызында Сталиннің өзі көп қайғыға алып келген социалистік меншікті ұрлау, жымқыруға қарсы күрес туралы заңды редакциялаған болатын. Сол жылдың өзенде-ақ колхоздар мен совхоздардағы жымқыру мен зиян келтіргендігі үшін ПП ОГПУ коллегиясы жанындағы Айрықша кеңес 340 адамды жазаға тартқан. Алғашқы рет «ресми бағытты орындаудағы кемшіліктер мен оған қарсы тұруға» қатысты НКВД органдарының 60 астам қызметкерлері қамауға алынды [13]. Көптеген адамдар соттар және аудандық атқару комитеттері жанындағы әкімшілік үштіктердің шешімімен жазаға тартылды [14]. Соған қарамастан, билік жағдайдың жоспар бойынша өрбіп отырғандығына сенімді болды.

Бірақ, 1930 жылдың өзінде-ақ қазақ ауылдары қысымға қарсы дәстүрлі ауып-көшу арқылы жауап қайтарды. Сол кезеңде 280 мыңнан астам шаруашылық, яғни барлығының жартысы орын ауыстырған еді. Ал 1931 жылы 35 мың шамасындағы шаруашылық қоныс аударып, өздерімен 1 млн. астам мал басын ала кетті. Қазақтардың Батыс Сібір аймағына қоныс аудару көлемінен сескенген жергілікті басшылық 1931 жылдың күзінде Алматыға бұл жағдайды мәлімдеп, сұрау салған болатын. Осындай мәтіндегі сұрау салу Самара, Ташкент, Свердловск, Саратов, Орынбор аймақтарынан да түскен болатын [15].

Батыс-Сібір өлкелік партия комитетінің хатшысы Р. Эйхе: «қоныс аудару өсімін бұрынғы жылдармен салыстыруға келмейді. Осы жылы Қазақстанмен көршілес аудандар ғана емес, сонымен бірге алыстағы Новосибирск және басқа да (Кемерово, Новокузнецк) аудандарында Қазақстаннан қоныс аударған қазақтар пайда болған еді» – деп жазған [16].

Бұл жылдардағы ауылдың жағдайының қиындауына 1932 жылғы нан өнімдері мен ет жинау науқанының жазалау шаралары арқылы жүргізілуі мен 1931 жылғы қуаңшылыққа ұрынған жаңа құрылған колхоздар мен совхоздар директиваны орындаймыз деп өздерінің жұмысшыларын аштық өлімге тікті. Осы 1932 жылғы өлгендер мен көшіп кеткендердің саны 770 мың адамға жетсе, республиканың аграрлық секторы 3,7 млн. бас малдан айрылды [17].

Қазақстанмен көршілес республика, өлке және облыс басшылары бұл мәселеге қатысты Сталинге хабар жеткізумен қатар, мәселенің бұндай бағытта өрбуіне қатысты алаңдаушылықтарын білдірген. Өзінің осы мәселеге қатысты алаңдаушылығын Сталинге жазған үш хатында РСФСР ХКК төрағасы Т. Рысқұлов та жеткізген еді [18]. Сталиннің атына жазылған өзінің үшінші хатында (1933 ж. наурыз) мына мәселе сөз болған: «қоныс аударуға қазақ халқының 40 пайызы қатысқан, бұл 1,7 млн. адам, ... тұрғындардың қолында мал басының 1929 жылғы көрсеткішінің 6 пайызы қалды, ал бұл республикадағы мал шаруашылығының күйреуін көрсетеді». Осыған қатысты жалпылау орын алады:

а) ауып көшу үрдісі 1931 жылдың аяғына қарай жалпылама мазмұнға ие болды, жеке жанұялар мен ауылдардың қасіреті ауқымды ұлттық қасіретке айналды. Ал бұл Қазақстандағы ұжымдастырудың қандайда бір жетістіктерін жоққа шығарады;

б) осыншалықты адам санының, яғни 1,7 млн. адамның қоныс аударуын саясаткер назардан тыс қалдыра алмайды...;

в) Қазақстанға жедел түрде мемлекеттік көмек қажет» [19].

Сталин Т. Рысқұловтың ұсынысы негізінде жылдам екі шешім қабылдады, оның бірі – Голощекин мен оның командасын ауыстыру, ал екіншісі – Қазақстанға мемлекеттік көмек көрсету мәселесі болды. Осы кезден бастап, қоныс аударған көшпенділер өз отанына қайта орала бастады.

Қазақ өлкесіндегі индустриалды дамуға қатысты реформалар Ф.И. Голощекин мен оның айналасы айтқандай ауқымды емес еді [20].

Мысалы, Шортанды станциясынан Қарағандыға дейінгі темір жол 1912 жылы жоспарланса, Түркісібтің бірінші бөлігі де сол кезеңде басталған. Ал Бурный станциясынан Алматы қаласына дейінгі бөлшектің жүзеге асырылуы көп жағдайда құрылысты тікелей бақылаған Т. Рысқұловтың еңбегінің жемісі болып табылады [21].

Ал Балқаштағы мысқорыту зауытының құрылысы, Ашысай полиметал комбинаты, Кенді Алтайдағы зауыттар кешені мәселесіне келер болсақ, бұлардың көбі Л. Мирзоянның кезінде жүзеге асқан. Сондықтан да, Голощекиннің индустриализацияға қосқан үлесі бұлыңғыр екені көрінеді.

Сонымен қатар, Ф. Голощекиннің мәдениет құрылысындағы еңбектерін де мойындаудың қажеті шамалы. Бұл негізінен Т. Рысқұлов пен О. Жандосов бастаған ұлттық интеллигенцияның еңбегі болып табылады. 20-шы жылдардың ортасынан бастап Ресейдің орталық аймағындағы жоғарғы оқу орындары мен техникумдарына бірнеше жүздеген қазақ жастары жіберіле бастады. Сонымен қатар Петропавловск, Павлодар, Шымкент, Гурьев (Атырау), Шортанды, Қарағанды қалаларындағы училищелер мен техникумдар өз кадрларын шығарды [22].

Ф. Голощекин кандидатурасын Л. Мирзоянға ауыстырылуы Қазақстан үшін қолайлы іс болды. Өлкелік комитеттің хатшылары И.М. Құрамысов, С.Т. Голуодов, ХКК-нің Қазақстандағы төрағасы Н. Нұрмақов, ҚазОАК хатшысы А. Асылбеков және тағы басқалар қызметтерінен кетті. Жаңа команда үш негізгі мәселені: ауылды құтқару мен көшкендерді қайтару, индустриалды құрылысты жандандыру, оқу-мәдениет реформасы үрдісін жылдамдатуды жүзеге асырды.

Бұл үш кешенді шаралар жағдайды өзгертіп, жаңа команда мүшелеріне Сталин-Голощекин ауылды жаңарту саясатының көшпелі қазақ өркениетіне жасаған зорлығы ғана емес, сонымен бірге нағыз геноцид болғандығын көрсетті. Бірақ бұл мәселені түсіну мәскеулік және қазақстандық басшылықты, оның ішінде Сталиннің алаңдаушылығын туғызып, жаңа команданың сталиндік «ұлы бетбұрыстың» нағыз мәнін түсінгендігін білдірді. Ал бұл өз кезегінде «халықтар көсемін» бұндай «ақылды» кадрларға қатысты күш қолдануға итермеледі. Міне, осы кезден бастап Кировтың өлімі түрткі болған «ұлы тазалау» науқаны басталды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. КПСС в резолюциях, решениях съездов, конференций и пленумов ЦК (1931–1941). Т.5. – М.: Политиздат, 1971. – С.27–30.
2. И. Сталин. Соч. Т.12, – Москва. Госполитиздат, 1949. – С.169.
3. Документы свидетельствуют. Из истории деревни накануне и в ходе коллективизации. 1927–1932. –М.: Политиздат, 1989. – С.284.
4. Очерки истории Коммунистической партии Казахстана». –Алма-Ата.: Казахстан, 1984. – С.218.
5. В.К. Григорьев. «Разгром мелкобуржуазной контрреволюции в Казахстане» (1920–1922) - Алма-Ата.: Казахстан, 1984. – 176 с.
6. Народное хозяйство Казахстана, 1928, № 6 – 8. – С. 124–125.
7. М. Козыбаев. Казахстан на рубеже веков. Размышления и поиски. Т.2. –Алматы.: Гылым, 2000. – С.65; В. Григорьев, Ю. Шаповров. Фрагменты времени//

- О чем не говорили. — Алма-Ата.: Жалын, 1990. — С.29.
8. Справка о ходе проверки и анализа материалов по историко-политической оценке деятельности Ф.И. Голощекина в Казахстане. (1925-1933). Рукописный фонд Института истории НАН РК.
9. В. Григорьев, Ю. Шаповалов. Фрагменты времен // О чем не говорили. — Алматы.: Жалын, 1990. — С.38.
10. Архив Президента РК, Ф. 141, оп. 1, Д. 2969, Л. 17.
11. М. Козыбаев. Казахстан на рубеже веков. Размышления и поиски. Т.2. — Алматы.: Гылым, 2000. — С. 90, 116
12. Там же. — С. 90-126; Справка о ходе проверки и анализа материалов по историко-политической оценке деятельности Ф.И. Голощекина в Казахстане. (1925-1933). Рукописный фонд Института истории НАН РК.
13. Там же.
14. М. Козыбаев. Казахстан на рубеже веков. Размышления и поиски. Т.2. — Алматы.: Гылым, 2000. — С. 45; Справка о ходе проверки и анализа материалов по историко-политической оценке деятельности Ф.И. Голощекина в Казахстане. (1925-1933). Рукописный фонд Института истории НАН РК.
15. Архив президента РК. Ф. 141, оп. 1. д. 5058, л. 1, д. 5192, л. 21, 30, 31.
16. Там же, Ф. 141, оп. 1, д. 5192, лл. 42-43.
17. Справка о ходе проверки и анализа материалов по историко-политической оценке деятельности Ф.И. Голощекина в Казахстане. (1925-1933). Рукописный фонд Института истории НАН РК.
18. К. Нурпеисов, В. Григорьев, Т. Рыскулов и его время. // Т. Рыскулов. Собрание соч. в 3-х томах. Т.1. — Алматы.: Казахстан, 1997. — С. 46.
19. Там же.
20. Ф. Голощекин. Казахстан на путях социалистического переустройства. Алма-Ата-Москва. ОГИЗ, 1931. — 248 с.
21. Т. Рыскулов. Избранные труды. — Алма-Ата.: Казахстан, 1984. — С. 169-193.
22. Очерки истории Коммунистической партии Казахстана. — Алма-Ата. Казахстан, 1984. — С. 235.

«Қыз Жібек» дастанының тарихынан (500 жыл толуына орай)

Нұрсұлу ДҮЙСЕНОВА,
С. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ, Қазақстан тарихы,
мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы, тарих
ғылымдарының кандидаты

«Қыз Жібек» дастаны — бүгінгі күнге дейін өз құндылығын жоймаған, халықтың бірлігін сақтап, жас ұрпақты адамгершілікке тәрбиелейтін, құпия күшті, жұмбақ сырлы туынды. Дастанның әлемге әйгілі, биік даңқы кездейсоқ емес. Бұл туынды бірнеше тілге аударылып, өлең және проза түрінде, балет, драмалық қойылым мен киноэкранда әлі күнге көрсетіліп жүрген тарихи мөлдір де, қайғылы оқиға.

Дастанның мәтіні қазақ әдебиетінің оқу құралдарына, хрестоматияларға енгізілген. Графика, мүсін өнері, халықтық қолданбалы өнерінің қаншама туындылары дастаннан рухтанған.

«Қыз Жібек» дастаны — бірқалыпты ұлттық сана сезімінің қалыптасуы аяқталып, қазақ халқы берік және қайталанбас, ерекше рухани негіз тапқан дәуірде туды.

XX ғ. басынан бастап дастан зерттеу объектісіне айналды. Бүгінгі күні дастанның 16 нұсқасы бар.

«Қыз Жібек» — ел арасына ауызша да, баспа арқылы да кең тараған лиро-эпостық жыр. Қазақ фольклористерінің басым көпшілігі «Қыз Жібек» жыры XV-XVI ғасырда пайда болған деп тұжырым жасайды.

Жырды тұңғыш рет XIX ғасырдың 80-жылдарында Е.А. Александров Мұсабай ақыннан жазып алып, мазмұнын орысшаға қара сөзбен аударған [1]. XIX ғасырдың екінші жартысында татар мұғалімі Фалиолла Тухватуллин Зайсанда ел арасында «Қыз Жібек» жырын жинап, 1894 жылы Қазанда бастырады. Ал Жүсіпбек Шайхысламұлы Қазан қаласында 1900, 1903, 1905, 1909, 1911 жылдары қазақ тілінде жариялады. «Қыз Жібектің» Тухватуллин жинаған нұсқасы 1925, 1933, 1939, 1957, 1967 жылдары басылып шығып, 1958 жылы «Қазақ эпосы», «Қазахский эпос» жинақтарында, 1963 жылы «Қыз Жібек» атауымен қазақ, орыс тілдерінде жарияланады. 1988 жылы орыс тілінде жеке кітап болып шығарылған. Сондай-ақ 2003 жылы Ресей Ғылым Академиясының «Восточная литература» баспасында арнайы басылып шығарылды.

ҚР БҒМ орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорында жырдың бірнеше нұсқалары сақтаулы. Оның ішінде Қ. Мырзалиев, Ә. Дәнікеров, Ж. Қалмағамбетов, Е. Рақметов, Р. Мәзкожаевтардың нұсқалары бар. Жырдың мазмұны: Базарбай деген байдың ұлы Төлеген Сырлыбай ханның қызы Жібекті ұнатады. Үш ай бірге

болған соң Төлеген еліне барып келмек болып сапарға шығады. Бірақ Жібекті қызғанып, жол тосқан Бекежан қапыда Төлегенді өлтіреді де, оның қазасын Жібекке өзі келіп естіртеді. Сол үшін Бекежан өлім жазасына кесіледі. Жырдың екінші бөлімінде хабарсыз кеткен Төлегенді іздеп шыққан оның інісі Сансызбай қалмақ ханы Қоренді өлтіріп, Жағалбайлы елін жаудан азат етеді. Екі жас қосылып мұратына жетеді.

Дастанның зерттелу тарихынан: Мәскеуде тарих музейінің қорындағы қағаздар арасынан П.И. Щукинге Н.И. Гродековтан тапсырылған қазақтың «Қыз Жібек» дастанының қолжазбасы бар [1]. Қазіргі кезде танымал болып кеткен алғашқы қолжазба нұсқасы осы.

Жоғарыда айтылғандай ол XIX ғасырдың 80-жылдарында Қазалыда жазылған. (Аудармашы өз белгісінде 1887 ж. аударылған деп жазған). Сол кезде әскерде жүрген капитан Е.А. Александров бірнеше эпикалық дастандарды Мұсабай жыраудың аузынан жазып алған. «Қыз-Жібек» те сол кезде жазылып алынады. (Е.А. Александров Қазалы уезінің басшысының көмекшісі, Көкшетау қаласының Сібір казагі, қазақ тілін жақсы меңгерген) [1]. Мұсабай жырау айтқан нұсқасы мазмұнымен, жалпы эпикалық тұрғыда, өз формасымен басқаларға қарағанда көне нұсқа болып табылады.

Бізге бір-бірінен айырмашылығы бар, екі түрлі басылым белгілі. Біріншісі кімнен жазып алып, кім шығарғаны мәлім емес және «ноғай болсам да қазақша жаздым» деген жалғыз ауыз сөзі бар 1894 жылы басылған нұсқасы және екіншісі 1900 жылы басылған [2].

Бірінші рет басылған нұсқаның көлемі, екінші Жүсіпбек Шайкүл Исламның нұсқасына қарағанда шағындау. 1894 жылғы шығармада эпизодтар көбірек прозалық формада берілген, бірақ жалпы екі шығармада бір мәліметке сүйенеді, бір-бірінен көп айырмашылығы жоқ. Мұсабайдың мәліметінің ең басты айырмашылығы мазмұнында. Көптеген эпизодтар, басты кейіпкерлердің құрамы және олардың қарым қатынастары, Жүсіпбек Шайкүл Исламдікі және Мұсабайдікі бір-біріне ұқсас келеді.

Дегенімен, 1887 жылы жазылған, Қазанда шығарылған нұсқада қайталанбайды. Бұл жеке ерекше нұсқа: дастанның сюжеті өзінің мазмұнымен толы. Содықтан да Қазандық нұсқаның сюжеттік жолы, ой желісі, жағдайы, образы басқа түрде көрінеді. Діни салт, діни рұх көзқарастары екі шығармада ерекше сипатталады, себебі екеуіде терең ойлы мұсылман дін салтын ұстағандар.

Жүсіпбектің «Қыз Жібек» шығармасы екінші рет баспаға 1900 жылы шығарылған. Кейіннен бірнеше рет 1903, 1905, 1909, 1910 жылдары баспаға шығарылады. Дәл осы Жүсіпбектің «Қыз Жібек» шығармасы халық арасында кең таралады. ҚР БҒМ М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қорында Жүсіпбектің 8 жаңа жазу нұсқасы сақталуда.

«Қыз Жібек» дастаны «Қисса» түрінде таралған. Мысалы, Қалима Өтеғалиева 1915 жылы «Қыз Жібек» дастанын «Қисса» бойынша жаттап алған. Сол кезден тойларда немесе басқа жиындарда дастанды жырлап жатқа айтып беретін. «Қисса» бойынша жыршылар Ержан Ахметов, Рахмет Мазходжаев, Молда-сеит Төлепкалиевтар жатқа айтатын. Халық арасында Қазан нұсқасы кеңінен тараған.

«Қыз Жібек» дастанын бірінші зерттеп, ол туралы ең көп жазғандардың бірі Мұхтар Әуезов. Оның мақалалары мен очерктерінде «Қыз Жібек» дастанын зерт-

теу кезінде: дастанның шығу тегі, жанрлық ерекшелігі сюжет пен образдары және тағы басқа мәселелер қарастырылған. Сондай-ақ Х. Жұмалиев, М. Ғабдуллин, М. Сильченко, И. Дүйсенбаев, А. Қоңыратбаевтар М. Әуезовпен дастандағы Жібек туралы көзқараста ортақ пікірде болған. 1959 жылы жазушының әдебиеттану саласындағы көлемді еңбектері «Әр жылдар ойлары» деген атпен кітап болып шықты. Сол еңбегінде «Қыз Жібек» мақаласы жарияланған.

Сонымен қатар «Қыз Жібек» операсын Е.Г. Брусиловский, либреттосын Ғ.М. Мүсірепов жазған. Алғаш 1934 ж. 7 қарашада Қазақтың музыкалық театрында (қазіргі Опера және балет театры) қойылды. Басты партияларды КСРО халық артисі Қ.Ж. Байсейітова (Жібек), ҚазКСР-ның халық артистері Қ. Байсейітов (Төлеген) пен М. Ержанов (Шеге) орындады. Спектакльді қойған ҚазКСР-ның халық артистері Ж.Т. Шанин, режиссерлері Қ. Байсейітов пен И.Г. Боров, суретшісі ҚазКСР-ның еңбек сіңірген өнер қайраткерлері А.И. Ненашев, балетмейстері А.А. Александров, дирижеры ҚазКСР-ның еңбек сіңірген артисі Ф.А. Кузьмич. Операда екі жастың (Жібек пен Төлеген) бір-біріне деген мөлдір махаббаты мен арманына жете алмай мерт болған аянышты өмірлері суреттеледі.

Опера лиро-романтикалық сазбен дамиды. Мұнда қазақтың вокалдық және аспаптық шығармалары, халық композиторларының (Үкілі Ыбырай, Мұхит, Жаяу Мұса, Тәттімбет) ән-күйлері кеңінен пайдаланылған. Операдағы әсем сазды «Гәкку» әні Жібек бейнесін, «Алқарай көк» Төлегеннің Жібекке деген сүйіспеншілік сезімін, ойнақы «Аққұым» Бекежан образын, терме әуеніндегі Шегенің ариясы оның ақындық шабытын, өткір мінезін аша түседі. «Гәкку» әні опера оқиғасының даму барысында (I-актіде Жібектің сұлулығын бейнелеуде, II-актіде көңілді «Шашу» биінде, «Алты қаз» көрінісінде, опера финалындағы қыздар хорында) жетекші әуен (лейтмотив) рөлін атқарады.

«Қыз Жібектің» қойылуы ұлттық мәдениетіміздің тарихында ерекше орын алды, профессионалдық музыканың дамуына, әнші артистердің орындаушылық қабілетін шыңдауда мол үлес қосып, көптеген әншілердің шеберлігін айқындады. Күләш Байсейітова бейнеленген Жібек образы осы күнге дейін әншілік және актерлік шеберліктің озық үлгісі ретінде болып қалды. 1968 жылы 27 қаңтарда «Қыз Жібектің» 1000-шы қойылуы (режиссеры ҚазКСР-нің халық артисі Б. Досымжанов) өнер мерекесіне айналды. Бұған алғашқы орындаушылар қатарында болған ҚазКСР-нің халық артистері Ш. Бейсекова (Жібек), Қ. Байсейітов (Төлеген), Қ. Жандарбеков (Бекежан), Ғ. Құрманғалиев (Шеге) т.б. қатысты. Дирижеры ҚазКСР-нің халық артисі Ғ.Н. Доғашев, суретшісі ҚазКСР-нің халық суретшісі Ғ.М. Ысмайылова. «Қыз Жібек» қазақ музыка өнерінің асыл мұрасына айналған ұлттық опералардың бірі.

«Қыз Жібек» 2 сериялы көркем-суретті фильмді 1971 жылы «Қазақфильм» киностудиясы түсірген. Сценарий авторлары Ғ.М. Мүсірепов, режиссеры С.Қ. Қожықов, суретшісі Ғ.М. Ысмайылова, композиторы Н.А. Тілендиев. Басты рөлдерде Қ.Н. Тастанбеков (Төлеген), М.Қ. Өтекешова (Қыз Жібек), А. Әшімов (Бекежан), Ә.А. Молдабеков (Шеге), Ы. Ноғайбаев (Қаршыға), К.М. Қожабеков (Базарбай) т.б. ойнайды.

«Қыз Жібек» дастанын қазірге дейін аға буынның дәстүрлі және кәсіпкер орындаушылары өздерінің концерттік бағдарламаларында орындайды. Жас ұрпақ одан үлгілі тәжірибе алады. Халық арасында дастанның кең таралуының мәдени құндылықтарының маңызы зор. «Қыз Жібек» дастаны Қазақстанның қазіргі

көркем және рухани мәдениетінің бір бөлігі ретінде өте маңызды. Дастанда жаксы мен жаман, қайырымдылық пен қатыгездік, адами қасиеттер кең көрініс тапқан. Оның эстетикалық жетістіктерін де көпшілік мойындаған. Дастан композиторлар мен эстрада әншілері үшін шабыт алар арна болып отыр.

«Қыз Жібектің» тәрбиелік мәні де зор. Ол сүйіспеншілікке, адалдыққа үйретеді. Халық арасында бір-біріне ғашық бойжеткен мен жігітті дастан кейіпкерлерімен салыстырып, солардың атымен атайды.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта дастан фабуласында орын алған этно-тарихи, ақпараттың маңызы және өзектілігі артып отыр. Мысалы, дастанда көрініс тапқан құда түсу, той жасау әдет-ғұрпы мен дәстүрлерінің маңызы зор. Қазіргі таңда олардың көптеген тұстары ұмыт болған. Сондықтан да бұл дастан практикалық дәрежеде, сондай-ақ этнографтар, тарихшылар, әлеуметтанушылар, психологтар, мәдениет зерттеушілері үшін де маңызды және сенімді тарихи көз болып отыр.

«Қыз Жібек» дастаны – таза фольклорлық шығарма болып жеткен. Дастанда көшпелі қоғамның тұрмысы жан-жақты бейнеленген. Әменгерлік салтының өзі (күйеуі қайтыс болған әйелді, қайын ағасына қарату) басқа халықтардың дастанына тән емес. Бұл таза көне, қазақи дәстүр.

«Қыз Жібек» дастанында көш көріністері кейіпкердің қырық күндік жолын бейнелеу арқылы әсем суреттелген. Ұлттық колорит жан-жақты, кең көрсетілген. Дала поэзиясы мен халықтың тілдік құнарлы ерекшеліктері тұтасып қамтылған. Бұзылмаған табиғат суреті берілген, қаласыз, базарсыз. Көне нышандар дастанның әр тұсында кездеседі. Мысалы, Төлегеннің өлер алдында інісіне өзінің қайтыс болғаны туралы хабарлауын сұрап алты қазға сөз айтуы және т.б. Дастан сюжеті көне (XV-XVI ғғ.). Дастанда көптеген анималистикалық, тотемдік танымның қалдықтары және ру, тайпа қарым қатынастарының көріністері байқалады.

Сонымен, «Қыз Жібек» дастаны басқа түркі халықтарының дастандарына қарағанда тұрмыстық дастан болып табылады. Сондай-ақ дастанда мотивтер мен бейнелер ерекше ұлттық үлгіде қамтылған. Ата-бабаларымыздың бұл шығармашылық мұрасы жалпы адамзаттың игілігі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дариинской области. Ташкент, 1889.
2. Кисса «Кыз Жибек». Казань, 1894, 31 - б.

XVI–XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастары мәселелеріне жаңаша тарихнамалық көзқарас

Жарылқасын ЖАППАСОВ,
Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ, «Қазақстанның ежелгі және ортағасырлардағы тарихы» кафедрасының аға оқытушысы

Казіргі таңдағы Қазақстанның тарих ғылымына тән ерекшеліктердің бірі – тарихнаманың жалпы тарих ғылымынан бөлініп, дербес бір ғылыми салаға айналуы болып отыр. Қазақстанның тарихы мен тарихнамасы көп уақыт жалпы Кеңестік, Ресейдің құрамдас бір бөлігі ретінде қаралып, соның салдарынан Отан тарихшылары көптеген мәселелер бойынша «орталықтың» зерттеушілері жасаған қорытындыларды қайталап, қолдап отыруға мәжбүр болды.

Бүгінде мемлекетіміз тәуелсіздік алған тұста, төл тарихымыздың аз немесе мүлдем зерттелінбеген, үстемдік еткен идеологияның шырмауында бұрмаланған мәселелерді қайта қарап, тарихнамалық тұрғыдан саралаудың маңызы зор.

Тарих ғылымының тарихы деген атаққа ие болып келе жатқан тарихнаманың міндеті – белгілі бір тақырып, проблема көлеміндегі барлық еңбектерді қамти отырып ғылыми негізде талдап, әлі де шешімін күтіп отырған мәселелерді анықтау, жаңа тарихи зерттеулерге бағыт-бағдар беру, ұсыныстар жасау. Дәл осы тұрғыда алғанда тарихнамалық зерттеулердің практикалық маңызы үлкен [1, 3 б.]. Тарихнаманың тағы бір ерекшелігі ол арқылы белгілі бір мәселенің зерттелу деңгейін анықтап қана қоймай, ғылымда сол мәселе ауқымында жаңа, тың тақырыптар айқындалып, зерттеушілерге ұсынылады. Тарихнамалық талдау неғұрлым терең, жан-жақты жасалса, соғұрлым мәселенің мән-мазмұны, зерттелу бағыттары мен үрдістері барынша анықталады, зерттелуге тиісті тың тақырыптар молаяды. Осы жағынан алғанда тарихнамалық зерттеу жүргізудің маңызы артып, көкейкесті бола түседі [2].

Қазақстан тарихнамасында ең бір өзекті де күрделі, карама-қайшылықтарға толы мәселе – бұл XVI–XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастары. Өйткені, XVI–XVIII ғғ. қазақ елі мен орыстар арасындағы байланыстардың тарихын жан-жақты, бүгінгі күнгі талаптарға сай зерттеп, оның зерделенуіндегі жетістіктер мен кемшіліктерін анықтауға мүмкіндіктер туғызатын тарихнамалық ізденістердің қажеттілігі туындап отыр. Сондай-ақ, өзінің дамуында ұзақ әрі ауыр, күрделі де өзіндік ерекшеліктерге толы болған қазақ-орыс қарым-қатынастары төл тарихнамамызда объективті тұрғыдан зерделеніп, тиісті бағасын ала алған жоқ. Дегенмен, біздің зерттеу объек-

тіміз болып отырған Қазақ хандығының орыс елімен байланыстарын бүгінгі жанарған тарих ғылымының сұранысына орай терең зерттеудің қажеттілігін академик М.Қ. Қозыбаев: «... бізде зерттелмей келе жатқан мәселе – ұлтаралық, мемлекетаралық қатынас, өркениеттер ықпалы, мәмлелерлік тарихы» [3, 2-33 бб.], – деп, атап көрсеткен еді.

Өртүрлі саяси оқиғаларды басынан кешірген қазақ халқының тарихында XVI–XVIII ғасырлар аралығы ерекше кезеңдердің бірі болып табылады. Өйткені, осы кезеңде қазіргі Тәуелсіз Қазақстан Республикасының ірге тасы – Қазақ хандығы тарих сахнасына шығып, қазақ халқы халық болып қалыптасып, ішкі және сыртқы саясатын белсенділікпен жүргізе бастады.

XVI–XVIII ғғ. аралығындағы Қазақ хандығының көрші мемлекеттермен, соның ішінде іргелес орыс елімен жасаған қарым-қатынасын зерттеудің бүгінгі таңда маңызы зор. Әрине, осы уақытқа дейін Қазақ хандығының көрші орыс елімен қарым-қатынас тарихы көптеген ғылыми зерттеулерде қарастырылған мәселелердің бірі болғанымен, төл тарихнамаларымызда объективті зерттелініп, бір арнаға түсе алмай немесе Кеңес дәуірі тұсындағы зерттеушілердің еңбектерінде маркстік-лениндік идеологияның үстемдік етуімен бір жакты, үстірт қарастырылып келген тақырыптардың бірі болғанына көзіміз жетіп отыр.

Бүгінде XVI–XVIII ғғ. қазақ-орыс байланыстары мәселесін ашып көрсететін тарихи еңбектерді терең зерттеу Қазақстанның тарихнама ғылымының дамуында ерекше маңызға ие. Қазіргі таңда тарих ғылымындағы жаңа теориялық-концептуалдық тұрғының қалыптасуы және оны зерттеулерде пайдалану, біз қарастырып отырған XVI–XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастарының маңызды мәселелерін анықтауға және оның жаңа қырларын айқындап, ашуға көмектеседі. Бұл мәселеге қатысты зерттеушілердің ғылыми-тарихи көзқарастарына баса назар аударып, ондағы ғылыми пікірлер мен дәйекті тұжырымдарды қайта ой елегінен өткізіп, жаңа концептуалдық тұрғыда қарастыру, Отандық тарих ғылымында дер кезінде орын алған құбылыс. Кешенді дерек көздерін талдау, оларды пайдалану арқылы өткеннің шынайы көрінісін қалпына келтіріп көрсету тарих ғылымының дамуындағы ең бір қажетті шарттардың бірі.

Қазірде өзекті міндеттерді шешуде өткенді қайта қарап, одан тарихи сабақ пен тәжірибе алудың маңызы аса зор, ал онымен тарих ғылымы ғана емес, тарих ғылымының тарихы да айналысады.

XVI–XVIII ғғ. Қазақ хандығы мен көршілес орыс елі арасындағы қарым-қатынастар мәселесі төңкеріске дейін де, Кеңес өкіметі тұсында да, тәуелсіздігімізді алғаннан кейін де тарихшылар мен зерттеушілердің назарынан тыс қалмаған күрделі тақырыптардың бірі екендігі анықталды. Тақырыптың өзектілігі осы уақытқа дейін бұл мәселе арнайы тарихнамалық зерттеу объектісіне айналмағанымен анықталады. Көптеген жылдар бойы XVI–XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастарының тарихнамасы тарих ғылымында жеке бір монографиялардың, зерттеу еңбектердің, ғылыми мақалалардың кіріспесі іспеттес немесе жүйесіз шашыранды жатуы тарихнамада бұл проблеманың толыққанды ғылыми тұрғыда талданбағанын тағы да бір дәлелдеді.

Қазақстанның геосаяси жағдайы, халықтың көп ұлтты болуы, ұлттық идеяның дамуы қазақ мемлекеттілігінің тарихын қарастырғанда абстрактілі

және жеңіл-желпі тұрғыда қараудан бас тартуды, керісінше терең де жан-жақты зерттеуді қажет етуде. XVI–XVIII ғғ. қазақ-орыс байланыстарының сипаты мен барысын, тарихын зерттеген зерттеушілердің пікірлерін талдау Қазақ мемлекетінің Ресей елінің отарына айналу мәселесінің алғышарттарын айқындап беруімен де құнды.

Қазіргі таңдағы қазақ-орыс халықтары арасындағы қарым-қатынастарға өткен тарихтың әділетті бейнеленуі, тарихи оқиғалардың принципті бағалануы белгілі бір дәрежеде әсер етеді. Бірақта оған қарамастан тарих қашанда өзінің әділ бағасын алуы тиіс.

Тақырыпқа қатысты осы уақытқа дейін жинақталып қалған тарихи зерттеулер мен тарихнамалық зерттеулерді талдаған кезде хронологиялық тұрғыдан оларды үш кезеңге бөлуге болады. Алғашқысы төңкеріске дейінгі, одан кейінгі кеңес үкіметі тұсында, ал соңғысы бүгінгі тәуелсіз тарихи және тарихнамалық ой-пікірлердің қалыптасқан кезеңі жатады.

XVI–XVIII ғғ. қазақ-орыс байланыстарының төңкеріске дейінгі тарихы орыс тарихнамасында шашыраңқы, жүйесіз баяндалуымен де ерекшеленеді. Дегенмен, бұл уақыттағы тарихи еңбектер екі ел арасындағы байланыстардың қыр-сыры мен бағыттарын айқындауға көмектесері анық.

Қазақстан тарихының ортағасырлық проблемалары бойынша ізденістер академиялық шығыстану мектебінің жетістіктері мен оның белгілі өкілдері В.В. Вельяминов-Зернов, В.В. Григорьев, И.Н. Березин, В.В. Бартольд есімдерімен тығыз байланысты. Олардың жалпы тарихқа қосқан үлесі кезінде өз замандастары тарапынан да, кейінгі уақыттағы Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихы мен этногенезі мәселелерімен айналысқан зерттеушілер тарапынан да жоғары бағаға ие болды.

Кеңестік биліктің орнаған алғашқы кезеңінде зерттеліп отырған қазақ-орыс қатынастары арнайы зерттеу объектісіне айналмады. Тек зерттеушілердің тарихи еңбектерінде жалпылама қарастырылған болатын. Олардың ішінде А.П. Чулошников, Г.Е. Грум-Гржимайло, С.Д. Асфендияров, М.П. Вяткиннің еңбектерін ерекше атап өтуге болады.

Алғашқы қазақ-орыс байланыстары мақсатты түрде зерттеуші Г.Ф.Бутлердің 1945 ж қорғаған «Русско-казахские отношения в восточном Казахстане в XVIII в и первой половине XIX века» [4] тақырыбындағы кандидаттық диссертациясында қарастырылды. Диссертацияда автор маркстік-лениндік-сталиндік методологияны қатаң ұстағандығын тілге тиек етіп, бұл ретте автор Алаш қайраткерлерінің қазақ-орыс байланыстарына қатысты көзқарастарын қатаң сынға алып, оларды айыптаған болатын. Мәселен, «Особенно способствовала запутыванию и искажению правильного понимания русско-казахских отношений контрреволюционная группа казахской националистической буржуазии и феодальной знати «Алаш-орда». Алаш-ордынцы отрицали какую-бы то ни было прогрессивно-историческую роль России в Казахстане и стремились оторвать Казахстан от России с тем, чтобы даже ценой подчинения его любому феодально-отсталому государству, сохранить свое господство, сохранить возможность эксплуатации казахского народа» [4], – деген пікірін білдірген болатын. Әрине, бүгінгі таңда бұл пікірден біз қазақ зиялыларының көрегендігін байқаймыз. Шын мәнінде олардың қазақ-орыс байланыстарын Ресейдің отарлау саясатының астарын-

да жүргізгендігін көрсете білуі сол уақыттағы большевиктер партиясының қағидаларына қайшы келгендіктен, олар Алаш көсемдерін барынша казак халқына қарсы адамдар ретінде көрсетуге тырысты.

XVI–XVIII ғғ. казак-орыс қарым-қатынастарын ғылыми тұрғыда саралаған Э.А.Масановтың [5] ой-пікірлері кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйе тұсында айтыла тұрса да біз бұлардың бүгінгі тарихнамалық ой-пікірдің қалыптасуына үлкен ықпал жасағанын мойындаймыз. Оның «Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР» атты 1966 жылы жарық көрген монографиясы төңкеріске дейінгі және кеңес өкіметі кезеңіндегі казактардың этнографиясын зерттеудің тарихнамасына арналған. Бұл еңбекте автор казактар туралы этнографиялық мәліметтердің орыс зерттеулерінің негізінде талдап, біршама казак-орыс байланыстарының тарихнамасын жүйеге түсіреді.

Зерттеуші А. Сабырханов 1965 ж қорғаған «Казахско-русские отношения в 50-х – 90-х годах XVIII в.» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясында казак-орыс қатынастарының алғышарттарының тарихнамасына біршама тоқталған болатын.

Кеңестік дәуірде алғашқылардың бірі болып казак-орыс қарым-қатынастарының тарихы мен тарихнамасын зерттеген В.Я. Басин болды. Ол 1975 ж «Русско-казахские отношения в XVI–XVIII вв.» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғаған болатын. Оның бірінші тарауы «Проблема и задачи исследования. Литература и источники» деп аталады. Онда автор осы мәселеге қатысты әдебиеттерді шартты түрде бес топқа бөліп қарастырады. Олар:

- XVI–XVII ғғ. алғашқы казактар туралы орыс және Еуропа әдебиеттеріндегі мәліметтері. Оған Данил Губин, елші Сигизмунд Герберштейн, италияндық Павел Иови Новокамски, орыс елшілері Семен Мальцов, Третьяк Чебуков, Борис Доможиров, Вельямин Степанов, ноғай мырзасы Юсуф, ағылшын көпесі Антони Дженкинсонның казактар туралы берген мәліметтерінен құралады.

- Екінші топқа XVIII ғ. зерттеушілердің еңбектерін жатқызады. Ол кезеңде П.И.Рычков, П.С.Паллас, И.Фальк, Н.П.Рычков, К.Миллердің тарихи еңбектерін жатқызады.

- Үшінші топқа XIX ғ. соңы–XX ғ. басындағы зерттеулерді кіргізеді. Оның өзін В.Я.Басин ресми және демократиялық тарихнама деп бөліп қарастырады. Осы кезеңнің ресми тарихнамасы патша өкіметінің отарлау саясатын мадақтап, қолдағандар болды (М.А.Тереньев, М.Венюков, Ю.Кологривов, А.Тылин, Н.Г.Павлов және т.б.). Сонымен қатар казак сахарасында болып, казактардың тұрмысы мен өмірінен хабардар болған А.Левшин, А.Добросмысловтың ғылыми еңбектері мен Л.Мейер, М.Красовский, М.Словцов, В.Н.Витевский, Ф.Лобысевичтерді атап өтуге болады. Ал шығыстанушы, көптеген деректерді аударушы медиевист ғалымдар В.В.Вельяминов-Зернов, В.В.Григорьев, В.В.Бартольдтардың еңбектерін ерекше атап, жоғары бағалап, маңызын көрсетеді. Демократиялық бағыттағы еңбектерге В.И.Даль, Е.П.Ковалевский, Н.А.Северцов, В.П.Васильев, П.П.Семенов-Тянь-Шанский, Г.И.Данилевский, А.И.Макшеев, А.И.Бутиков, П.И.Небольсин және т.б. жатқызған болатын. Бұл бағыттағы зерттеулерге тән ерекшеліктерді олардың казактардың мәдениеті мен тұрмысын

шынайы түрде көрсетіп, қазіргі жағдайына деген жанашырлық пен тұрмыстық жағдайын жақсартуға шақыру орын алды деп сипаттайды В.Басин.

- Төртінші топқа революционер-демократтардың еңбектері жатады: В.Г.Белинский, А.И.Герцен, Н.А.Добролюбов, Н.Г.Чернышевский. Олардың еңбектерінен нәр алған Ш.Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А.Құнанбаевтарды да шет қалдырмаған.

- Бесінші топқа төңкерістен кейінгі жарияланған әдебиеттерді кіргізеді. Бұл кезеңнің алғашқы уақытында пайда болған М.Н.Покровский, А.П.Чулошников, Г.Е.Грум-Гржимайло, С.Д.Асфендияров, М.П.Вяткиннің зерттеулерін атап өтіп, олар кеңестік Қазақстанды танудағы алғашқы қадам болғандығын тілге тиек етеді [6].

Кеңестік тарихнамада, әсіресе саяси конъюктураның үстемдік еткен кеңестік режимнің соңғы он жылдығында, патша үкіметінің әскери экспансиялық, тонаушылық, отарлау саясаты туралы көп жазылмай, бұл мәселеде үнсіздік (умалчивания) бағыты айқын көрініс тапты. XX ғ. 50–80-ші жж. түрлі жиындар мен мерейтойлық салтанаттарда «халықтардың Ресейдің құрамына өз еркімен кіргені» туралы көп айтылып, жазылды. Бұл ретте 1981 ж «250 лет добровольного присоединения Казахстана к России» атты шағын кітапшада Қазақстанның Ресей отарына айналғанына 250 жыл толғанын мерейтоймен атап өтіп, оны барынша прогрессивті екендігін көрсетуге бағытталғандығы анық байқалады. Авторы белгісіз бұл еңбекте «Добровольное присоединение Казахстана к России – важное событие в истории русского и казахского народов, в истории всей нашей многонациональной Родины. Оно имело объективные экономические, социальные и культурные предпосылки» [7], – деп Қазақстанның Ресейдің құрамына өз еркімен кіруін объективті алғышарттармен негіздейді. Сонымен қатар кеңес тарихшылары империяның Орта Азияны жаулап алу әрекеттері өз еркімен жүзеге аспағандығын, жергілікті халықтың оған қарсылық білдіргенін дәлелдейтін көптеген мәліметтерді мақсатты түрде әдейі жасырып, бұрмалады.

Тоталитарлық әкімшіл-әміршіл жүйенің тұсында көптеген тарихнамалық еңбектердің жарияланғанын жасыруға болмайды. Алайда, олардың көпшілігі кеңестік кезең зерттеулерінің тарихнамасын талдауға арналып, таптық-тенденциялық сипат алды.

Кеңестік тарихнамадағы XVI–XVIII ғғ. Қазақстанның сыртқы саясатын қарастырған Р.Б.Сүлейменовтың 1983 ж жарық көрген «Внешнелитературные связи Казахстана XVI–XVIII вв. в советской историографии» ғылыми мақаласында автор алғаш рет Қазақ хандығының көрші елдерімен байланыстарының тарихнамасын жазды [8]. Ол туралы автор: «...к сожалению, до настоящего времени не предпринималось даже попыток проанализировать историографию внешней политики казахских ханств, показать степень изученности этой проблемы, вскрыть имеющиеся трудности и пути их преодоления», – деп өзінің зерттеуі алғашқы арнайы тарихнамалық еңбек екендігін тілге тиек еткен. Бірақта бұл тарихнамалық талдауда казак-орыс байланыстары жалпы көрші елдерімен қатынастары аясында талданады. Жұмыстың бағыт-бағдар берерлік мүмкіндігі зор. Сонымен қатар мақала авторы талдап отырған еңбектерін хронологиялық және территориялық белгілеріне қарап топтарға сыныптап, жүйелеп, талдайды.

Тәуелсіз тарихнамамызда қазақ-орыс қатынастарының зерттелу мәселелері Е.Т. Телеуова, А.М. Әбділдабекова, Г.Е. Сабденова, С.А. Едильханова, Ш.Ж. Нартбаевтің кандидаттық диссертацияларында біршама талданған.

Қорыта келгенде XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастары тарихнамасы түбегейлі және арнайы зерттелмегендігі айқындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Төлебаев Т.Ә. Қазақстандағы капиталистік қатынастар тарихнамасының методологиялық және теориялық проблемалары. // Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. №3 (30). 2003. 3-7 бб.
2. Мұхатова О.Х. Қазақстандағы XX-ғасырдың 20-90-жылдарындағы аграрлық өзгерістер тарихнамасы. — Алматы: Ғылым, 1999. (177 бет). 4-5 бб.
3. Қозыбаев М.Қ. Тарихнама мәселесі толғандырады. // Қазақ тарихы. 1998. № 2. 2-33 бб.
4. Бутлер Г.Ф. Русско-казахские отношения в восточном Казахстане в XVIII в и первой половине XIX века. Дис.на соиск. Учен. Степени к.и.н. 1945. 301 стр.
5. Масанов Э.А. Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР. Алма-Ата: Наука КазССР, 1966. (322 бет)
6. Покровский М.Н. Дипломатия и войны царской России в XIX столетии. Москва, 1920.; Чулошников А.П. Очерки по истории казак-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. Оренбург, 1924.; Грум-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. Т. II. Москва-Ленинград, 1926.; Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен), т.1. — Алма-Ата — Москва, 1935.; Вяткин М.П. Очерки истории Казахской ССР. ОГИЗ, 1941.
7. Казахское общество дружбы и культурной связи с зарубежными странами. 250 лет добровольного присоединения Казахстана к России. Алма-Ата, 1981. (10 стр.) — 1 с.
8. Сулейменов Р.Б. Внешнеполитические связи Казахстана XVI-XVIII вв. в советской историографии. // Казахстан, Средняя и Центральная Азия в XVI-XVIII вв. — Алма-Ата: Наука, 1983. — (192 бет.). 8-34 бб.

«Батыр» сөзінің этимологиясы және этонимі туралы

Маржан ДАУЫТБЕКОВА,

С. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дың аға оқытушысы

Дәстүрлі қазақ қоғамында саяси-экономикалық ролі ерекше әлеуметтік топтың бірі — батырлар болды. Қазіргі кезде «батыр» сөзінің этимологиясы туралы нақты ғылыми дәлелденген ортақ пікір жоқ. Бірақ бұл сөздің бір ерекшелігі қандай тіл құрамында қолданылмасын барлық тілдердегі ұғымы бір. Сонымен бірге «батыр» сөзі Қиыр Шығыстағы алтай тіл семьясына жататын халықтардан бастап, батысында Шығыс Еуропадағы славян тілдес халықтарда, солтүстігінде фин-угор тіл семьясына жататын халықтарды, ал оңтүстікте Солтүстік Кавказ халықтары арасында кең тараған сөз болды. Бұл феноменнің басты себебі көшпелі дүниенің қозғалысқа түсуіне байланысты жаңа әлеуметтік топ «батырлардың» қалыптасуы болды.

Қазіргі кезеңдегі тарихи зерттеулерге талдау жасай отырып, «батыр» сөзінің этимологиясына байланысты зерттеулерді үш топқа бөліп қарастыруға болады. Бірінші топқа «батыр» сөзі көне түркі тілінде қалыптасқан ұғым деген пікірді қолдаушыларды жатқызуға болады.

1891 жылы жарық көрген энциклопедиялық сөздікте «богатырь» — түрік сөзі. Бахатур, багадур, батур, батырь, батор — деген әртүрлі формада қолданылған және ол богатырь сөзінің ең алғаш Серницкийдің 1585 жылғы кітабында кездеседі дегенді атап көрсеткен [1].

Профессор И.Е. Андреевскийдің энциклопедиялық сөздігінде «батыр» сөзінің ешқандайда орыстық тамыры жоқ, ол алғашқы кезде татарлардың әскер басы титулы ретінде қолданылғанын және батырлардың тек татарлар заманынан бастап пайда болды деген пікірден аулақ екенін айта келіп, татарлар кезеңіне дейін бұл сөздің синонимдері — храбрь, хоробрь сияқты сөздердің пайдаланылғанын айтады [2]. Ал М. Фасмер сөздігінде «батыр» сөзінің орталық Волга жерінде артель старшинасы, жүкшісі деп қолданылғаны туралы айта келе Соболевскийге сілтеме жасай отырып, бұл сөз түріктің «батыр» сөзінен шыққан дейді. Ол «ержүрек, күшті, атта шаба алатын адам» орыстың «богатырымен» ұқсас деп есептейді. Семантикалық тұрғыдан атаман сөзімен салыстыруға болады деп жазды [3].

Зерттеушілер де «батыр» сөзінің этимологиясына ерекше мән бере отырып, оның түркі халықтары арасында кеңінен тарауын VI ғасырдан бастау алып, IX-X ғғ. Волга бойындағы түрік тілдес болгарлар мен хазарлар арасында тарай бастады деп есептейді. Мысалы, белгілі түркітанушы С. Г. Кляшторный «багатур» термин-титулы көне түркілер арасында VI ғасырдан бастап тарай бастады деп есептесе [4], ал Минорский X ғасырда хазарлар арасында кеңінен тараған «багатар» титулын Аланияның билеуші топтары қолдана бастады. Бұл сөзді «багаир» түрінде аландар арасында кеңінен тарағанын Ибн Руст жазып кетсе, ал грузин хроникаларында да осы ұғым кездеседі деп жазды [5]. В. Б. Пфафф «осетин княздарында

татарлардың құрметті «Бағатар» титулы VIII ғасырда хазарлармен араласудың нәтижесінде пайда болды деп жазса [6], ал В.Ф. Миллер «түрік сөздері, соның ішінде Бағатар сөзі де, осетин тіліне XIII ғасырдағы татарлардың Солтүстік кавказды бағындырған кезіне дейін енген сияқты. Бахатур сөзі қыпшақтарда болған сияқты» деп жазды [7]. Г. Моравчик б.э. I мыңжылдығының екінші жартысында түркі тайпаларында кеңінен тарады, соның ішінде болгар аксүйектері IX—X ғасырларда қабылдады деп есептесе [8], ал Артамонов осы кезеңде хазарларда да тарады деп жазды [9].

«Батыр» немесе «багатурь» сөзі орыс жылнамаларында тек монғол-татар кезеңінде ғана пайда болғанымен белгілі ақын, зерттеуші Олжас Сулейменов «Азия» атты еңбегінде «Игорь полкы туралы» жырдағы «бойтур» сөзін «батыр» сөзімен байланыстырады. Ол «батыр» сөзінің – буйтур, батыр, батур, боотур, бога-турь, богатырь делініп пайдаланылғанын, мұндағы буйтур сөзінде буй-ағы, жабайы дегенді білдірсе, тур-өгіз, бұқа деген мағынада айтылады, осы екі сөз қосылып айбынды, күшті, өгіздей күшті дегенді білдірсе керек деген болжамдар жасап өтеді [10]. О.Сүлейменовтың бұл пікірлері кей жағдайларда УП–УШ ғғ. оғыз батырлар жыры жәйлі баяндалатын Қорқыт ата кітабындағы «Дерсе хан ұғлы Бұқаш хан туралы жырымен түйіндес болып келеді. Бұл жырда басты кейіпкер Дерсе ханның құдайдан сұрап алған жалғыз ұлы күшті бұқамен айқасып, жеңіске жетіп, осыған орай оның азан шақырылып қойылған аты өзгертіліп бұқаны жеңген айбатының құрметіне Бұқаш деп өзгертілгені бізге жыр жолдарынан белгілі [11].

Зерттеушілердің екінші бір тобы «батыр» сөзінің түп төркіні көне арийлерден басталады деп есептейді. Мысалы, О.Ф. Миллер «багадур» сөзі татар сөзі емес, санскриттік «bagadhara» яғни, бакыт иесі, жолы болғыш дегенді білдіреді, ал орыстың богатырь сөзі праарийлік бастауға тән» – деген пікір ұстанады [12].

Ал енді зерттеушілердің үшінші бір тобы – «батыр» сөзін бастауын монғол тілінен іздейді. Мысалы С.Е. Малов батыр сөзін парсы немесе монғол тіліне жатқызады [13]. Сондай-ақ Б.Я. Владимирцев «батыр» лауазымының монғол дәуірінде де болғанын және оның кейбір кірме сөздермен ауысып «тайшы», «бұйрық», «ноян» (қытай тілінен), «тегін», «бұйрық» (түркі тілінен) аталғанын айтады [14].

«Батыр» сөзі көнеарийлік немесе монғол тілінен шықты деп дәлелдеп жүрген зерттеушілердің басым бөлігі көне руникалық жазулар мен түркі дәуіріндегі жазба деректерде «батыр» сөзінің болмауын алға тартады. Осыған байланысты ерте түркі дәуірінде «батыр» сөзінің орнына «ер» сөзінің кең қолданылғанын атап өткіміз келеді.

Ал енді «батыр» сөзінің этнониміне, яғни мағынасына келетін болсақ онда зерттеушілердің басым бөлігі ортақ пікірде сияқты.

Белгілі қазақ тарихын зерттеушілердің бірі М.В. Вяткин «батыр» сөзінің екі түрлі нұсқасын ұсынған болатын: бірінші нұсқасы бойынша «батыр» кара халық арасынан шыққан батыл, жауынгер, ер жүрек адамды айтса, екінші нұсқасында «батыр» деп ерекше жауынгерлік өнер иесі [15] дей келе бұл сөздің түп-төркінін монғолдың – «ba,tur», орыстың – «богатырь» сөздерінің мағынасымен төркіндес келеді деп өз ойын жалғастырады [16]. М. Вяткин «батыр» сөзінің ХҮІ ғасырға дейін де адамның есіміне қосылып айтылатын титул ретінде пайдаланылып келе жатқанын, ал «бахадур», «багатур», ерекше батылдығы үшін кей жағдайда «толы батыр» яғни толық батыр деп те қолданылады және ХҮ ғасырға дейін бұл титул

«бек» деп аталып монғолдың нойан, араб-парсылардың әмір лауазымдарымен мағыналас болып, ХҮ ғасырдан бастап оның би лауазымымен орайласқаны туралы тұжырым жасаған. М.В. Вяткин «батыр» сөзінің мынадай сипаттама береді: «егер ежелгі германдықтарда әскери көсем өзінің айналасына адал берілген жастарды жинаса, қазақтарда да батырлар ерекшеленіп, оның айналасына да адал берілген жігіттердің топтасатынын тілге тиек етеді».

Революцияға дейінгі кезеңдегі белгілі ғалым Л.Костенко өзінің зерттеуінде «батыр» сөзі түркі-монғолдың «бахадур, ba, tur, багадур, бак-хату»-деген сөздерден шыққан, негізгі мағынасы ер жүрек, қаһарман, батыл дегенді білдіретіні атап өтіледі [17].

XX ғ. I-жартысындағы қазақ тарихындағы есімі ерекше аталатын тарихшы-ғалым Ермұхан Бекмаханұлы Бекмаханов еңбектерінде «батыр» термині түріктің «багадур», «бакхатур» деген сөздерінен шыққан. Ол тіпті сонау ықылым замандардан-ақ сыртқы жаудан қорғану үшін арнайы топтардың топтасқанын айта келіп, оны әскери колбасшы басқарғанына тоқталады. Осындай топтардың ерекше көзге түскен қаһармандарын батыр деп атаған. Батыр сөзі қазақ және түркі тілдерінде де «күресуші, күшті, батыр, ержүрек» дегенді білдіреді деп тұжырымдайды [18].

Ал «ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы Қазақ хандығы тарихына қатысты материалдар» атты еңбек авторлары қазақтар өздерінің ерлігімен де, қуат-күшімен де бүкіл әлемге танылған халық дей келе, батырлықтың халық арасында ежелден бар екенін жазады [19]. «Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы» атты еңбек авторлары Р. Сыздықова мен М. Қойгелдиев «бахадур» тұлғасы екі мағынада: бірінші – батыр, жүректі адам, екіншісі – сол батыр адамға берілетін атақты білдіреді. Бахадур сөзі монғол билігі тұсында феодалдық қоғамдағы әскери иерархияның титулы болған, ал «бек» сөзі ханнан кейінгі билеушінің титулы деп жазады [20].

Қазақстанның зерттеуші ғалымдары И. Ерофеева, А. Көшкімбаевтар да жоғарыда келтірілген пікірлермен мағыналас көзқарастарын білдіреді [21].

Кеңестік дәуір кезеңіне тән көптеген сөздіктерде «батыр» терминінің мәні Радлов, Вяткин, Бекмаханов пікірлерімен бір арнада тоғысып жатады. Атап айтар болсақ; Қазақ Кеңес Энциклопедиясында, Большая Советская энциклопедия атты сөздіктерде «араб және иран тілдеріндегі «бахадур» – жаугершілік кездерімен, әскери жорықтарда жеке ерліктерімен ерекше көзге түскен көзге түскен ержүрек, қаһарман адамдарға берілетін құрметті атақ»-деген мәліметтер келтірілген [22]. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» деген еңбекте: «Батыр ел қамы үшін жаумен сайысқан тарихи қаһарман, алып ер» деген анықтама берілген [23]. В. Даль сөздігінде Волга бойында батыр деп ат үстінде бұзықтық жасаушыларды, жігіттік көрсетушілерді, батырлық жоруылдар жасаушыларды атайды, батырлықтың мұрагерлікке қалдырылмайтыны жазылған. Сонымен қатар В. Даль «батыр» азиаттықтарда білікті күш иесі, батыл, жеңіскер, сабаз, шабандоз дегенді білдіреді. Батыр лауазымының атакқа берілетініне де тоқталған [24]. Орыстың филологиялық сөздігінде батыр күшті адам, сабаз, шабандоз мағынасын білдіретінін оқуға болады [25].

Ал Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі кездерде жарық көрген Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясының екінші томында «батыр» сөзі парсының бахадур-ержүрек, батыл, батыр-әскери өнерді жақсы меңгерген, жау түсірер ерлігімен аты шыққан қаһарман адамға берілетін құрметті атақ» – делінген [26].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. СПб., 1911. т.4., ч.2., 95-96
2. Энциклопедический словарь. Под. Ред. Проф. И.Е. Андреевского. т.4. СПб., 1891. 147-б.
3. Фасмер М. Этимологический словарь русского языка. В 4-х томах. М., 1986. т.1. 135-б.
4. Кляшторный С. Г. Древнетюркские рунические памятники. М., 1964, с. 113, прим. 174.
5. Минорский В. Ф. История Ширвана и Дербенда X—XI веков. М., 1963, с. 221.
6. Пфаф В. Б. Материалы для истории осетин.— ССК.Г, вып. V. Тифлис, 1871, с. 19.
7. Миллер В. Ф. Древнеосетинский памятник из Кубанской области.— МАК, вып. III. М., 1893, с. 117.
8. Moravcsik G. Byzantinoturcica, II. Berlin, 1958, s. 83.
9. Артамонов М. И. История хазар. Л., 1962. с. с 241
10. Сүлейменов О. Азия. А., 1992. 51-б.
11. Қорқыт ата кітабы. А., 1986. 11-б.
12. Миллер О.Ф. Сочинение... Словянство в Европе. 1847.
13. Малов С. Е. «Памятники древнетюркской письменности. Тексты и исследования», М., 1951
14. Владимирцев Б.Я. *Общественный строй монголов. Монгольский кочевой феодализм, издательство АН СССР, Л. 1934*
15. Вяткин М.В. Очерки по истории Казахской ССР. М., 1947. 109-б.
16. Вяткин М.В. Батыр Срым. А., 1998. 108-б.
17. Костенко Л. Средняя Азия и водворения вней Русской гражданственности. СПб., 1871. 42-б.
18. Бекмаханов Е. Присоединение Казахстана к России. М., 1957. 38-б. Бекмаханов Е.Б. К вопросу о социальной природе батыров. (XIX в.) // Вестник АН КазССР. 1947. №8. 62-б. Бекмаханов Е.Б. Казахстан XIX в. 20-40 жылдарында. А., 1994. 104-б.
19. Материалы по истории Казахских ханств. ХУ-ХУШ вв. А., 1969. 28-б.
20. Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. А., 1991. 57, 68 бб.
21. Ерофеева И. Батыры как феномен истории казахского народа. // Казахстанская правда. 1992. 25-қыркүйек. Кушкумбаев А. История военного дела казахов. ХУІІ-ХУШ вв. // Диссертация канд. ист. наук. А., 1998. 111-б. 4-бет
22. Қазақ Совет энциклопедиясы. А., 1979. 199-б. Древнетюркский словарь. Л., 1969. 89-б. Большая Советская Энциклопедия. М., 1990. 339-б. Советский Энциклопедический словарь. М., 1986. 115-б. Советская историческая энциклопедия. М., 1962. т.2. 167-б.
23. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. А., 1976. т.2. 152-б.
24. Даль В. Толковый словарь живого великорусского языка. М., 1978. т.1. 54-55-бб.
25. Русский филологический Вестник. Т. 70. 77-б.
26. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. А., 1999. т.2. 184-б.

Қазақ халқының ұлттық киімінің ерекшеліктері

Фариха ЕРЖАНОВА,
ҚМЭБИ-дің оқытушысы

Қазақ халқының ұлттық киімі қазақ халқы мәдениетінде едәуір жақсы зерттелген деп санаймыз. Бұл мәселеге байланысты Ә.Х. Марғұлан, Х.А. Арғынбаевтың, Ө. Жәнібековтың, А.В. Коноваловтың, Н.Ж. Шаханованың еңбектерін және т.б. көптеген мақалаларды жатқызуға болады. Соның бірі И.В. Захарова мен Р.Д. Ходжаеваның «Казахская национальная одежда XIX-начале XX в.в.» деген еңбегі. Зерттеуде авторлар әртүрлі далалық, мұрағат және әдеби деректерді, мұражай жинақтамаларын негізге ала отырып қазақ халқының ұлттық киімін сипаттаған [1, 59 б.].

Ерте кезде қазақтарда киімнің негізгі материалы үй жануарларының терісі мен жүні болды. Сонымен қатар киімді орта Азия мен Қытайдан әкелінетін мақта-мата, жібек және т.б. маталардан тікті. Ресейден келген фабрикалық маталар ерлер мен әйелдердің ішкі және сыртқы киімдерін тігуге пайдаланылды. Қазақтар көбінесе төмен сортты бөз, сиса, тік, шұға (қара, көк және қызыл түсті) және т.б. маталарды қолданды [2, 45 б.], ал байлар киімге барқыт, мақпал, жібек және жұқа жоғары сапалы маталарды алғызып отырды.

Аяқ-киім тіктіру үшін қазақтар көбінесе зауытта өңделген терілерді пайдаланған. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ байлары қол тігін машиналарын сатып ала бастады, осыған байланысты қазақтар арасында қолмен киім тігуден гөрі машинада тігу кең тарала бастады.

XIX ғасырда еркектер кеудесі көлденең ойықты және жалпақ қайырма жағалы туник типтес көйлектер кие бастады. Қазақстанның оңтүстік аймақтарында көйлекті жейде деп атайды. Көйлектердің жағасы бітеу, тік немесе қайырма жағалы болды. Кейіннен XIX ғасырдың аяғында қайырма жағалы көйлектер тек Шығыс Қазақстанда ғана және Оңтүстік Қазақстан мен Маңғышлақтың кейбір жерлерінде сақталды, ал басқа облыстарда тік жағалы көйлектер ғана тігілді [1, 38 б.]. Жағасы сол матадан жасалған баулармен байланды. Көйлектер кең, жеңі қолдың басын жауып тұратын ұзын, ал кейде етегі тізеге дейін түсіп тұрды.

Еркектердің іш киімі-дамбал шыт матадан кең етіп тігіліп, беліне жіңішке бау өткізілді. Бұл үлгі салт атпен жүруге ыңғайлы боды.

Сыртқы шалбар үлгісі бойынша дамбалға ұқсас, бірақ одан гөрі кеңірек болды. Жазда шалбарды тек матадан ғана емес, өңделген ешкі терісінен де тікті; балағының етегіне бір шетінен 10-14 см болатын жырық жасалды. Бай қазақтарда шалбардың бүйір жырықтары әр түсті жібек жіптермен кестеленді. Қарапайым қазақтар шұға, мақпалдан, ал бай қазақтар кестелеп барқыттан тіккізді. Қалың фабрикалық матадан арасына жүн салып сырылған қысқы шалбарларды да тікті.

Қазақтарда сал серілердің шалбары кең тігілген. Тіпті қымбат шалбарға тоғыз қойдың терісі қолданылған.

Көйлектің сыртынан жеңсіз «желетке» немесе бешмет киді. Жазғы желеткені жұқа мауытыдан немесе сәтеннен, сисадан астар салып, ал қыста арасына жүн салып сырып немесе лақтың өңделген терісінен тікті.

Басқа қазақтармен салыстырғанда байырақ қазақтар желетке сыртынан мауытыдан, мақпалдан тігілген, ал бай қазақтар сисадан астрланған барқыттан кейде жүнмен сырылып тігілген тізеге дейін түсетін камзол киді. Камзол денеге жабысып, алды түймеленді. Етек жағы бүйірлерінен қосылған мата киындылары арқылы кеңі түсті және жан қалталары болды. Кейбір қазақтар орыстың қалалық киімдеріне еліктеп камзолдарының кеудесіне төс қалталар салдырып, әдеттегідей солдан оңға қарай емес, керісінше солдан оңға қарай жабылды.

Шығыс және Оңтүстік Қазақстанда қысқа жеңді камзолдар кең тарады. Оны Шығыс Қазақстанда шолақ жең кемзал деп атаса, оңтүстікте қаркеспе деп атады. XX ғасырда қысқа жең камзолдар тек Шығыс Қазақстанда ғана кездесті [1, 44 б.].

Ер адамдардың киімдерінің ішінде кең тарағаны орыстың фабрикалық маталарынан тігілген шапан болды, ал байлар шапанды әр түсті бұқар жібегінен астарлатып тіккізді. Шапандардың пішілуі мен матасына қарай және жеңіл, жазғы және арасына жүн салынып сырылып тігілген қысқы түрлері болады. Астар ретінде көбінесе жеңіл, жұмсақ түйе жүні, кейде қой жүні де пайдаланылды. Жазда шапанды камзолдың сыртынан алдын ашып киетін, ал қыста алдын жауып, белін белбеумен байлап алатын.

Қазақтар сонымен қатар әдемі «мауыты шапан» және «мауыты шекпендер» киді. Оларды жұқа түйе жүнінен жасалатын армячинадан етегіндегі 10-15 см болатын бүйір жырықтарына кесте салып тікті. Бай қазақтар өздеріне шапанды барқыттан жібек жіппен кестелеп тіккізді. Оларды көбінесе тойларда немесе жазғы көш кезі сияқты ерекше жағдайларда киді. Сонымен қатар байлар паршадан тігілген шапандарды да киді.

Шығыс Қазақстанда абақ-керейлерде шапандардың кеудесі кестеленді немесе түрлі-түсті баулармен әшекейленді. Шығыс Қазақстан мен Жетісу жерінде қайырма жағалы шапандар кең тарады [1, 47 б.].

Ерлердің сыртқы киімнің күз бен қыста киетін ең таралған түрі «шекпен» болды. Шекпенді түйенің немесе қойдың жүнінен жалпақтығы 20 см болатын лента тәріздес етіп дайындалған мауытыдан тікті. Бұл лентаны керек ұзындыққа мөлшерлеп кесіп алып, түйе жүнінен дайындалған жіппен тікті. Жазғы шекпендер жеңіл әрі қысқа болды, ал қысқы шекпендер керісінше, жылы киімдердің сыртынан киетін болғандықтан кең және ұзын болды. Пішілуі жағынан шекпен шапанға ұқсас болды.

Шығыс Қазақстанда бертіңгі уақытқа дейін сақталған ең ежелгі қысқы сырт киім түрі – түйенің немесе қойдың жабағы жүнінен (көктемгі жүн) дайындалған «күпі» болды. Қой жүнінен дайындалған күпіні негізінен кедейлер киді. Оның сыртын әр түрлі маталармен қаптады, армячинаямен тысталған күпіні «шидем күпі» деп атады. Бұл да үлгісі жағынан шапанға ұқсас киім түрі.

Қысқы киімнің тағы бір түрі ол – ішік. Ол әр түрлі аңдар мен үй жануаларының терісінен тігілгендіктен түлкі ішік, тек түлкі аяғының терісінен бұшпак ішік, қасқыр ішік, қарсақ ішік, сусар ішік, жанат ішік және т.б. болып бөлінді. Әрине

бұл ішіктерді көбінесе байлар киді. Екі айлық қозылардың терісінен тігілген елтірі ішіктер жоғары бағаланды, ал үш-төрт айлық қозы терісінен тігілген сеңсен ішік немесе бөлтеріскей деп аталатын ішік одан арзанырақ болды. Шекпенді қара түсті шұға немесе мақпалмен қаптады.

Тағы бір кең тараған қысқы киімнің түрі тон. Ол өздері өндеген қой терісінен жүні ішіне қаратылып тігіледі. Тонның түсі томар бояумен бояғандықтан көбінесе сары қоңыр болды.

Қысқы киімнің айта кететін тағы бір түрі «жарғақ» деп аталады. Оның «тақыр жарғақ» және «құлын жарғақ» деп аталатын екі түрі болған. Қазақ байлары серке терісінен өңделіп дайындалған былғарыдан тігілген жарғақтарды киді. Жарғақтың сырты кейден жібек жіптермен кестелейтін. Ал «құлын жарғақ» жүні сыртына қаратылып құлын терісінен тігіледі. Ол үшін тек қара түсті құлын терілері тандап алынды.

XIX ғасырдың ортасында жарғақ жоғала бастады. XIX ғасырдың 50-60 жылдарында қазақ тұрмысын зертегендердің мәліметтерінен бұл киім түрі туралы аз кездеседі. Ол XX ғасырдың басына дейін ғана тұрмыста қолданылды [1, 55 б.]. 1927 жылы Шығыс Қазақстан қазақтарын зерттеген С.И. Руденко жарғақты осы өңір қазақтарынан көрген [3, 55 б.].

Ал жылқышыларға арнап бір жасар тай терісінен, жүнін сыртына қаратып, астарсыз тігілетін қысқы киім түрі «тайжаға» немесе «тайтері» деп аталды. Жарғақ та тайжаға да қысқы суықтарға арналғандықтан өте кең және ұзын болып тігілді.

Камзолдан басқа сыртқы киімнің барлығы кең болып тігілгендіктен міндетті түрде белбеу тағылды. Бай қазақтар бет жағы күміс пластинкалармен әшекейленген ұзын белбеулер «кісені» такты. Кісе белбеудің қапталындағы арнайы жасалған ілмешектерге оқ дәрі құтысы, жаугершілік кезде қару-жарақ, кейін бейбітшілікке көшкен кезде қажетті заттар салып жүретін үлкен қалта, оқшантай, қын тағылған. Осылардың бәрі де оймышты қапсырмалар (күмістен не жезден қондырылып, былғарыдан жасалған). Абай өлеңдерінде «күлдәрімен белін буған» деген өлең жолдары кездеседі. Мұндағы күлдәрі деген жас малдың (қой, тай сияқты) терісінен жасалатын белдік.

Бұрынғы қазақ көйлектері енді басқаша тігіле бастады. Жас жігіттердің көйлегінің жағасы жіңішке тік жағалы болып, алдына түйме тағыла бастады, жеңі бұрынғыдан қысқартылды. Бұндай көйлектер шалбардың ішіне салынатын. Қалада немесе казак поселкелерінде жалданып жұмыс істеп жүрген қазақ жастарының кейбірі дайын орыс көйлектерін сатып алатын болды.

XIX ғасырдың екінші жартысына бастап бай қазақтар қалалардан зауытта өңделген қой терілерін сатып алып, одан орыстардікіне ұқсас жалпақ жағалы қысқа ішіктер, тұлыптар тігетін болды. Қысқа ішіктер негізінен малмен қатар егіншілікпен де айналысатын отырықшы қазақтарда, ал тұлыптарды жол бойында ат айдаушы болып күн көрісте жүрген қазақтарда болды. Қазақтар өздері тіккен бұл сыртқы киімдер орыстардікінен айырмашылығы болмады.

Бұл өңір қазақтарының аяқ-киімдері де өзгеріске ұшырады. Бұрынғы саптама етіктер қолдан өңделген теріден тігілді. Оның бірнеше түрі болды: бір түрі биік өкшелі болса, екіншісі басы иілген, үшінші түрі аласа өкшелі. Бірақ ішінен киіз байпақпен киетін болғандықтан, барлық етіктің қонышы астарсыз және кең болып тігілді.

Бай қазақтар жазда кебіс және жұқа теріден тігілген мәсі киді. Кебіс пен мәсіні қарттар мен орта жастағы ер адамдар киді.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап етіктер зауыттан шыққан терілерден тігіле бастады. Бұған қоса орыс үлгісіндегі, оң және теріс болып тігілетін етіктер де шыға бастады. Оны қазақтар қыйсық табан етік деп атады. Осы үлгімен қазақ етікшілері де тіге бастады.

XIX ғасырдың соңында қазақтар арасында пима кию шыға бастады. Басында пиманы орыс шаруаларынан сатып алды немесе жүн беріп пима басушыларға істетті. Семей және Өскемен уездерінде бірнеше пима басатын орындар ашылды [4, 54 б.].

Ерлердің жазғы және қысқы бас киімдері көп түрлі болмады. Тарбағатай қазақтарында орта жастағы ер адамдар жаз кезінде шаштарын тақырлап алып бастарына қара түсті матадан тігіліп, іші сисамен астарланған тақия киді. Күннен қорғану үшін тақия сыртынан сырты барқытпен, мақпалмен қапталған жиегіне аң терісімен көмкерілген бөрік киді.

Тақияны Тарбағатайдың теріскей бетінің кейбір жерлерінде кепеш деп те атайды [1, 60 б.].

Ерлердің қысқы бас киімінің ішінде ең кең тарағаны тымак болды. Оның түлкі тымак және елтірі тымак деген екі түрі болды. Тымақтың екі құлағы және етегі болды. Найман тымақтардың арғын тымақтардан айырмашылығы құлағы мен артқы етегі кішірек, ал негізі ұзынырақ және жіңішкерек болды [4, 25 б.]. XIX ғасырдың екінші жартысында Тарбағатайдың теріскей бетінде болған В.В. Радлов «тымақты Көкпектіден шығысқа қарайғы, қазіргі қытай территориясындағы керейлерден ғана кездестірдім», – деп мәлімдейді. Олар жазда да сырты және құлақшыны ташкенттің жартылай жібегімен қапталған жұқа, ақ киізден тігілген тымақтар киеті [5, 292 б.].

Бас киімнің ескі түрінің бірі ол – Орта және Кіші жүз қазақтарында кездесетін башлықтар. Башлықты түйе мауытысынан, қалың, қара түсті матадан астарлап тікті. Тарбағатайдың теріскей беті мен Алтайда башлықтың «күләпәра» деп аталатын қарапайым түрі болды [1, 60 б.].

Қазақтар ешқашан киілген бас киімді біреуге сыйламайды, айырбастамайды, себебі, бас киім арқылы бас ауруын жұқтыруға болады, сондай-ақ бас киіммен бірге адам бақытын, құтын жоғалтып алуы мүмкін деген түсінік қалыптасқан. Бас киімді әрқашан биікке іліп, төменге қоймаған, оны аттауға, жерге тастауға болмайды [6, 56 б.]. Н.Ж. Шаханованың түсіндіруі бойынша, бұл наным-сенімнің барлығы бас киімнің семантикалық статусына байланысты пайда болған, бас киім «құттын» орны болды [7, 58 б.].

Әйел киімдерінің кейбірі пішілуі мен үлгісі жағынан ұқсас болды. Әйел көйлектері де қайырма жағалы, ұзын жеңді туник үлгісінде болды. Қарт әйел адамның көйлегі ерлердің көйлегінен айырмасы аз болды. Тек кеуде жырығы екі жағынан түрлі-түсті жібек немесе сәтенмен әшекейленіп, өңір деп аталды.

Жас қыздар мен жас келіншектердің көйлегі қарт әйелдердің көйлегінен үлгісі жағынан да матасы жағынан да ерекше болды. Ол – тік жағалы, түймеленетін қос етекте болды. Жастар әсіресе қызыл түсті жаксы көрді.

Жасы отыздан асқан әйелдерге қызыл түсті киім кию ұят болып саналды.

Шығыс Қазақстан өңірі әйелдерінің көйлегі кең және ұзын болып келеді. Пішілуі бойынша бұл көйлектер татар әйелдерінің көйлектеріне өте ұқсас [5, 292 б.].

Бай әйелдері көйлектерін жібек, атлас, барқыт, парша сияқты маталардан тікті. Тарбағатайдың теріскей бетінде ертеректе қытай жібегінен тіксе, уақыт өте келе XX ғасырдың басында орыс фабрикалық жібектері қолданыла бастады [1, 83 б.].

Барлық жастағы әйелдер көйлек сыртынан жеңсіз камзол киді. Камзолдың алды күміс қаптырмамен ұсталды. Байларда қаптырма қымбат тастармен әшекейленіп, өзінің жасалу техникасымен де ерекшеленді. Ал үлкен әйелдер камзолдарының алдын ірі металл «торсылдақ түймелермен» түймеледі. Тарбағатайдың теріскей бетіне тән әшекейлердің бірі-шашқа, киімге тағуға арналған таналар болды [1, 152 б.]. Қыздардың камзолының ұзындығы белге дейін ғана жетті.

Жеңсіз камзол сыртынан жеңді камзол киді. Ерлер камзолынан әйелдер камзолының айырмашылығы ашық жағалы болса, Қазақстанның Шығыс аудандарында әйелдер камзолдары көбінесе жабық және тік жағалы болды. Бай әйелдер жібектен тігілген алдамшы жеңі бар өте ұзын және кең шапандар киді.

Әйел ішіктері еркек ішіктерінен жағасының қайырылуымен және етегі, жеңі, жағасының аң терілерімен көмкерілуімен ғана ерекшеленді. Әйелдердің ішігі тек түлкі, қарсақ, бұлғын, сусар сияқты қымбат терілі аңдардың терісінен тігілді. Әйелдердің былғары белбеуі күміс пластинкалармен әшекейленіп, ілгектермен жабылды. Бұндай белбеулерді байларда ғана болы. Кедейірек отбасындағы қыздар мен жас әйелдердің белбеуі матадан тігіліп жібек жіптермен өрнектелді.

Әйелдер киімінің бір түрі-белдемше деп аталады. Шығыс Қазақстан наймандары мен керейлерінің белдемшесі басқа аймақтардікімен салыстырғанда тігілу мен пайдалануы жағынан ерекше болды. Оның алжапқышқа ұқсас болып тігіліп, оны жасы үлкен әйел адамдар белін жылыту үшін арқасына жауып жүретін.

Барлық жастағы әйелдердің аяқ-киімі жазда да қыста да мәсі мен кебіс болды. Бұл аяқ-киім тігілуі жағынан саптама етікке ұқсас болды. Тек көлемі, материалы жағынан ғана өзгеше болды. Бұдан басқа қыздыр мен әйелдердің жазда ғана шұлғаумен киілетін биік өкшелі етіктері болды.

Әйелдердің бас киімдері жас мөлшеріне және оның отбасындағы орнына байланысты әр түрлі болды. Жазда қыздар түрлі-түсті барқыттан тігіліп, барынша әшекейленген тақиялар киді. Қыста қыздар жиегі еркектердікінен аң терілерімен артығырақ көмкерілуімен ерекшеленетін бөріктер киді. Бай қазақтар қыздарына кәмшат бөрік тіккізетін.

Қыздардың тұрмысқа шыққанда киетін баскиімі сәукелені кию бұл өңірде XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, қымбат бағасына байланысты азая бастады [4, 74 б.]. Құны ақшаға шаққанда 2-3 мың теңгеге тұратын сәукелелер болды.

Қалыңдықтың шапанын қымбат матадан тікті. Қалыңдық шапанын Оңтүстік облыстарда айырма шапан, бекасаб шапан деп атаса, Шығыс Қазақстанның наймандары мен керейлерінде және Алтай өңірінде желек деп атайды.

Тұрмыстағы әйелдің негізгі бас киімі ақ матадан тігілген кимешек пен жаулық еді. Әр руда кимешектің үлгісі әр түрлі болды. Асыл тастармен әшекейленіп, кестеленген кимешектерді негізінен жас әйелдер киді. Ал жаулық ерекше әшекейленбеді және оны үлкен әйелдер киді. Кимешек пен жаулықтың сыртынан ақ матадан «күндік» орады. XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басынан бастап сауданың дамуына байланысты аталмыш аймақтағы қазақ қыздары арасында орыс фабрикаларынан шыққан түрлі-түсті дайын шәлілерді тағу кең тарай бастады.

Жас қыздар да тұрмыстағы әйелдер де бұрым қоятын. Тұрмыстағы әйелдер шаштарын екі бұрым қылып өрсе, қыздар бірнеше бұрым қылып, ұшына шашбау тағатын.

Барлық жастағы әйелдер саусақтарына сакина, жүзік тақты, қолдарына білезік тақты. Шығыс Қазақстанның солтүстік, батыс аудандарында білезікті күмістен жіңішке етіп жасаса, оңтүстік аудандарында қалың етіп өрнектеп жасады. Сырғаның да әр түрі болды; жас қыздарға арнап сырғаны жүрген кезде сыңғырлаған дыбыс шығаратындай бірнеше ілмекті етіп күрделі түрін жасаған. Сыңғырлаған әуенді сырғаны қазақтар қыз балаға 10-12 жаста таққан, өйткені осы жаста болатын физиологиялық өзгерістерге байланысты қыз баланың салмақты, сабырлы болып өсуіне мән берсе керек. Әдемі жүрген кезде сырғаның да, шолшының дыбысы сазды болып келеді. Қалай болса, солай жүргенде оның әуені де құлаққа жайсыз тиетіні белгілі. Сондықтан сырға, шолпы сияқты әшекей тағу арқылы қыз баланы сымбатты, мінез-құлқы байсалды, биязы етіп тәрбиелеген. Өкінішке орай, ғылымда мұндай мәселелер жеке зерттелмеген. Сол сияқты қазақ даласындағы жеңгелер институты да өз алдына үлкен мәселе болған деп санаймыз. Ол да әлі жеке зерттеу объектісі бола қойған жоқ.

Бай қазақтар қыздарына орыс және татар көпестері әкелетін кымбат бағалы әшекейлерді сатып алып отырды.

Ал адам қайтыс болғанда киетін арнайы киім жоқ. Тек уақытша туған-туыстары ашық түсті киімдерін кимейтін. Шығыс Қазақстанда XIX ғасырда жесір әйелдер ақжелек деп аталатын астарсыз, алдамшы жеңі бар ақ шапан кисе, кейіннен оның орнына ақ шәлі жамылатын болды. Оны бүркеу деп атады.

Балалар киіміне келетін болсақ, басқа өңірлерден айтарлықтай айырмашылығы жоқ. Жаңа туған балаға ит көйлек кигізеді. Көбінесе жасқа толмаған балалардың көйлегіне көз тимес үшін әр түрлі әшекейлер мен үкі тағылатын.

Екі жастан бастап балалар көйлек кие бастайды. Қыз балалардікі ұзынырақ, ал ұл балалардікі қысқа болады.

Осылайша Қазақстанда XX ғасырдың басына қарай ұлттық киімнің негізгі элементтері сақталғанмен де орыс халқының әсерін көруге болатын. Әсіресе орыс қоныстанушыларымен тығыз байланыстағы аудан қазақтарында, оның ішінде ер адамдардың киімдерінен бұл құбылыс ерекше байқалатын.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Захарова И.В., Ходжаева Р.Д. Казахская национальная одежда. — Алма-Ата, 1964.
2. Мацкевич Н.Н. Сравнительная длина кочевков казахского населения Семипалатинской губерний. // Записки Семипалатинского подотдела Зап. Сибирского отдела ИРГО. — Вып. V. — Семипалатинск, 1912. — С. 7-15 с.
3. Руденко С.И. Очерк быта Северо-Восточных казаков // Казаки. Сборник статей. — Л.: 1930. — Вып. XV. — С. 1-62.
4. Аргынбаев Х.А. Историко-культурные связи русского и казахского народов и их влияние на материальную культуру казахов в середине XIX и нач. XX веков / По материалам Восточного Казахстана // Труды ИИАЭ, 1959. — Т. 6. Этнография. — С. 19-90.
5. Радлов В.В. Из Сибири: страницы дневника. — М.: Наука, 1989.
6. Тохтабаева Ш.Ж. Функция казахской традиционной одежды // Известия НАН РК. Сер. обществ. наук. 1994, № 16. — С. 11-20.
7. Шаханова Н.Ж. Мир традиционной культуры казахов (этнографические очерки). — Алматы: Қазақстан, 1998.

Қазақстандағы этнотілдік үрдістердің тарихи зерттелуі

Мугазима ДОСЫМОВА,

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің
ізденушісі

Ана тілі — жалпы адамдық құндылық, әрі ол ұлттық өмірдің күллі саласын тегіс қамтиды. Сондықтан да оның бір тілінің, не бір ғана этнолингвистика ғылымының шеңберінде дүниежүзлік этнолингвистикалық процеспен тұтастықта қарап отырып қоғаммен тығыз байланыста, демек қоғамдық ғылымдардың ортақ өрісінен өрбіте отырып қарастырған абзал. Адам күллі тіршіліктің иесінен тек тіл арқылы ғана дараланады, яғни адамның адамдық қасиеті тілінде. Басқаша айтқанда адам тіліменен адам. Тіл — адамдар арасындағы аса маңызды қарым-қатынас құралы. Сондықтан да тіл қоғамдық қызыметімен тіл.

Кеңес өкіметі тұсында қазақ халқы ешбір ұлт басынан кешпеген жағдайға душар болды. Қазақтардың ана тілі, ұлттың мәдениеті, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы, психологиялық ерекшелігі құрып кетудің аз ақ алдында тұрды. Отарлықтың отарлау саясатының нәтижесінде қазақ халқы алдымен ана тілінен айрылды. Тілінен, дінен айырау мақсатында республикамызда қазақ тіліндегі мектептер мен бала-бақшаларды жаба бастады. Мысалы, 1939 жылы республикамызда 4419 қазақ мектебі болса, 1985 жылы қазақтардың саны көбейгеніне қарамастан мектеп саны 2490-ға дейін қысқарды [1, 180 б.].

Сол кезеңдегі қазақ тілінің жағдайын біз М.М. Копыленко, С.Т. Сайнаның «Функционирование русского языка в различных слоях казахского населения» атты еңбегін талдау барысында көре аламыз. Сонымен қатар, қазақ тілінің қазіргі жағдайын Н.Ж. Шаймерденова, Р.А. Авакованың «Язык и этнос» атты еңгін зеріттеу барысында аңғаруға болады.

М.М. Копыленко, С.Т. Сайна «Функционирование русского языка в различных слоях казахского населения» атты еңбегінде Қазақстандағы түрлі халықтар өміріндегі орыс тілінің қызметі жайлында баяндайды. Бұл еңбекте қаралған негізгі мәселелер: сауалнама жүргізу барысында нақты әлеуметтік-этнолингвистикалық зерттеулердің әдіс-тәсілдері; сауалнаманы негіздеу сараптамасын сұрыптауы, таратуы жүргізілген сауалнамалық материалдар сараптамасы бойынша қаладағы қазақтардың аумақтық тұрағына, жасына, жынысына байланысты орыс тілін пайдалануы; жүргізілген анкеталық материалдар сараптамасы бойынша ауылдағы қазақтардың аумақтық тұрағына, жасына, біліміне, жынысына байланысты орыс тілін қолдануы; қала және ауыл тұрғындарының қоғамда орыс тілін пайдалануы; қазақ көркем әдебиетіне орыс сөзінің кіруі.

Ең бірінші алға тартылған мәселе, сауалнама жүргізудің нақты әлеуметтік-этнолингвистикалық зерттеу әдістері. Сауалнамаларды негіздеу сараптамасы сұрыптауы, таратуы қарастырылған. Автордың еңбегіндегі екінші мәселе қала

және ауыл тұрғындарының орыс тілінде сөйлеуі ақпаратты сауалнама арқылы анықталған. Қазіргі таңда да тілдік құрылымның қызметі зерттеуі сауалнама, тест, сұрақ-жауап арқылы жүргізіледі. Осы жайлы автор өз еңбегінде былай деп атап айтқан: «Поскольку целью нашей работы является выявление роли и места русского языка в различных социальных слоях и социально-речевых ситуациях, возникла задача сбора обширного и надежного материала как в городе, так и сельской местности. Столь трудоемкую задачу оказалось возможным выполнить путем использования рационального метода – анкетирования».

Этот метод конкретно-социологического исследования отличается по сравнению с другими рядом преимуществ: широким охватом информантов, минимальной затратой времени на получение ответов, анонимным их характером и достоверностью получаемых данных» [2, 17 б.].

Жүргізілген сауалнама қала қазақтарына және ауыл қазақтарына арналған. Қала қазақтарына жүргізілген сауалнама он үш сұрақты ал, ауыл қазақтарына он екі сұрақты камтиды. Сұрақтар әлеуметтік-демографиялық және тілдік болып екі категорияға бөлінген.

Бірінші категория бойынша – ақпаратшыны әлеуметтік, білімділік, жасы, туған жері және ұзақ уақыт тұратын тұрағына байланысты саралап жіктеу басшылыққа алынса, екіншіден – демографиялық санақ факторы, тұрғылықты қала және ауыл қазақтарының қазақ тіліне нақты дәлел бола алатыны жайында анықтаған.

Сауалнама жүргізу барысында ақпарат берушілердің тұратын аумағында қанша жасынан және сол аумақта орыс тілінің қалай әсер етуі анықталады. Бұл еңбекте тілге байланысты сұрақтар үш түрде қаралады: кәсіптілік (қазақ-орыс), қазақ тілі, орыс тілі.

Еңбекте зерттеу барысындағы анықтамалар бойынша кәсіптіліктің тұрған ортасына байланысты қалыптасатындығы айқындалған. Мәселен, орыс-қазақ тілін білу әлеуметтік топтар арасында салыстырмалы түрде анықталған. Мәселен, тұрғылықты қала тұрғыны қазақ мектебін бітірсе де орыс тілін жақсы біліп шығады. Тіпті қалада бес жыл тұрып орыс тілін жақсы меңгереді десе де болады. Оның себебі бәрімізге де айқын. Атап айтар болсақ КСРО кезеңінде орыс тілін білмеген қазақты адам санатына қосудан қалдырды деп айтсақ артық кетпеген болар едік. Барлық іс қағаздары, жұмыс орны, мектеп, бала-бақша орыс тілінде болды. Сондықтан да, орыс тілін білмеген қазақ орыс тілін үйренуге мәжбүр болды. Ғалымдар еңбектерінен сауалнаманың төрт облыста жүргізгенін байқаймыз Оларға Алматы, Қызыл-Орда, Көкшетау, Семей облыстары жатады. Осы облыстарда кәсіптілік және орыс тілі деңгейі жөнінде былай делінген:

«Алматы – столица республики, административный, научный и культурный центр, город с развитой промышленностью. Количество казахско-русских bilingual – наибольшее по республике, что послужило критерием для измерения роли и места русского языка и жизни казахов».

Кокчетав представляет пеструю картину совместного проживания на одной территории казахов, русских, украинцев, немцев и др. Русский язык выполняет функцию языка межнационального общения. Диапазон его использования широк, охватывает сферы не только общественной, но и семейной жизни.

Семипалатинск – центр культуры и просвещения, где русский язык всегда занимал особое положение. Здесь казахи живут в длительном и тесном контакте

с русскими. Наблюдения показали, что все возрастные слои казахского населения владеют русским языком в одинаковой мере хорошо.

Қызыл-Орда – бывшая столица республики, где особо развиты и сохранены народные традиции и национальное творчество. Основное население составляют казахи и представители других тюркских национальностей – узбеки, татары которые общаются между собой на любом из тюркских языков» [2, с. 25-26].

Сауалнама 16 жастан бастап ересек адамдар арасында жүргізілді. Себебі, 16 жастан бастап жастар әлеуметтік қоғамға кіргізіледі, орташа білімі бар, өз бетінше қызығушылықтары мен қоғамда бір-бірімен қарым-қатынаста болады.

